

А.В.СЕНКЕВИЧ

ЭЕМ СӘУЛЕТІ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ

ОҚУЛЫҚ

«Білім беруді дамыту федералдық институты» («БДФИ» ФМAM) жанындағы федералды мемлекеттік мекемесі тарапынан «Компьютер желілері», ББ.07; «Компьютер жүйелерін бағдарламаландыру», ББ.08; «Қолданбалы информатика (салалары бойынша)», ББ.08 мамандықтары бойынша орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелерінің оқу процесінде пайдалану үшін оқулық ретінде ұсынған

*Пікірді тіркеу номері №312
«БДФИ» ФМAM 2012 ж. 25 маусым*

3-басылым, стереотипті



**Мәскеу
«Академия» Баспа орталығы
2016**

ӘОЖ 004.2(075.32)
КБЖ 32.973-02ші723
С312

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,
«Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір берушілер:

РФ Халық шаруашылығы академиясы жанындағы

Мәскеу автомобиль жасау колледжі Компьютерлік оқыту орталығының
зертхана меңгерушісі *А.А. Соломашкин*;

Санкт-Петербург кеме жасау компаниясының бас конструкторының
орынбасары *П.А.Шелев*

А. В.Сенкевич

С312 ЭЕМ сәулеті және есептеу жүйелері: орта кәс. білім

мекемелерінің студ.арналған оқулық / А. В. Сенкевич. – 3-бас.,
стер. – М.: «Академия» Баспа орталығы.

ISBN 978-601-333-312-0 (каз)

ISBN 978-5-4468-3299-6 (рус)

Оқулық «Информатика және есептеу техникасы»; «ЭЕМ сәулеті және есептеу жүйелері» ББіріленген топтарының мамандықтары бойынша орта кәсіби білімнің Федералдық мемлекеттік білім мен кәсіби білім стандартына сәйкес жасалған. Сандық есептеу жүйелері мен олардың сәулеттік ерекшеліктері, жүйенің негізгі логикалық блоктарының жұмысы, бірнеше процессорлы және бірнеше ядролы жүйелердегі есептеулер, кәш-жадылар қарастырылған. Есептеу платформаларына жіктеу жасалған. Бірнеше процессорлы және бірнеше ядролы жүйелердің жұмыс өнімділігін арттыру әдістері сипатталған.

Орта кәсіби білім мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 004.2(075.32)

КБЖ 32.973-02ші723

© А.В.Сенкевич, 2014

ISBN 978-601-333-312-0 (каз)

© «Академия» Оқыту-баспа орталығы, 2014

ISBN 978-5-4468-3299-6 (рус)

© Рәсімдеу. «Академия» Баспа орталығы, 2014

Құрметті оқырман!

Аталмыш оқулық «Информатика және есептеу техникасы» күрделендірілген топтарының мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік кешенінің бөлігі болып табылады және «Аппаратты құралдар сәулеті», «Компьютерлік жүйелер сәулеті», «Сәулет негіздері, есептеу жүйелерінің құрылғысы мен функциясы», «Электронды-есептеу машиналарының сәулеті және есептеу жүйелері» жалпы кәсіптік пәндерін меңгеруге арналған.

Жаңа ұрпақты оқу-әдістемелік құралдарының кешендері жалпы білім беретін және жалпы кәсіптік пәндер мен кәсіби модульдерді меңгеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарын қамтиды. Әр кешен жалпы және кәсіптік құзіреттерді меңгеруге қажетті, соның ішінде жұмыс берушінің талаптарын ескерумен оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту және бақылау құралдарын қамтиды.

Оқу басылымдары электронды білім беру ресурстарымен толықтырылып отырады. Электронды ресурстар интерактивті жаттығулар мен жаттықтырушылары бар теориялық және практикалық модульдерден, мультимедиялық нысандардан, қосымша материалдарға сілтемелер мен Интернет ресурстарынан тұрады. Олардың құрылымында оқу процесінің негізгі параметрлері бекітілген терминологиялық сөздік пен электронды журнал кіріктірілген: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмаларды орындау нәтижесі. Электронды ресурстар оқу процесіне жеңіл енгізіледі және түрлі оқу бағдарламаларына бейімделе алады.

I БӨЛІМ

ЭЕМ СӘУЛЕТІ ЖӘНЕ ЖАСАУ ПРИНЦИПТЕРІ

- 1 тарау. ЭЕМ қысқаша даму тарихы
- 2 тарау. ЭЕМ ақпаратты ұсыну
- 3 тарау. ЭЕМ базалық элементтері
- 4 тарау. Есептеу машинасының құрылымы
- 5 тарау. Жады
- 6 тарау. Орталық процессор
- 7 тарау. Басқару құрылғысы және шиналар
- 8 тарау. Шығару-енгізу
- 9 тарау. Жүйелік тақ

ЭЕМ ДАМУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

1.1. МЕХАНИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУ МАШИНАЛАРЫНЫҢ ҚЫСҚАША ДАМУ ТАРИХЫ

Сандық есептеу техникасының құралдарының қалыптасу тарихы өте ерте ғасырлардан басталады.

XVII 30 жылдарында Мадрид ұлттық кітапханасында ғалымдар 13 разрядты ондық сандарды қоса алатын, Леонардо Да Винчи (1452– 1519) жасаған он тісті дөңгелектері бар, 13 разрядты қосу құрылғысының эскизін ойлап тапты. Ал қазіргі уақытта оны IBM фирмасы көшіріп, ол жұмысқа толығымен қабілетті болып шықты.

Тағы да бір еуропалық - неміс ғалымы Вильгельм Шиккард (1592–1636) алты разрядты ондық сандарды қосу және көбейтуге арналған есептеу машинасын жасау үшін өз шешімін ұсынды. 1623 жылы поляк астрономы И. Кеплерге хатында ол машинаның суретін келтіріп, оның қалай жасалғанын айтады. 1960 жылдардың басында Тюбинген университетінің қызметкерлері Шиккард машинасының қолданыстағы үлгісін жасады.

1641-1642 жж. сол кезде аса танымал емес жиырма жасар француз ғалымы Блез Паскаль (1623– 1662) салықтарды жинауда орындалатын есептеулерге арналған қолданыстағы қосу машинасын жасап шығарды. Одан кейінгі жылдары ол машиналардың шамамен 50 жетілдірілген үлгілерін жасады. Олар алты және сегіз разрядты және тісті дөңгелектер негізінде жасалды. Бұл жинақтауыштар ондық сандарды қосу және азайтуды орындай алды. 1673 жылы басқа ұлы еуропалық неміс ғалымы Вильгельм Готфрид Лейбниц (1646–1716) Паскальдың машинасынан асып түскен, түбірді анықтай алатын, дәрежені шығаратын, көбейтетін және бөлетін есептеу машинасын жасап шығарды. Лейбництің машинасы туралы Еуропаның көптеген елдеріне белгілі болды.

ЭЕМ-да екі ғасырдан астам уақыттан кейін пайда болған арифметикалық операцияларды орындайтын құрылғы «арифметикалық құрылғы» атауына ие болды. Кейінірек логикалық әрекеттер тобының қосылуына қарай оны арифметикалық-логикалық құрылғы (АЛК) деп атай бастады. Ол қазіргі компьютерлердің негізгі құрылғысы болды.

Алайда В.Лейбництің еңбектері арифметикалық құрылғыны жасаумен шектелмейді. Студенттік жылдардан бастап өмірінің соңына дейін ол компьютерлерді жасауда әрі қарай негіз болған екілік есептеу жүйесінің қасиеттерін зерттеумен айналысты. Аталған зерттеулердің нәтижесі 1703 жылы жазылған екілік жүйені пайдалану туралы «Explication de l'Arithmetique Binary» трактаты болды.

1723 жылы Лондон патшалық қоғамының мүшесі, неміс математигі, физик, астроном Христиан Людвиг Герстен арифметикалық машинаны ойлап табуда және оны жасауда келесі қадамды жасады. Герстеннің машинасы онда алғаш рет сандарды көбейту кезінде қажет қосудың жүйелі операцияларының санын және жекені санауға арналған құрылғы қолданылғанымен, сондай ақ екінші қосылғышты енгізуді бақылау (орнату) мүмкіндігі көзделгендігімен ерекше, ол есептегіштің тозуына байланысты субъективті қате ықтималдығын төмендетеді.

Әр түрлі өнертапқыштар құрастырған қағазда немесе практикада ондық сандарды пайдаланатын есептеуіш машиналардың көптеген нұсқалары бар. Қарастырылған машиналардың кейбір сипатамаларын салыстырайық (1.1-кесте)

1.1- Кесте		
Машиналар	Разрядтылығы	Әрекеттер
Леонардо да Винчидің сандық жинақтауыштар	13	Ондық сандарды қосу
В. Шиккардтың есептеу машинасы	6	Ондық сандарды қосу және көбейту
Б. Паскальдің қосу машинасы	6 және 8	Ондық сандарды қосу және алу
В. Г. Лейбництің есептеу машинасы	2 бастап 12 дейін	Түбір сандарды қосу, азайту, шығару, дәрежеге алу, көбейту және бөлу
Х. Л. Герстеннің арифметикалық машинасы	Нұсқалар	Бөліндіні және сандарды көбейту кезіндегі қосудың кезектес операцияларының санын есептеді. Сонымен қоса, онда мәліметтерді енгізу дұрыстығын бақылау мүмкіндігі қарастырылған

1799 ж. Францияда Жозеф Мари Жакард (1752– 1834) матада өрнек салу үшін перфокарталар пайдаланылған тігін білдегін ойлап тапты.

Механикалық типті сандық есептеу құрылғыларының аяқтау қадамын ағылшын ғалымы Чарльз Беббидж (1791 – 1871) жасады. 1836– 1848 жж. ол аналитикалық машинаның жобасын әзірледі, ол жүзжылдықтан кейін пайда болған ЭЕМ механикалық прототипі болды. Онда келесі компоненттердің болуы көзделді: арифметикалық құрылғы, жады құрылғысы, басқару құрылғысы, енгізу-шығару құрылғылары.

Арифметикалық құрылғы және жады құрылғысы үшін тісті дөңгелектер пайдаланылды. Орындау бағдарлаасы перфокарталарға (тесулермен) жазылды, оларға бастапқы деректер және есептеулер нәтижелері жазылды. Операциялар санына төрт арифметикалықтан басқа командалар кодтары бар операциялар және шартты ауысу операциясы қосылды. Есептеулер бағдарламасын автоматты орындау басқару құрылғысы қамтамасыз етілді. Екі 50-разрядты ондық сандарды қосу уақыты ғалымның есептеулері бойынша 1 с, көбейту – 1 мин. құрады.

Бebbидждің машинасы үшін Байронның қызы Ада Августа Лавлейс (1815–1852) алғашқы ЭЕМ бағдарламаларына қатты ұқсас бағдарламаларды жазды. Ада Августа Лавлейстің әлемдегі бірінші бағдарламашы деп аталуы кездейсоқтық емес.

Ч.Бebbидж және А.Лавлейстың барлық тырысуларына қарамастан, машинаны жасап шығару мүмкін болмады.

Өз уақытында Джордж Буль де басып озды (1815–1864). Оның жасап шығарған логика алгебрасы (Буль алгебрасы) тек есептеудің екілік жүйесін пайдаланатын, ЭЕМ сызбаларын жобалауға арналған математикалық аппарат қажет болған келесі ғасырда ғана қолданыла бастады.

Неміс студенті Конрад Цузе (1910–1985) Бebbидждің машинасы туралы да, Лейбництің жұмыстары да, Бульдың алгебрасы туралы да ештеңе білмей тұрып, инженер дипломын алардан бір жыл бұрын 1934 жылы әрекет ету принципі бойынша Бebbидждің машинасына ұқсас машинаны жасау бойынша жұмысқа кірісіп кетті. Дегенмен ол В.Лейбництің және Дж.Бульдің лайықты мұрагері болып шықты, себебі есептеудің ұмытылып кеткен екілік жүйесіне өмір берді, ал сызбаларды есептеуде бульдік алгебраға ұқсас дүниені пайдаланды. 1937 жылы Z1 («Цузе 1» білдірді) машинасы дайындалып, жұмысын бастады! Ол Бebbидж машинасына ұқсас таза механикалық болды. Екілік жүйені пайдалану таңғажайып затты тудырды – машина өнертапқыш пәтеріндегі үстелдегі бар болғаны екі шаршы метрді ғана алды! Сандар мен бағдарлама қолмен енгізілді.

Z1 машинасы сенімсіз болып шықты, сондықтан К.Цузе әзірлеуге көп

көңіл бөлген механикалық есте сақтау құрылғысын сақтаумен оларды электромеханикалық релемен ауыстырып, механикалық элементтерден бас тартуды шешеді.

1.2. ЭЛЕКТРОМЕХАНИКАЛЫҚ САНДЫҚ ЕСЕПТЕУ МАШИНАЛАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Бір жылдан кейін машинада кинотаспаны пайдаланған, ақпарат перфорацияланған деректер мен бағдарламаларды енгізу құрылғысы пайда болды. Арифметикалық құрылғыда механиканың орнына телефондық реле пайда болды. 1941 ж. Цузе Г. Шрайердің қатысуымен 2000 релесі бар бағдарламалық басқаруы бар (Z3) релелік есептеу машинасын жасап шығарды. Ол әлемдегі бірінші бағдарламалық басқарылуы бар толығымен релелік сандық есептеу машинасы болды және де жемісті пайдаланылды. Z3 қысқаша сипаттамалары:

- 9 арифметикалық бір адресі командалар: қосу, есептеу, бөлу, шаршы түбірді алу, $\frac{1}{2}$, 2, 10, $\sqrt{10}$ және 1-ге көбейту;

- бағдарлама 8-каналды перфотаспаға (кинотаспа) орналастырылды;

- қалқыма нүктесі бар екілік санмен жұмыс;

- қосу операциясын орындау уақыты – 0,3 с;

- көбейту операциясын орындау уақыты – 0,3 және 4 – 5 с;

- деректерді пернелік енгізу;

- жарықтық таблоға нәтижелерді шығару;

- 64 санды (әрқайсысы 22 бит) сыйғызатын және 2 600 релесі бар CҚ қосқанда, машина таза релелік болды;

- шартты ауысу командалары болмады, ол тармақталған алгоритмдері бар күрделі тапсырмаларды шешуге мүмкіндік бермеді.

1944 ж. Гарвард университетінің ғалымы Говард Айкен (1900-1973) АҚШ-тағы алғаш (ол кезде әлемдегі бірінші болып есептелген!) релелік-механикалық сандық есептеу машинасы MARK-1 жасап шығарды. Өзінің сипаттамалары бойынша (өнімділігі және жадыкөлемі) ол Z3-ке жақын болды, бірақ өлшемдерімен айтарлықтай ерекшеленді (ұзындығы 17 м, биіктігі 2,5м, салмағы 5 т және механикалық бөлшектерінің саны 500 мың).

Есептеу машинасында есептеудің ондық жүйесі пайдаланылды. Осындай машинаның тамаша қасиеті оның сенімділігі болды. Гарвард университетінде орнатылған ол 16 жыл жұмыс істеді!

МАРК-1-ден кейін ғалым тағы да үш машинаны (МАРК-2, МАРК-3 және МАРК-4) жасады - оларда да электронды шамдарды емес, релені пайдаланып құрастырды, бұны соңғылардың сенімсіздігімен түсіндірді.

1943 ж. сәуірде АҚШ-тағы Абердин артиллериялық полигоны мен Пенсильваниялық университетінің арасында электронды сандық интегратор және компьютер (ЭНИАК) деп аталған, есептеу машинасын жасауға келісімшарт жасалды. Жұмыстың жетекшілері физик Джон Мочли (1907– 1986) және инженер- электроншы Преспер Эккерт (1919– 1995) болды.

1945 ж. соңында ЭНИАК сынаққа ұсынылды және одан тамаша сүрінбей өтті. Бұл машинада 18 000 электр шамдары және 1 500 электр механикалық реле болды, ол өнімділігі - секундына 5 000 операцияны қамтамасыз етті. 1946 ж. басында машина нақты тапсырмаларды есептей бастады. Өлшемдері бойынша МАРК-1-ге қарағанда айтарлықтай әсерлі болды: ұзындығы 26 м, биіктігі 6 м, салмағы 35 т. Бірақ көлемі емес, өнімділігі таңқалдырды - оның өнімділігі МАРК-1 1 000 есеге асып түсті! Электронды шамдарды пайдаланудың нәтижесі осындай болды. ЭНИАК қалғанында МАРК-1-ден мүлде ерекшеленбеді. Онда есептеудің ондық жүйесі қолданылды. 1946 ж. ЭЕМ дәуірінің басталуы деп есептеуге болады.

1.3. ФОН НЕЙМАННЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

1946 ж. Нейман, Голдстайн мен Беркс (үшеуі де Перспективалы зерттеулердің Принстондық институтында жұмыс істеді) есеп жасады ("Құрылғыларды логикалық құрылымдауды алдын ала талқылау", маусым 1946 ж.), онда сандық электронды есептеу машиналарын құрастыру принциптері ашық және жете сипаттамасы берілген болатын.

Есепте баяндалған принциптер келесіге келіп тоғысады.

1. Электронды элементтердегі машиналар ондықта емес, есептеу ал екілік жүйесінде жұмыс істеуі тиіс.

2. Бағдарлама машина блоктарының бірінде - жеткілікті сыйымдылыққа және іріктеудің тиісті жылдамдықтарына ие сақтау құрылғысында орналастырылуы тиіс.

3. Бағдарлама, машина операциялайтын сандар сияқты екілік кодта жазылады. Осылайша, команданы ұсынылу нысаны бойынша командалар және сандар да біртүрлі. Бұл жағдай мынадай маңызды

салдарларғаға әкеледі:

- аралық есептеу нәтижелері, константалар және басқа сандар бағдарлама сияқты сақтау құрылғысында орналасуы мүмкін;
- бағдарламаның сандық нысаны бағдарлама командалары кодталған шамаларға операциялар жасауға мүмкіндік береді.

4. Жылдам әрекет етуі логикалық сызбасының жұмыс істеу жылдамығына сай келетінсақтау құрылғысын физикалық жүзеге асырудағы қиындықтар, жадыны иерархиялық ұйымдастыруды талап етеді.

5. Машинаның арифметикалық құрылғысы қосу операциясын орындайтын сызбалардың негізінде жасалады, басқа операцияларды орындау үшін арнайы құрылғыларды жасап шығару орынсыз.

6. Машинада есептеу процессін ұйымдастырудың параллель принципі пайдаланылады (сөздермен операциялар барлық разрядтар бойынша біруақытта жасалады).

ЭЕМ жасаудың айтылған принциптері осы есепке дейін де айтылған болатын. Бірақ Нейманның, Голдстайнның және Беркстің сандық есептеу машиналарын жасаудың жинақталған тәжірибесін жалпылап машиналарды сызбалық (техникалық) сипаттаулардан олардың жалпыланған логикалық айқын құрылымына көше білген еңбегі , , теориялық маңызды негіздерден (Тьюрингтің машинасы) ЭЕМ нақты жасау тәжірибесіне маңызды қадам жасады. Дж. фон Нейманның есімі есептергеназар аударар алса, ал оларда айтылған ЭЕМ принциптері мен құрылымы фон-неймандық атауына алды.

Дж. фон Нейманның басшылығымен 1952 ж. тағы да бір электронды шамдардағы МАНИАК (сутегі бомбасын жасауға арналған есептер үшін) машинасы, ал 1954 ж. тағы біреуі, бірақ Дж. фон Нейманның қатысуынсыз жасалды. Соңғысы ғалым «Джониак» құрметіне аталды. Өкінішке орай, бар болғаны үш жылдан кейін Дж. фон Нейман қатты науқастанып, қайтыс болды.

1.4. ТЬЮРИНГ МАШИНАСЫ

Бағдарламаларды оперативті жадыда сақтау және қазіргі компьютерлердің негізгі қасиеттерін теориялық негіздеу идеясын 1936 ж. данышпан математик, сол кездері өзінің "Есептелетін сандар туралы" тамаша еңбегін жариялаған Алан Тьюринг айтқан болатын (1912–1953).

Алгоритмнің барынша маңызды белгісі (ақпаратты өңдеуге

тапсырмалар) - бұл оны орындаудың механикалық сипатының мүмкіндігі екенін болжай отырып, А. Тьюринг алгоритмдерді зерттеу үшін "Тьюринг машинасы" атауына ие болған, абстрактылы машинаны ұсынды. Онда ол келесі компоненттерден тұратын қазіргі компьютерлердің негізгі қасиеттерін алдын ала білді:

- сақтау құрылғысы (белгілі бір тәртіпте нөмірлер жазылатын жады ұяшықтарына бөлінген ақпарат қоймасы);
- орындаушы құрылғылар (олардан есептеу құралатын сан-алуан жеке операцияларды орындайтын машинаның бөлігі,);
- бақылағыш құрылғы (бұл операциялар берілген алгоритмге - "командалар кестесіне" сәйкес - қатесіз және дұрыс тәртіпте орындалуын бақылау).

Ғалымның көрнекті жаңалығы физикалық тұрғыда жүзеге асыруға болатын формалды логикалық есептеулер, адам ақылының жұмысы және машинаның әрекеттері арасындағы үштік сәйкестікті анықтау болып табылды. Тьюринг машинасының тұжырымы есептеулер мен есептелудің қазіргі теориясының іргетасы болды. Оперативтік жадыдағы бағдарламаларды орналастыру идеясын 1938-1941 жж. Айова штатының ауылшаруашылық училищесінде жұмыс істеген профессор математик, тумасы бойынша болгарлық Джон Атанасов (1903-1996) жүзеге асырған. Джон Атанасов өзінің көмекшісі Клиффорд Беримен бірге алгебралық теңдеулер жүйелерін шешуге арналған мамандандырылған сандық есептеу машинасының (екілік есептеу жүйесін пайдаланумен!) үлгісін әзірледі. Макет 300 электронды шамдарды қамтыды, конденсаторларда жады болды. Осылайша, компьютерлер саласындағы шамдық техниканың пионері Атанасов болып шықты.

1950 жж. басында АҚШ-та үкіметтің бастамасы бойынша "Компьютерлер америкалықтардың өмір сүру салтына қауіп төндіре ме?" тақырыбында қоғамдық пікірталас кең етек жайды. Әлеуметтік салдарлардың сараптамасына кибернетика саласында белсенді жұмыс істеген әлемдік атақтары бар ғалымдар: Дж. фон Нейман, Н. Винер, К. Шеннон және т.б. қосылған. Жан-жақты және тәуелсіз сараптаманың кесімі өзінің көрегендігімен таң қалдырады: сауатты пайдаланған жағдайда компьютер ерікті бәсекелестікке негізделген қоғамның ұстанымдарын күшейте түседі.

1940 жж. соңында ЭЕМ жасалуына тек үш ел: АҚШ, Англия, КСРО ғана дайын болып шықты.

Есептеу техникасы (ЕТ) құралдарын әзірлеу, дамыту және қолдану үшін келесі күйлер қажет:

- ЕТ құралдарын қолданусыз шешім қабылдауға келмейтін ауқымды өзекті міндеттерді қою;
- ЕТ әзірлеу мен қолдануға арналған техникалық инфрақұрылымның және озық технологиялардың болуы;
- аталмыш салада кадрлар даярлығын жүргізуге қабілетті профессорлық-оқытушылық құрамы бар ЖОО - ның болуы.

КСРО-да бұл жағдайлар болды. Алғашқы сандық ЭЕМ пайда болғанға дейін есептеулерді автоматтандыру теориясы мен практикасы саласында қомақты әзірлемелер жасалған болатын. Белгілі математиктер және механиктер – М. А. Лаврентьев, А.А.Дородницын, М. В. Келдыш, А. Н. Тихонов, А. А. Самарский, Г. И. Марчук және т.б. - тек сандық әдістер теориясын дамытып қана қоймай, сонымен қатар жаңа нәтижелерді маңызды практикалық пайдалану салаларына дейін жеткізді.

Ұқсас есептеу машиналарын әзірлеуде және енгізуде КСРО әлемдік масштабтағы көшбасшы болып табылды. Осылайша, В. С. Лукьянов гидроинтегратор жасады, оның көмегімен сан-алуан тапсырмалар шешілді, мысалы:

- гидрокұрылыстарға арналған суды стационарлық емес фильтрлеу;
- пайдаланылатын мұнай кен орындарының динамикасы;
- мәңгі тондағы жылу желілерінің жұмысы;
- уақыт масштабын басқару.

Мысалы, ондаған және жүздеген мың жылдар бойы табиғатта болған елдің солтүстігіндегі мұздықтардың түзілу процесін он минуттың ішінде үлгілеуге болады, ал секундтың оныншы үлесінде болатын электр доғалық дәнекерлеу процесін ондаған минуттарға дейінгі уақытқа "созуға" болады.

Алайда ұқсас машиналар көптеген мәселелерді шеше алмады. Сандық электронды есептеу машиналарына (ЭЕМ) көшу түбегейлі серпіліс болды. Әмбебап машиналық есептеудің іргелі принциптерін КСРО ғалымдары шетелдік әріптестерден тәуелсіз ашқан болатын.

1940 жж. екінші жартысында С. А. Лебедев, ЭЕМ отандық

әзірлемелерді негіздеуші академик болып, ЭЕМ құрылымын жасаудың әмбебап принциптерін әзірлеген болатын. 1947 ж. ол сақталатын бағдарламасы бар әмбебап ЭЕМ жобасын әзірлеуді бастады. Бұл ШЭЕМ - шағын (макеттік) электронды есептеу машинасы - КСРО-дағы алғашқы әмбебап шамды ЭЕМ болды. 1950 ж. ресми тұрғыда қолдансықа енгізілді.

1952 - 1953 жж. ШЭЕМ Еуропадағы ең жылдам әрекет ететін және практикалық тұрғыда тұрақты түрде пайдаланылатын ЭЕМ болды. Құрылымдық ол макет түрінде дайындалды. Машинаны жасау бойынша жұмыс ғылыми-зерттеу сипатына ие болды және мақсаты әмбебап СЕМ жасап шығарудың жалпы қағидаттарын сынамалық тексеру болды.

Машинаның негізгі параметрлері мынадай:

- база – 7 500 электронды шамдар;
- жылдам әрекет ету – 1 с 50 операциялар;
- СҚ оперативті сыйымдылығы – 31 сан және 63 командалар;
- сандарды ұсыну – үлкен разрядтың алдында үтірмен белгіленген

16 екілік разрядтар;

■ үш адрестік командалар, ұзындығы 20 екілік разрядты (олардың ішінде 4 разряд - операция коды);

■ жұмыс жиілігі – 5 кГц; 31 санға және 63 командаларға тұрақты (штекерлік) СҚ;

■ сыйымдылығы 5 000 сөз магнитті барабандағы қосымша СҚ қосу мүмкіндігі;

■ тұтынылатын қуаттылығы 25 кВт құрады;

■ машина 64 м² алаңда орналасты.

Отандық ЭЕМ дамытудағы басқа бағыт академик И. С. Бруктың есімімен байланысты. Егер академик С. А. Лебедевтің мектебі техникалық базаның әр ұрпағы үшін өнімділігі өте жоғары ЭЕМ жасау бағытында салынса, онда И. С. Бруктың мектебі басынан бастап шағын және орташа ЭЕМ классына бағытталды, олар үшін баға өнімділігі және теңестірілген кешен сипаттамалары маңызды көрсеткіш болып табылады. 1948 ж. И. С. Брук пен Б.И.Рамеев КСРО-да алғаш рет ЭЕМ саласындағы өнертабысқа авторлық куәлікті алды.

Есептеу техникасы бізде стратегиялық қорғаныс тепе-теңдігіне қол жеткізу мен оны сақтап қалу мәселесінің арнасында жеткілікті дәрежеде ұзақ және нәтижелі дамыды. Мәскеуде СКБ-245 есептеу-талдау машиналары (ЕТМ) зауыты және есептеу маш. ҒЗИ институты жасады. Барлық үш ұйымды М.А.Лесечко басқарған. СКБ-да үлкен "Стрела" ЭЕМ әзірлеуге, ал одан кейін оның сериялық өндірісіне кірісті. "Жебе" - жалпы мақсаттағы сандық есептеу машинасы 1953 жылы Ю. Я. Базилевскийдің және Б.И.Рамеевтің басшылығымен әзірленді. 1953 ж. "Стреланы" мемлекеттік комиссия пайдалануға қабылдады, ал 1954 ж. ЭЕМ сериялық

шығарылымы басталды. 1954 ж. - бұл отандық ЭЕМ индустриясының қалыптасу жылы. Машиналардың бірі КСРО ҒА Энергетикалық институтында 15 жыл жұмыс істеді.

6000 электронды шамдардан жасалған "Стреланың" 1 с құбылмалы үтірі бар 2 мың үш адрестік операцияларды есептеудің орташа өнімділігі болды; пайдалы машиналық уақыты - тәулігіне 18 сағ. дейін. "Стрела" икемді бағдарламалау жүйесімен ерекшеленді. Әртүрлі топтық арифметикалық және логикалық операциялардың түрлері, шартты ауысулар мен ауыспалы стандартты бағдарламалар, сондай-ақ бақылау тесттерінің жүйесі және ұйымдастырушы бағдарламалар әртүрлі тақырыптық бағыттардағы тиімді бағдарламалар кітапханаларды құруға, бағдарламалауды автоматтандыруды жүзеге асыруға және математикалық тапсырмалардың ауқымды тобын шешуге (көлемі 108 және одан да артық операциялар) мүмкіндік берді.

Сол 1953 ж. ЖЭЭЕМ - жылдам әрекет ететін электронды есептеу машинасы (жылдам әрекет етуі секундына 8 000 операция), КСРО ҒА Нақты механика және есептеу техникасы институтында әзірленген сандық есептеу машиналар сериясының ізін бастаушысы болды. ЖЭЭЕМ - бірінші қазіргі әмбебап СЕМ бірі, электронды шамдармен жасалған және ғылыми-инженерлік тапсырмаларды шешуге арналған. Бір данада ғана жасалып 1953 ж. бастап жұмыс істеді. Одан әрі бұл машина жетілдірілді, ол келесі серияда көрініс тапты: 1953 ж. – ЖЭЭЕМ, 1954 ж. – ЖЭЭЕМ -1, 1958 ж. – ЖЭЭЕМ -2, 1964 ж. – ЖЭЭЕМ -3М, 1966 ж. – ЖЭЭЕМ -4, 1967 ж. – БЭСМ-6.

Академик С.А.Лебедевтің 1956 ж. Дармштад қаласындағы конференциядағы баяндамасы күшті әсер туғызды. ЖЭЭЕМ Еуропадағы үздік ЭЕМ болып танылды.

Басты құрастырушысы С.А.Лебедев және басты құрастырушының орынбасары В. А. Мельников болған ЖЭЭЕМ-6 сол кездегі әмбебап ЭЕМ ішінде әлемдегі өнімділігі ең жоғарылардың бірі болды.

ЖЭЭЕМ-6 машинасының негізгі техникалық сипаттамасы мынадай:

- жылдам әрекет етуі – секундына шамамен 1 млн, операция(оп./с);
- ОСҚ көлемі – 32-ден 128 мыңға дейінгі машина сөздері;
- құбылмалы үтірмен қосуды орындау уақыты – 1,1 мкс;
- көбейту уақыты – 1,9 мкс;
- бөлу уақыты – 4,9 мкс;
- логикалық кіші разрядты операцияларды орындау уақыты – 0,5 мкс;
- арифметикалық құрылғының жұмысы жадыдан операндаларды іріктеумен біріктірілген;
- машина сөздерінің разрядтылығы – 48 екілік разрядтар;

- магнитті барабандағы аралық жадының көлемі – 512 мың сөз.
- орталық процессорға 32 таспартушы тетіктер қосылуы мүмкін, әрқайсысының сыйымдылығы 1 млн сөзге дейін.
- Енгізу-шығару құрылғысының құрамына:
 - екі әліпбилік-сандық шығару құрылғысы (минутына 400 жол);
 - перфокартаға шығаратын екі құрылғы (ПИ-80);
 - перфотаспаға шығаратын төрт құрылғы;
 - перфотаспадан енгізетін төрт құрылғы;
 - перфокартадан енгізетін екі құрылғы (ВУ-700 немесе УВвК-601); 24 телетайп кіреді.

Сонымен қатар, ЖЭЭМ-6 дисктер мен график салушыларды қосу мүмкін, алайда 1970 ж. дейін дайындаушы зауыттан келіп түскен машиналардың жинақталымына бұл маңызды жабдық кірмеген. ЖЭЭМ-6 сериялық машиналарының құрамына дисктер 1972 ж. ғана қосылды.

Одан әрі ЖЭЭМ-6 бірлескен жаңа машина - "Эльбрус Б" жасалды, ЖЭЭМ қарағанда, ол айтарлықтай өте жылдам. Соңғы ЖЭЭМ 1990 жж. ортасында қайта құрастырылды. 1951 - 1954 жж. параллель түрде Мәскеуде басқа ЭЕМ бойынша жұмыстар жалғастырылды.

1952 ж. басында И.С. Бруктің басшылығымен КСРО ҒА Энергетикалық институтының (ЭНИИ) электр жүйелері зертханасында А. Н. Мямлин жасаған М-1 пайдалануға енгізілді. М-1 отандық есептеу техникасын дамытуда жаңа бағытты ашты – басым түрде шағын ЭЕМ ғылыми қолданулар үшін.

Осылайша, маңызды мемлекеттік тапсырмаларды (атомдық өнеркәсіп, ядролық жарылыс есептеулері, зымыран-ғарыштық тақырып) шешу үшін елде өзінің сипаты бойынша америкалық ЭЕМ-дерден кем түспейтін өнеркәсіптік шығарылатын бірінші ЭЕМ жасау қамтамасыз етілді.

1956 ж. алдыңғы тәжібені пайдалана отырып, сериялық өндіріс үшін барынша жаңа өнімділігі жоғары ЭЕМ дайындау шешімі қабылданды. Бұл машина М-20 шифрын алды. ЭЕМ М-20 - бұл жалпы мақсаттағы электронды есептеу машинасы.

М-20 машинасының негізгі техникалық сипаттамалары төмендегідей:

- сандарды ұсыну жүйесі – құбылмалы үтірі бар екілік, сандар кодтары үшін разрядтар саны – 45;
- ферритті өзекшелердегі жадының көлемі 4 096 сөз, магнитті барабандар мен таспалардағы сыртқы жады;
- машина жеті шкафта жиналған және 170– 200 м² ауданды алды;
- орташа өнімділігі – 20 мың оп./с;
- желіден тұтынылатын қуаттылығы 220 В/50 Гц – 50 кВт (салқындату жүйесінсіз).

ЭЕМ М-20 әлемдегі бірінші ұрпақтың жылдам әрекет ететін және

сенімді машиналардың бірі болды.

М-20 машиналарымен Ғылым академиясы институттарының және ведомстваларының барлық ірі есептеу орталықтарын жабдықтады.

Маңызды жаңа жетістік барабанның бетінен ең аз саңылауы бар ауаның аралық қабатында "құбылмалы" бастиегі бар, бірақ жанасу қаупі жоқ магнитті барабандарын әзірлеу болды, ол магнитті барабандағы сақтау құрылғысының (СК) сыйымдылығын және жұмыс жасау жылдамдығын арттыруға әкелді.

Осы және басқа да өнертабыстарын А. Н. Мямлин "Восток" ЭЕМ қолданды. "Востоктың" нақты жылдам әрекет етуі 100 мың с/оп. жоғары болды.

1964 ж. жартылай өткізгішті элементті базада "Көктем" есептеу-аппараттық жүйесі жасалды.

Бұл ЭЕМ есептеу блогы құбылмалы үтірі бар 48-разрядты сандарымен жылдам әрекет етуі шамамен 250 мың с/оп. болған. Машинада құрылымы сан-алуан сандармен (құбылмалы үтірі бар, белгіленген үтірі бар, екілік дәлдігі бар) операциялардың кең жинағы болды. "Көктем" ЭЕМ негізгі әзірлеушілері В. С. Полин, М. Р. Шура-Бура және т.б. "Көктем" үлкен көлемді деректерді өңдеу және сақтау талап етілетін, атап айтқанда Гидрометеороорталық сияқты салаларда қолданылған.

1971 - 1973 жж. жоғары жылдамдықты каналмен ұштасатын есептеу модульдарының функционалды бағдарымен және жадымен бөлінетін АС-6 көп машиналы есептеу кешені жасалған. АС-6 орталық процессорларында аппараттық қолдау құралдары мен бағдарламаларды қорғауды және динамикалық жүктеуді қамтамасыз ететін бағдарламалық процестерді қолдау және өзара әрекеттестігі болды. Кешенге ЖЭЭЕМ-6 машиналары мен деректерді енгізу-шығарудың мамандандырылған перифериялық машинасы кірді. АС-6 кешенінің базасында келіп түсетін аппараттар бөлігін өңдеудің кезеңдерін біруақытта ретті орындайтын, бірнеше ЭЕМ конвейерін жасау идеясы жүзеге асырылған. АС-6 әзірлемесінің және оны бағдарламалық қамсыздандырудың жетекшілері В. А. Мельников, А.А.Соколов, В.П.Иванников, Л.Н.Королев болды.

1973 ж. бастап 15 жылдан астам уақыт ішінде АС-6 нақты уақытта ұшулар туралы аппаратты өңдеуге арналған ғарыштық аппараттардың ұшуларын басқару орталықтарында пайдаланылды. 1975 ж. АС-6 кешені «Союз»—«Апполон» ғарыш кемелерінің бірлескен ұшуы кезінде аппаратты өңдеу үшін қолданылды.

1967 ж. 30 желтоқсанда ЭЕМ БЖ әзірлеу туралы КСРО Совминінің қаулысы шықты. ЭЕМ өндірісі бойынша бірнеше жаңа зауыттарын салу шешімі қабылданды. Мәскеу кең масштабты акцияның ядросы мен мий болды. Осы кезеңде социалистік лагерь елдерінің аясында кооперация

ұйымдастыру шешімі қабылданды. Әр ел әртекті бұйымдар номенклатурасының ұзын тізімінен жұмыстардың бөлігін алды.

ЭЕМ БЖ озық белгілері ЭЕМ әртүрлі үлгілерінің сәйкестігі, бірыңғай элементті және құрылымдық базалары, перифериялық құрылғылардың үлкен жинағы, жоғары-төмен ЭЕМ бағдарламалық сәйкестігі, дамыған базалық бағдарламалық қамсыздандырудың болуы болды.

Үлкен үлгілердің бастапқысы - БЖ-1050 (В.С. Антонов) - серияға 1973 ж. жіберілді. Ол өзінірі есептеу орталықтарында пайдалануға арналған, жалпы мақсаттағы стационарлық ЭЕМ ретінде ұсынды.

ЭЕМ ЕС-1060, БЖ-1061 (В.С.Антонов, Ю.Ф.Ломов) ЭЕМ жүйелі қолданылу тиімділігін арттыратын қосымша құралдарды қамтыды: виртуалды жады, командалардың кеңейтілген жиынтығы, кеңейтілген тоқтату жүйесі, кеңейтілген диагностика.

ЭЕМ БЖ-1066 (Ю. Ф.Ломов) 1987 ж. әзірленіп, бар ЭЕМ-дердің ішінде "Ряд-3" ең өнімділігі жоғарысы болды. Жоғары өнімділік, үлкен оперативті жады сыйымдылығы мен ЭЕМ БЖ номенклатурасынан перифериялық құрылғылардың үлкен жинағын қосу мүмкіндігімен енгізу- шығару жүйесінің жоғары өткізгіштік қабілетінің үйлесуі, сондай-ақ тиімді операциялық жүйенің болуы БЖ -1066 ЭЕМ базасында әртүрлі мақсаттағы қуатты есептеу жүйелерін жасауға мүмкіндік берді.

Ерекше назарға сынамалы БЖ-2704 (В.А.Торгашев, В.У. Плюснин) лайық. Бұл динамикалық сәулеті мен көп параллельділігі бар бірегей мультипроцессор. БЖ-2704 жүйесінің келесі құрамы бар: 24 есептеу модулдері, 12 коммутациялық процессорлар; 6 енгізу-шығару процессорлары.

ЭЕМ БЖ бағдарламасының аясында өнімділігі мен құны жағынан әртүрлі 10-нан артық ОЖ үлгісі, қолданбалы бағдарламалардың жүздеген пакеттері сәйкес келетін ЭЕМ шамамен 10 үлгісі шығарылды.

1.6. ФОН НЕЙМАН ПРИНЦИПТЕРІНЕН АУЫТҚУ

Әмбебап машиналық есептеулердің принциптері (фон Нейман бойынша) компьютерлердің бірінші тобының негізін қалады. Қазіргі компьютерлер басым бөлігі солардың негізінде жұмыс жасап келеді. Бірақ бұл аксиомалар машиналық шотты іске асыру тәсілдерін айтарлықтай шектейді. Олар жүйелі (командадан кейін команда) іске асыруды ұсынады. Осындай шектеу әр түрлі сәулеттік шешімдер аясын

қатты тарылтып, бір тапсырма бойынша біруақытта жұмыс істейтін процессорлардың санын ұлғайту есебінен өнімділікті шексіз арттыру келешектерінен айырады.

ЭЕМ-нің жаңа көп процессорлық параллель сәулетін жасауда стандартты емес, шектеусіз ойлау талап етіледі. Бұл салада шешімдері табылғандарға қарағанда сәулеттік құпияларайтарлықтай көп.

Тек геофизикадағы сейсмикалық барлау деректерін толық ауқымды өңдеу үшін ЭЕМ паркінің жиынтық есептеу қуаттылығы 10–100 млрд оп./с құрауы тиіс, яғни бармен салыстырғанда жүздеген және мыңдаған есеге артық.

Өнімділікті тәртіпке өсіру машиналардың қарапайым санын өсіру есебінен қол жеткізілуі мүмкін.

1972–1975 жылдары Мәскеу қаласындағы мәселелерді басқару институтында И. В. Прангишвилидің басшылығымен деректердің көптеген ағынымен және командалардың бірыңғай ағыны бар ПС-2000 – мультипроцессорының сәулеті мен құрылымы әзірленді. Оны жасаушыларға айрықша құрылымдық шешімді табу мүмкін болды, ол ақпаратты жоғары параллель өңдеуді бағдарламалау икемділігімен командалардың үлкен ағынын басқарудың салыстырмалы қарапайымдылығын біріктірді. . ИПУ РАН-да ұсынылған құрылымдық шешімдер алғаш рет құрастырушыларды бірлік құнына есепте осындай жоғары параллельді компьютерлердің тапсырмалары үшін жобалауға бағыттады. Олардың жалпы өнімділігі 200 млн оп./с. жетті.

1980 жылдары мемлекеттік комиссия жоғары параллель компьютер жасаудың тәжірибелік үлгісін қабылдады және ВК сериялық өндірісі санкциялады. Комиссияны алдында көрсетілген ПС-2000 компьютерінің бірден сегіз данасы геофизикалық тапсырмаларда («Геофизика» НПО бағдарламалар пакеті, Мәскеу) шамамен 1 млрдқа оп./с жуық жиынтық өнімділікті көрсетті, жоғары параллельді . Проблемалық-бағдарланған ПС-2000 өнімділігі сонымен қатар көптеген практикалық қолданылулар саласына тән жақсы параллелденетін тапсырмаларда ғана қол жеткізілді. Осындай міндеттерді шешуде ПС-2000 кешені «өнімділік/құны» рекордтық «азаматтық» көрсеткіші ретінде қол жеткізілді.

ПС-2000 үлкен алаңды талап етпеді, энергияны аз тұтынып, геофизикалық экспедиция шарттарындағы жұмыста жоғары сенімділікті қамтамасыз етті. ЭГВК ПС-2000 қолдану шетелдік қымбат есептегіш кешендер импортынан бас тартуға мүмкіндік берді.

Бірнеше ПС-200 кешендерінің негізінде гидроакустикалық және телеметрикалық ақпаратты уақыттың нақты ауқымында өңдеудің өнімділігі жоғары (1 млрд. оп./с-қа дейін) жүйелері жасалды.

ВК ПС 200 арналған параллель бағдарламаларды әзірлеу үлкен

шеберлікті талап етті. Мультипроцессордың машина ресурстарын пайдалану тиімділігі бағдарламашыларды да таңқалдырды. Әдеттегі машиналардағы бағдарламалар прототиптерімен жұмыс жасап жүрген көпшілік болашаққа деген қадамды сезінді. Кейбір тапсырмаларда есептеу уақыты жүз есеге жылдамдады.

1986 жылы Ғарышқа ұшуларды басқару орталығының (ҰБО) телеметрикалық есептеу кешені ВК ПС-200 базасында «Эльбрус-2» көп процессорлы есептеу кешені базасындағы өндеудің орталық жүйесімен біртұтас кешенге байланысты телеметриялық ақпаратты алдын ала өндеу жүйесін қолдана бастады. «Эльбрус-2» негізгі әзірлеушілері В.С.Бурцев және Б.А.Бабаян болды.

«Эльбрус-2» жүйесі Мәскеу облысының Сергиев Посадында (Загорск қ.) 1985 жылы сериялық шығарылды. Ол елдегі сол кезеңдегі ең жылдам «ұшқынды» машина болды және толық разрядты операндалармен 10 процессорларда 125 млн. оп./с өнімділігі болды.

Тез әрекетті арттыруға арналған терең қабатталуы бар оперативтік жады ортақ болды. Оперативтік жады блоктары тез әрекет ететін коммутатор арқылы кез келген орталық процессормен жалғастырылды. Осы коммутаторға перифериялық процессорлар да, қызмет көрсетуші сыртқы жады мен периферия да жалғастырылды.

1989 жылы академик В. А. Мельниковтің басшылығымен векторлық-конвейерлі супер ЭЕМ «Электроника ССБИС» дайындалып, сынамалы пайдалануға іске қосылды. Бір процессорлы нұсқасындағы өнімділік – секундына толық разрядты операндалармен өзгертін үтірмен 250 млн. операция. «Электроника ССБИС» жүйесіне тиісті отандық электроникалық өнеркәсіптегі революциялық рөл матрицалық кристалдардағы бірінші үлкен интегралды сызбалар өндірісі және оны әзірлеу үшін игерумен байланысты.

«Электроника ССБИС» жүйесіндегі жаңа тиімді шешім рұқсаттың ерікті әдістерін іске асыратын мамандандырылған процессорларды басқарудағы оперативтік жады және интегралды жадының арасындағы деректерді беруді ұйымдастыру. Әзірлеменің негізгі жетекшілері В. А. Мельников, Ю. И. Митропольский, В.З.Шнитман, В. П. Иванников болды. «Квант»ҒЗИ мен М. В. Келдыш атындағы ИПМ өнімділігі жоғары көп процессорлы есептегіш жүйелердің үйірін әзірлеу орындалды. МВС-100 үлкен көлемді есептеу тапсырмалары және деректерді өндеу, әсіресе күрделі құрылымдарды зерттеу, сигналдарды және суреттерді тану зерттеулері үшін метеорологияда, экологияда, биоинженерияда пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, спутниктік ақпаратты өндеу, жоғары тоқты навигациялар, космос және ядролық техника саласындағы математикалық үлгілеу тапсырмаларын шешуге арналған. Ауқымды

параллельдігімен жүйелер класына жататын МВС-100 көп процессорлы есептеу жүйесі бір немесе бірнеше басқарылатын ЭЕМ басқарылатын өнімділігі жоғары процессорлық модулдерді біріктіруді құрайды (олар дербес компьютерлер, жұмыс станциялары болуы мүмкін); жүйеге сондай-ақ сыртқы жады (магнитті дисктер) және сыртқы ақпараттық-есептеу желілері бар түйіндесу құрылғылары кіреді. Қазіргі уақытта МВС-100 жүйесімен жұмыс істейтіндер секундына толық разрядты операндаларды өзгертін үтірмен 10 млрд.тан астам операциялар өнімділігіне жетеді. Өрі қарай дамуға тек үлкен өнімділікті ЭЕМ ғана емес, сонымен қатар шағын және орта ЭЕМ кластарының машиналары да ие болды, олар үшін барынша маңыздысы сипаттамалардың теңестірілген компромисі және баға/өнімділік көрсеткіші болды. Шағын ЭЕМ жасау тапсырмасының алғашқы шешімі 1956ж. өткен ЭЕМ М-3 әзірлеу болды. М-3 30-разрядты бекітілген үтірі бар екілік сандармен жұмыс істеді, командаларының екі адресі форматы, өнімділігі 30 оп./с және магнитті барабандағы 2 048 сандық жады сыйымдылығы болды. Сол сыйымдылықты ферритті жадымен жұмыста М-3 өнімділігі 1,5 мың. оп./с құрады. Машинаның дайындалуда және пайдалануда қарапайымдылығы соншалықты, бірқатар ұйымдар оны шығарылған құжаттама бойынша өздері дайындап, жөндей алды.

М-3 техникалық құжаттамасы аз сериялы шығарылым үшін Минск зауытына (1959 жылы оның базасында шағын ЭЕМ Минск-1 дайындалды), Қытай және Венгрия академияларына жіберілді.

Осылайша, М-3 ЭЕМ екі өнеркәсіптік сериясы үшін прототип болды: «Минск» - Белорусияда және «Раздан» - Арменияда.

Н.П.Брусенцов 1959ж. Қазан ЭЕМ зауытында сериялық шығарылған «Сетунь» ЭЕМ әзірледі. «Сетунь» машинасы есептеудің үштік жүйесін ісе асырғандығымен қызықты. Сондай-ақ диалогтық жұмыс режимінде және құрылымдық бағдарламалауға тәсілдер туралы сол кезде көрініс берген «Сетунда» бағдарламалау тәжірибесі де қызықты.

- Шағын ЭЕМ саласында да орта және үлкен түрлендірулер өткізілді.

СМЭМ шағын машиналар тобы барынша танымал шетелдік машиналар тәжірибесін ескерумен әзірленді және DEC фирмасының PDP-11 бағдарламалық сәйкес М-400-ден басталды. 1977-1978 жылдары М-400-бен сәйкес СМ-3 және СМ-4 сериялық машиналары жасалды.

1979-1987 жылдары СМ-3, СМ-4 және олардың түрленулері базасында АСУ және АСУ ТП сәтті қолданылып жүрген, күрделі тәжірибелік қондырғылармен басқарудағы СМ-1700 көп машиналы кешендері жасалды.

Жоғарыда айтылған ЭЕМ-дан басқа, 1986 жылы ВМ тобына жататын және Біріңғай жүйелі дербес ЭЕМ (ДЭЕМ ЕС ЭЕМ) жасалды.

Төмендегі ДЭЕМ әзірленіп, шығарылды:

- ЕС-1840 (і8086 аналогы) – 1986-1989 7 461 дана;
- ЕС-1841 (і8086 аналогы) – 1987 - 1995 83 937 дана;
- ЕС-1842 (і80286 әмуляциясымен) – 1988 - 1996 10 193 дана;
- ЕС-1843 (ІВМРСАТ аналогы) – 1990 - 1993 3 012 дана;
- ЕС-1845 (ЕС-1841 арнайы қолдануға арналған) – 1989 - қазіргі уақытқа дейін;
- ЕС-1849 (ІВМРСАТ аналогы) – 1990- 1997 4 966 дана;
- ЕС-1850 (ІВМХТ/370 аналогы) – 1989 ж.;
- ЕС-1851 (толығымен ІВМРС/ХТ сәйкес) – 1991 - 1997 ж. 3 142 дана;
- ЕС-1855 (бұл арнайы қолдануға арналған ЕС-1842) – 1992 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін;
- ЕС-1863 (ІВМРС/АТ386SX құрылымдық және бағдарламалық сәйкес) – 1991 - 1997 ж. 3 069 дана;
- ЕС-1864 (ІВМРС/АТ құрылымыдық және бағдарламалық сәйкес) – 1991 ж бастап;
- ЕС-1865 (бұл арнайы қолдануға арналған ЕС-1850) – 1992 ж. бастап.

ВМ сериялы компьютерлер:

- әмбебап ДЭЕМ;
- жұмыс станциялары;
- серверлер;
- мультимедиялық ДЭЕМ;
- компьютерлік сыныптар.

Олар Intel Celeron және Intel Pentium IV процессорларының базасында Windows' 95/98/ME, Windows 2000/XP, LINUX операциялық жүйелерін мүмкін пайдаланумен жиналған. Ұсынылатын компьютерлердің техникалық сипаттамалары тек базалық болып табылады. Пайдаланушы түпкілікті конфигурацияны өзі анықтайды. Қазіргі сәтте Минск есептеу техникасының өндірістік бірлестігі шығарады («МПОВТ» ЖШҚ).

ВМ2001 негізінен оқу аппараттық-бағдарламалық кешендерінің құрамында қолдануға арналған: ВМ2001 – оқушы үшін (16 данаға дейін), ВМ2001.02 – мұғалім үшін.

ВМ2002 (ОРИОН Р5) болса автоматтандыру құралы ретінде кәсіби, зияткерлік қызмет, ғылыми ұйымдар, инженерлік, экономикалық және басқа есептеулер мен зерттеулер, тіркеу және ақпараттық-іздеу жүйелері, білім беру жүйесінде, демалыс және сауықтыру сияқты әр түрлі салаларда қолдануға арналған.

ВМ2301 – Notebook класты қазіргі өнімділігі жоғары компьютерлік жүйе.

ВМ2005 әр түрлі желілерде қуатты графикалық станцияларды салу

үшін негіз ретінде, сондай-ақ өнімділігі жоғары жұмыс станциясы ретінде өнімділігін айқындайтын файл-сервер ретінде пайдаланылады.

BM 3500 тасымалданатын ДЭЕМ автомобильдік базалауды ұсынады. Ол қозғалыс құралдарындағы (жеңіл және жүк атомобильдері) жұмысқа арналған. Радиомодем арқылы RS232 түйісуі бойынша «Сапфир» типті радиостанциялармен жұмысты қамтамасыз етеді. Микропроцессор – I80386SX/25, I80486SX/25.

1.7 ЭЕМ ЖІКТЕЛУІ

ЭЕМ өндіріс технологиясының дамуына байланысты оларды жіктеу күрделіленді. Бұл негізгі сипаттамаларының арасында көрінетін шектердің өшуімен түсіндіріледі. Мысалы, орналастыру үшін жазу үстелі толығымен жеткілікті дербес компьютер техникалық сипаттамалары жағынан жүздеген шаршы метрлерді алған машиналық зал бұрынғы ЭЕМ барынша жетілдірілген де ұқсас мүмкіндіктерге және техникалық сипаттамаларға ие.

Сол себепті ЭЕМ келтірілген белгілері бойынша бөлуді техникалық параметрлері бойынша жіктеу ретінде қабылдамаған жөн.

Өндірген еліне қарамастан ЭЕМ әрі қарай баяндалған белгілер бойынша жіктеу қабылданған.

Әрекет ету принципі бойынша:

- аналогтық (АЕМ);
- сандық (СЕМ);
- гибридтік (ГЕМ).

АВМ – үздіксіз әрекетті есептеуіш машиналар. Олар үздіксіз (аналогтық) нысанда, яғни қандай да бір физикалық шаманың (көбіне электр кернеуі) мәндерінің үздіксіз тобы түрінде ұсынылған ақпаратпен жұмыс істейді. АВМ барынша қарапайым және пайдалануда қолайлы. Оларда шешу үшін тапырмаларды бағдарламалау, ереже бойынша еңбекті көп қажет етеді; тапырмаларды шешу жылдамдығы оператордың қалауына қарай өзгереді және соншалықты үлкен болып жасалуы мүмкін (СЕМ қарағанда үлкен), бірақ тапырмаларды шешу дәлдігі өте төмен (салыстырмалы қателігі – 2-5%). АЕМ-да дифференциалды теңдеуді қамтитын, күрделі логиканы талап етпейтін математикалық тапырмаларды шешу тиімді.

СЕМ – дискреттіде ұсынылған, дәлірек айтқанда сандық нысандағы

ақпаратпен жұмыс істейтін, дискретті әрекетті есептеу машиналары.

ГЕМ – үйлестірілген әрекетті есептеу машиналары. Олар сандық және аналогтық нысанда ұсынылған ақпаратпен жұмыс істейді; АЕМ және СЕМ артықшылықтарын біріктіреді. ГЕМ күрделі тез әрекет ететін техникалық кешендерді басқару міндеттерін шешу үшін пайдалану орынды.

Олардың сандық сипаты туралы айтпастан, электронды есептеуіш машина (ЭЕМ) деп аталатын СЕМ кеңінен таралды.

Габариттері және өнімділігі бойынша:

- өнімділігі жоғары ЭЕМ және жүйелер (супер ЭЕМ);
- үлкен ЭЕМ (жалпы мақсаттағы әмбебап ЭЕМ);
- орташа ЭЕМ;
- шағыннемесе мини-ЭЕМ;
- микроЭЕМ;
- дербес компьютерлер;
- микропроцессорлар.

СуперЭЕМ – метеожағдайды болжау, ядролық энергетика, қорғаныс және т.б. ғылым, техника және басқару салаларындағы күрделі міндеттерді шешуге арналған өнімділігі жоғары ЭЕМ. Ең қуатты ЭЕМ мындаған процессорларды пайдаланып, мегаватты энергияны тұтынады және ғимараттардың тұтас қабаттарын алады. Ондай машиналар есте сақтау құрылғыларының көп деңгейлік иерархиялық құрылымын пайдалануға және параллель есептеулерді орындауға негізделген секундына миллиардтаған көз ілеспес тез әрекетке ие, орналастыру үшін арнайы үй-жайларды талап етеді және пайдалануда барынша күрделі. Осындай класты жеке ЭЕМ құны ондаған миллион долларға жетеді. Оларды негізгі өндірушілер АҚШ және Жапония фирмалары, атап айтқанда – IBM, Cray, Fujitsu, NEC және отандық супер ЭЕМ-Эльбрусболып табылады.

Суперкомпьютерлердің мысалдары.

1. BlueGene/L суперкомпьютері секундына 70,7 трлн операция орындайды (TFLOPS). BlueGene/L–ол қазіргі таңдағы ең қуатты жүйелермен салыстырғанда электр энергиясын тұтынуды және алатын алаңды әжептәуір азайтуға мүмкіндік беретін және деректердің үлкен мөлшерін өңдеу мүмкіндіктері және өткізгіштік қабілеті бойынша оңтайландырылған супер компьютерлердің жана тобын құруға бағытталған суперкомпьютерлі IBM жобасы. BlueGene/L по машинасының прототипі салыстырылатын қуаттылығы бойынша бұрыннан бар жүйелерден физикалық өлшемдері бойынша шамамен 20 есеге аз.

Энергия тұтынуды, құнын және алатын орнын бірнеше есеге қысқартып, IBM ғалымдары ауқымды параллелизмі бар супер компьютерлерді бағасы жағынан қол жетімді, ғылым және өнеркәсіп үшін үнемді және қолайлы құралдарға айналдырады.

BlueGene/L арналған бірінші міндеттердің ішінде - адам ақуызының ұюы, физикалық құбылыстарды модельдеу процесін зерттеу болды. машиналарының алдына қойған алғашқы тапсырмаларының қатарына – адам организмінде ақуыздың ыдырау үрдісін зерттеу, физикалық құбылыстарды (екі жұлдыздың шоғырлану тәртібі, плазма мен лазердің бір-бірімен әрекеттесуі, ядролық қарудың ескіруі т.б.үлгілеу) сынды тапсырмалар тұрды.

BlueGene/L жүйесінің пайда болуы ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізудің өзіне 100 млн.доллар жұмсалған бесжылдық жобаның логикалық аяқталуы болды. Бұдан басқа, IBM BlueGene/C және BlueGene/P деп аталатынбасқа да құрылымдармен жұмыс істейді.

2. Жапондық суперкомпьютер Earth Simulator NEC корпорациясының мамандарының тікелей қатысуымен жасалды. Жүйені бес жыл бойы Жерді үлгілеу ғылыми-зерттеу орталығы (ESRDC, Earth Simulator Research and Development Center) Жапония Ұлттық ғарышты зерттеу агенттігімен (NASDA) және Жапония атом энергиясын зерттеу институты (JAERI) және Жапония теңіздік ғылыми-техникалық орталығымен (JAMSTEC) әріптестікте әзірледі. Жобаға шығындар шамамен 40 млрд.иенді құрады, жұмыстарға NEC компаниясының мыңнан астам мамандары тартылды.

Earth Simulator жүйесі авиациялық аймаққа ұқсас еденінің ауданы 50x65 м² ғимаратта орналасқан. Бұл супер компьютер өнімділігі 64 GFLOPS/ түйін және процессорларының жалпы саны 5 120-ға тең, қосу үшін 2 800 км кабель талап етілген 640 түйіннен тұрады. Жоғары жылдамдықтағы желі 12,3 Гбайт/с деректерді беру жылдамдығымен процессорларды жалғайды. Жүйені салқындату үшін жұмыс үй-жайлары арқылы арқылы 10 секунд ішінде 990 мың м³ ауа ағыны айдалады.

3. Ресейде сондай-ақ, супер ЭЕМ жасау бойынша жаңа әзірлемелер жүргізілуде. Осылайша, 2007 жылдың 16 ақпанында «Г-Платформалары» компаниясы, PFA Бағдарламалық жүйелер институты, Intel және Microsoft корпорациясы Томск мемлекеттік университетінің өнімділігі жоғары есептеу ресурстарын ұжымдық пайдаланудың аймақтық орталығының құрылысының аяқталуы туралы жариялады.

Таяу Шығыстағы көне университет ТМУ Сібір мен ресейлік ЖОО ішіндегі дүниежүзілік деңгейдегі суперкомпьютерлік орталық ды: бүгінде ол дүниежүзілік білім жүйесіндегі ең замануи және өнімді 15 есептеу орталықтарының бірі.

ТМУ есептеу Орталығы 5150 сериялы Intel® Xeon®, 566 екі ядролы процессорылардың базасында «СКИФ Cyberia» супер компьютерімен жабдықталды. Ол Ресей, ТМД және Шығыс Еуропа аумағындағы ең қуатты есептеуіш кешені, сондай-ақ әлемдегі ең қуатты жүз компьютерлердің бірі болды. «СКИФ Cyberia» ең жоғары өнімділігі 12 TFLOPS құрады.

T -триггерлер әртүрлі есептеуіштер сызбасын құруда пайдаланылады (3.19-сур.).

3.4. ТІРКЕУІШТЕР


Тіркеуіш деп машиналық сөзді қабылдау, уақытша сақтау мен беруге арналған торапты атайды. Тіркеуіштер, сонымен қатар, деректерді түрлендірудің кейбір операциялары үшін пайдаланылуы мүмкін. Тіркеуіштердің бұл қосымша функциялары аса күрделі триггерлерді сақтау, таңдау сызбасын күрделендіру мен олардың кірістері мен шығыстарында қосымша логикалық сызбаларды қосу арқылы қамтамасыз етіледі.

Осылайша, тіркеуіштер триггерлердің жиынтығынан тұрады, олардың саны сөздегі разрядтар санына және сөзбен жасалатын әртүрлі операциялардың орындалуын қамтамасыз ететін қосымша сызбалардың санына сәйкес келеді.

Тіркеуіштер өзінің функционалдық міндеттері бойынша типтерге бөлінеді:

- параллельді жазбасы бар тіркеуіштер (жад тіркеуіші);
- жылжудың ретті тіркеуіштері;
- қозғалыстың реверсивтік тіркеуіштері.

Жад тіркеуіші - тіркеуіштердің ең қарапайым түрі. Олардың мақсаты - қысқа уақыт аралығында ақпараттың кішігірім көлемінің екілік ақпаратын сақтау. Бұл тіркеуіштер синхронды триггерлер жинағын құрайды, олардың әрқайсысы бір разрядты екілік санды сақтайды. D -триггердің базасында төрт разрядты тіркеуіштерді қарастырамыз. 3.20-суретте функционалдық сызба (3.20-сур., *а*) мен тіркеуішінің шартты белгісі (3.20-сур., *б*) келтірілген, онда төрт D -триггер бар.



20-сур. Жады тіркеушісі: *a* – функционалды сызба; *б* – шартты белгілеу

Оның D_0, D_1, D_2, D_3 ақпараттық кірістері; R түсу сызығы; жазу сызығы C ; әр триггердің тік және инверсті шығыстары.


Ақпараттың кірісі және шығысы барлық разрядта бір уақытта параллель кодпен жүзеге асады. Ақпараттық кірістерге түскен деректерді жазу C кірісіндегі сигнал бойынша барлық триггерлерде бір уақытта іске асады. Кезекті тактілі импульстың келуімен жазылған ақпарат жаңартылады.

Триггерлердің шығыстарындағы сигналдар шығыс ақпаратпен сипатталады. Ол тік немесе кері код түрінде (инверстік шығыстармен) болуы мүмкін. Жады тіркеуіштері, шын мәнінде, тәуелсіз ақпараттық кірістермен және жалпы тактылы кіріспен триггерлер жинақтарын құрайды.

Жылжудың ретті тіркеуіші (3.21-сур.) - ақпараттың сақталуынан басқа, позицияның бірдей санын барлық разрядтарда біруақытта солға немесе оңға жылжытуды қамтамасыз ететін тіркеуіш. Бұл ретте, тіркеуішінің шегінен шығатын разрядтар жоғалады, ал босатылатын разрядтарға жылжу тіркеуішінің жеке сыртқы кірісі бойынша келіп түскен ақпарат енгізіледі. Әдетте бұл тіркеуіштер кодты солға немесе оңға бір позицияға

жылжытуды қамтамасыз етеді. Бірақ арнайы басқарушы кірістесигналдың мәніне қарай тіркеушінің әртүрлі кірістеріне синхросигналды бергенде солға да, оңға да жылжуын орындайтын, әмбебап жылжу тіркеушісі де бар. Қозғалыс тіркеушісі жылжытуды бірауақытта бір емес, бірнеше позицияға орындайтындай жобалануы мүмкін.

Жылжу тіркеуіштері D-триггерлерде құрылады. Жылжу тіркеуіштерінің белгілеулерінде жылжуды көрсететін бағыттың бағдары шартты. Әртүрлі анықтамалықтарда оның бағыты әр түрлі. Шартты түрде жылжу кіші разрядтан үлкен разрядқа жүргізіледі деп қабылданған.



3.21-сур. Жылжу тіркеуішінің төрт разрядты тіркеуішінен графикалық белгілеу

Жылжудың реверсивті тіркеуішін деректерді бір разрядтан екінші разрядқа және керісінше де жылжыта алады. Жылжу реверсін қамтамасыз ету үшін триггерлердің барлық D-кірістеріне бірден "0" немесе "1" сигналы беріледі. Бұл ретте кіші немесе үлкен көршілес шығысқаи-триггердің кірісіне қосылуы болады.

Триггерлер мен тіркеуіштер ішкі жадысы бар сандық микросызбалардың қарапайым өкілдері болып табылады. Егер логикалық элементтердің және құрамдастырылған микросызбалардың шығыс сигналдары олардың ағымдық кіріссигналдарымен біржақты анықталса, онда ішкі жады бар микросызбалардың шығыссигналдары да бұрын оларға қандай кіріссигналдары қандай реттілікте түскеніне байланысты болады, яғни олар сызбалар тәртібінің алдыңғы тарихын есте сақтайды. Дәл осы себепті оларды қолдану жадысыз қарапайым микросызбалардың жағдайына қарағанда, аса күрделі және зияткерлік сандық құрылғыларды жасауға мүмкіндік береді.

Триггерлер мен тіркеуіштер өздерінің жадын қуат кернеуі берілгенге дейін ғана сақтайды. Басқаша айтқанда, олардың жады оперативті жады типіне жатады. Қуатты сөндіргеннен кейін және оны одан әрі қосқаннан кейін триггерлер мен тіркеуіштер кездейсоқ күйге ауысады, яғни олардың шығыссигналдары логикалық бірлік деңгейінде де, логикалық нөл деңгейінде де орнатылуы мүмкін.

Триггерлер мен тіркеуіштердің жады бар басқа микросызбалар

типтерінен басты артықшылығы олардың өте жоғары тез әрекеттігі (іске қоспағандағы тежелулердің ең аз уақыты және өте жоғары рұқсат етілетін жұмыс жиілігі) болып табылады. Дәл осы себепті триггерлер мен тіркеуіштерді кейде *жоғары оперативті жады* деп те атайды. Алайда триггерлер мен тіркеуіштердің кемшілігі олардың ішкі жадының көлемінің тым аз болуы, олар тек жекелеген сигналдарды, биттарды (триггерлерді) немесе машиналық сөздерді (тіркеуіштерді) сақтай алады

3.5. ЕСЕПТЕУІШТЕР

Есептеуіш оның кірісіне түсетін сигналдарды есептеуді және көп разрядты екілік сандар түріндегі нәтижені белгілеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. n -триггерлерінен тұратын есептеуіш тәуелділікпен байланысты, N сигналдарына дейін есептеу мүмкіндігін береді: $N = 2^n$.

Есептеуіштер импульстарды есептеу, адрестерді жылжыту, адрестерді қалыптастыру және т.б. есептеу сияқты операциялар үшін пайдаланылады.

Есептеуіштер функциялары бойынша жинақтауыш, есептеуіш, реверсивті болып бөлінеді. Олар сонымен қатар триггерлерге қосылатын қосымша логикалық элементтердің логикалық жұмысымен ажыратылады.

Кез-келген есептеуішті жасаудың негізіне T -триггерлердің T есептік кірісіне кезекті сигналды бергенде өзінің күйін өзгерту қасиеті қойылған.

Әдетте көп сигналдарды есептеу қажет етіледі. Бұл жағдайда келесі триггер үшін кіру сигналы ретінде бірінші есептеу триггерінің шығыс сигналын пайдалануға, яғни триггерлерді ретті қосуға болады. Өте үлкен санға дейін, екі еселік дәрежеде есептейтін кез-келген есептеуішті жасап шығаруға болады. Он алтыдан кем кез-келген импульстар санын есептеуге мүмкіндік беретін есептеуіштің сызбасы 3.19-сур. келтірілген. Кірістерге келіп түскен импульстар санын Q_0-Q_3 есептеуішінің шығыстарына қосылу арқылы білуге болады. Бұл сан екілік кодта берілетін болады.


Есептеуіштің есептеу кірісіне кезекті импульс түскенде оның триггерлерінің құрамы 1-ге артады. Сондықтан мұндай есептеуіштер жынтықтаушы екілік есептеуіштер атауын алды.

Бұл есептеуіштің жұмысын 3.10-кестеде ұсынамыз

3.10 - Кесте

Кіріс импульсының нөмірі	$Q3$	$Q2$	$Q1$	$Q0$
0	0	0	0	0
1	0	0	0	1
2	0	0	1	0
3	0	0	1	1
4	0	1	0	0
5	0	1	0	1
6	0	1	1	0
7	0	1	1	1
8	1	0	0	0
9	1	0	0	1
10	1	0	1	0
11	1	0	1	1
12	1	1	0	0
13	1	1	0	1
14	1	1	1	0
15	1	1	1	1

Кіріс X	$Q2$	$Q1$	$Q0$
0	0	0	0
1	0	0	1
0	0	0	1
1	0	1	0
0	0	1	0
1	0	1	1
0	0	1	1
1	1	0	0
0	1	0	0
1	1	0	1
0	1	0	1
1	1	1	0
0	1	1	0
1	1	1	1
0	1	1	1
1	0	0	0



3.22-сур. Үш разрядты есептеуіштің функционалды сызбасы

T-триггерлерде жасалған үш разрядты жиынтықтаушы есептеуіштің сызбасы 3.22-суретте көрсетілген. Оның жұмысының логикасы 3.11-кестеде келтірілген.

3.11-кестеде кірісте 0 (сақтау режимі) немесе 1 (есептеу режимі) болуы мүмкін екені көрсетілген.


Есептеуіш әр кіріс импульсында шығыс кодының ұлғаюына жұмыс жасай алады; бұл барлық есептеуіштерде бар *тікелей есептеу режимі* деп аталатын негізгі режим. Есептеуіш, сонымен қатар әр кіріс импульсы

бойынша шығыс кодының азаюына да жұмыс жасай алады; бұл реверсивті деп аталатын есептеуіштерде көзделген керінемесе инверстік шот режимі. Инверсті шот сызбаларда өте қолайлы, онда кіріс импульстардың белгіленген санын есептеуге болады.

Дәл осы тіркеуіштердегідей есептеуіштердің ішкі жады оперативті, яғни құрамындағы сызба қуат көзі қосылып тұрғанға дейін ғана сақталады. Қуат көзін ағытумен жады өшіріледі, ал сызбаның қуат көзін қайтадан қосқанда жадының құрамындағы нақты микросызбаға ғана байланысты ерікті, кездейсоқ болады, яғни есептеуіштердің шығыс сигналдарыерікті болады.

Микросызбалардың стандартты серияларына есептеуіштердің бірнеше түрлері кіреді (3.23-сур.). Олар есептеу тәсілімен және басқарушы сигналдармен (түсірусигналының болуымен немесе болмауымен) ажыратылады:

- ИЕ9 – екілік-ондық;
- ИЕ10 – екілік;
- ИЕ12 – нөлге түсіру сигналының болмауымен реверсивті екілікесептеуіш;
- ИЕ13 –нөлге түсіру сигналының болмауымен реверсивті екілік есептеуіш;
- ИЕ16 – тік және кері есептеу мүмкіндігімен және нөлге түсіру сигналының болмауымен С тактілі сигнал фронты бойынша синхронды параллель жазбасы бар екілік-ондық есептеуіш;
- ИЕ17 – тік және керіесептеуінің мүмкіндігі бар және нөлге түсіру сигналының болмауымен С тактылы сигнал фронты бойынша синхронды параллель жазбасы бар екілік есептеуіш.



3.23-сур. Есептеуіштердің графикалық белгілеуінің үлгілері


Барлық есептеуіштер тактылы сигналдың оң фронты бойынша есептейді, CR ауысуға шығу және каскадтау үшін кеңею кірістері, сонымен қатар ақпаратты параллель жазу мүмкіндігіне ие.

Сызбаларда төмендегі белгілеулер пайдаланылған:

- R – түсіру;
- EWR – жазуға рұқсат беру сигналы;
- ECR – ауыстыруға рұқсат беру сигналы;
- ECT – есептеуге рұқсат беру сигналы;
- CR – ауыстыру сигналы;
- C – тактылы сигнал;
- U/D – 0 – тура шот; 1 – кері шот;
- WR – параллельді жазу сигналы;
- P – ретті ауыстыру шығысы.

3.6. ҚОСҚЫШТАР

Қосқыш – кодтарды қосуға арналған құрылғы. Негізі кез-келген қосқыш бір разрядты қосқыштар үйлесімін құрайды. Қосқыштаржасалу принциптеріне қарай (тізбекті, асинхронды) және комбинациялық (параллель, синхронды) болып жіктеледі.



3.24-сур. Қосқыштардың жеңілдетілген жұмыс істеу сызбасы


Жинақтаушы қосқыштар шығыстарын ауыстыруларды қалыптастыру және таратудың барынша күрделі сызбаларымен толықтырыла отырып, күрделі JK - және RS -триггерлерінде жасалады. Бұл ретте қосу процесі

кезеңдеп жүзеге асырылады. Ең алдымен, қосқыш триггерлерде бірінші код тіркеледі, одан кейін екінші код беріледі. Нәтижесінде әр триггерде бір разрядты сомалар мен разрядтар арасындағы ауысу мәндері қалыптасады. Пайда болған ауысулардың есебі соңғы нәтиже сомасының қалыптасуын тежейді және қосымша қосу тактілерін талап етуі мүмкін. Сол себепті жинақтаушы типті қосқышдың көп разрядты сызбалары өте сирек қолданылады.

Қосқыштарды жасау үшін комбинациялы типті қосқыштар жиі пайдаланылады. Әдетте бұндай қосқыштың кірісімен шығысында қосылатын кодтар мен нәтижелерді сақтау және түрлендіруге арналған тіркеуіштер болады (3.24-сур.).

R1 тіркеуіші бірінші операнданы сақтауға, *R2* тіркеуіші - екінші операнданы сақтауға арналған. Басқару құрылғысынан сигналдар бойынша қосқышкоманда кодында болатын, операция кодына сәйкес келетін, белгілі бір машиналық операцияны орындауға бапталады. Орындалатын операцияның нәтижесі *R3* тіркеуішінде тіркеледі. Қажеттілігі болған жағдайда осы нәтиже есептеуді жалғастыру үшін пайдаланылады. Ол үшін кезекті операцияны орындауда операндалардың біреуінің мәні ретінде *R3* тіркеуішінің ішіндегіні *R1*-ге қайта жазу мүмкіндігі қарастырылған.

Комбинациялық қосқыштар айтарлықтай жылдам әрекет ететін қосқыштардың түрі. Белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда олардың разрядтылығын арттыру іске қосылуды толық тежеудің артуына әкелмейді. Дәл осы комбинациялық қосқыштарды мінсіз қосқыштар деп есептеуге болады, олардың барлық разрядтары біруақытта, параллельді іске қосылады.



3.25-сур. Жартылай қосқыштардың графикалық белгісі

Бұл жағдайда қосқышдың іске қосылуы кідірісі тежеу шамамен бір триггердің іске қосылуының кідірісіне тең. Мұндай тез әрекеттік микросызбаның ішкі құрылымының айтарлықтай күрделенуімен қол жеткізіледі.

Сонымен қатар комбинациялық қосқыштардың кемшілігі жинақтаушылармен салыстырғанда олардың жұмысын басқарудағы күрделілік болып табылады. Сондықтан комбинациялық есептеуіштерді

тек жоғары тезерекет,өте жоғары жылдамдық разрядтарды ауыстыру қажет болған жағдайда ғана қолдану орынды. Олай болмаған жағдайда басқару сызбасын күрделендіру ақталмауы мүмкін.

Егер бір разрядты қосушы сызбаларда екі кіріс бола, онда аталмыш сызба *жартылай қосқыш* деп аталады, ал егер үшеу болса, онда ол - *толық бір разрядты қосқыш*.

a және *b* кірістері бар (3.25-сур.) жартылай қосқышты қарастырайық. Мұндай құрылғының шығыс сигналдары *S* сомасы және *P* ауыстыруы болып табылады, олар аталмыш құрылғының қызметі 3.12-кестеге сәйкес өндіріледі.

3.12-кестеде *P* және *S* шығыс сигналдардың осындай реттілікте орналасуы кездейсоқтық емес. Бұл *PS* белгісі екі разрядты екілік сан ретінде қарастырылады, мысалы:

$$1 + 1 = 10^2, \text{ яғни } P = 1, \text{ ал } S = 0.$$


Жартылай қосқыштардың белгісі ретінде *HS* қызмет етеді.

Үш кірістері бар *a*, *b* және *p* толық бір разрядты қосқышты қарастырайық (3.26-сур.). Мұндай құрылғының шығыс сигналдары *S* сомасы және *P* ауыстыруы болып табылады, олар 3.12-кестедегі аталмыш құрылғының қызметіне сәйкес жасалады.

3.12 - Кесте

Кіріс		Шығыс	
<i>a</i>	<i>b</i>	<i>P</i>	<i>S</i>
0	0	0	0
0	1	0	1
1	0	0	1
1	1	1	0

3.26-сур. Толық бір разрядты қосқыштың графикалық белгілеуі



3.13-кесте *P* және *S* шығыс сигналдары осындай бірізділікте орналасуы кездейсоқтық емес. Бұл *PS* белгісі екі разрядты екілік сан ретінде қарастырылады, мысалы:

$$1 + 1 + 0 = 10_2, \text{ т.е. } P = 1, \text{ а } S = 0.$$

Толық бір разрядты қосқыштардың белгісі болып SM қызмет етеді.

3.13 - Кесте

Кіріс X			Шығыс	
a	b	p	P	S
0	0	0	0	0
0	0	1	0	1
0	1	0	0	1
0	1	1	1	0
1	0	0	0	1
1	0	1	1	0
1	1	0	1	0
1	1	1	1	1

3.7. ШИФРАТОРЛАР ЖӘНЕ ДЕШИФРАТОРЛАР

3.27-сур. қарастырайық. Сигналдың қандай нөмір бойынша келгенін анықтауға мүмкіндік беретін құрылғы жасайық.


Тәсілдердің бірі - бұл кіріс нөміріне сәйкес келетін, шығыстағы жолында екілік кодты алу. Осы құрылғыға арналған сәйкестік кестесін жасаймыз (3.14-кесте).

Сонымен, бізгесигнал қай кіріспен келгенін білу үшін екі разряд қажет болады. Ондай аспап шифратор деп аталады.

Шифратор – кіріс сигналдың кодын екілік кодта түрлендіретін құрылғы (кіріс сигналының нөмірін шифрлейді). Шифраторлардың микросызбалары сызбаларда CD әріптерімен белгіленеді.

Егер шығу жолында біз тек n разрядты анықтай алсақ, яғни n разрядтардан екілік кодты жасай алсақ, онда біз тек 2^n кірістерін ғана анықтай аламыз. Басқаша айтқанда, шифратордың кіріс сигналдарының саны шығыстағы екілік кодтың мүмкін күйінің санына тең болады, бұнда 2^n , ондағы n – екілік кодтың разрядтылығы (3.28-сур.).

3.14 - Кесте



Кіріс нөмірі	Шығыстағы екілік код
1	00
2	01
3	10
4	11

3.27-сур. Сигнал келген кіріс нөмірін анықтауға арналған құрылғының үлгісі


Шифратордың шығу коды кіру сигналының нөмірімен анықталады. Шифраторлардың отандық серияларының атауында *ИВ* әріптері бар.

Егер кіріс сигналында бір сызық бойынша ғана келсе, онда шығыста тек бір ғана белгілі код қалыптасады.


Егер сигналдар бірнеше кіріс сызықтары бойынша біруақытта келсе онда келесі нұсқалары болуы мүмкін:

- аталмыш жағдайға тыйым салынған;
- үлкен нөмірі бар, яғни кішілердің алдында артықшылыққа ие кіріске сәйкес келетін шығыс коды қалыптасады. Мұндай шифратор *артықшылықты* деп аталады;
- сигналдарды синхрондау.

Шифратордың кірісіндегі сигналдардың біруақытта немесе бір уақытқа жуық өзгеруі шығыстарда белгісіздік кезеңдерінің пайда болуына әкеледі. Шығыс коды аз уақытқа кіріс сигналдарының біріне сәйкес келмейтін мәнді қабылдауы мүмкін. Сондықтан мысалы белгісіздік күйі аяқталған кезде ғана келуі тиіс кез-келген рұқсат беретін сигналдың көмегімен кіріс сигналдары біруақытта келе алғанда шығыс кодын синхрондау қажет.



3.28-сурет. Шифратор шығыстағы мүмкін жағдайлар саны



3.29-сурет. Кіріс сигналға байланысты қосу үшін сызықтың нөмірін анықтауға арналған құрылғы мысалдары

3.15 - Кесте

Кірістегі екілік код	Шығыс нөмірі
00	1
01	2
10	3
11	4

Шифратор үшін кірістен шығысқа кодты тежеу логикалық элементті тежеуден шамамен біржарым есеге асады. Микросызбалар кідірісінің нақты шамаларын анықтамалардан қарау керек.

3.29-суретті қарастырайық. Керішифрлеу тапсырмасын қояйық: кіріс сигналына байланысты сызықтардың белгілі бір нөмірін қосуға мүмкіндік беретін құрылғыны жасауға болады.

Кірісте екілік код бар, әр мүмкін кодқа сәйкес шығыс нөмірін қоямыз. Енді кіріс кодына сәйкес келетін шығыс сызығының нөмірін қосу мүмкіндігі бар. Бұл құрылғы үшін сәйкестіктер кестесін жасаймыз (3.15-кесте).


Сонымен, кіріс екілік кодының екі разрядына сәйкестікке келтіру үшін шығыстың төрт нөмірі қажет болады. Мұндай аспап дешифратор деп аталады.


Дешифратор - бұл шығыс нөмірін анықтайтын шығыстардағы екілік кодты біртекті кодқа түрлендіретін құрылғы. Біртекті деп бір және біреуді құрайтын және бір бірлігі бар екілік код аталады, мысалы 00000100 немесе тек бір ғана нөл, мысалы 11110111. Дешифратордың шығыс сигналдарының саны мүмкін кіріс екілік кодтың мүмкін күйлерінің санына тең келеді, яғни 2^n , ондағы n – екілік кодтың разрядтылығы (3.30-сур.). Дешифраторлардың микросызбалары сызбаларда DC әрпімен белгіленеді.

Дешифратордың шығу жолында кіріс кодпен біржақты анықталатын сигналдың бір біртекті коды ғана болады.

Үш кірісте дешифратордың шартты-графикалық белгілеуі 3.31-сур. келтірілген.

Үш кірістері және сегіз шығыстары бар дешифратордың шынайылық кестесін қарастырайық. (3.16-кесте).





3.30-сурет. Дешифратордағы екілік кодтар және шығыс сызықтардың санының арақатынасы

3.31-сурет. Үш кірістігі дешифраторды графикалық белгілеу шартты

3.16 - Кесте


Кірістер			Шығыстар							
2	1	0	0	1	2	3	4	5	6	7
0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0
0	0	1	0	1	0	0	0	0	0	0
0	1	0	0	0	1	0	0	0	0	0
0	1	1	0	0	0	1	0	0	0	0
1	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0
1	0	1	0	0	0	0	0	1	0	0
1	1	0	0	0	0	0	0	0	1	0
1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	1

Стандартты серияға төмендегі дешифраторлар кіреді:

- 4 шығыста (кіріс кодының 2 разряды бар), «2 – 4» ретінде белгіленеді;
- 8 шығыстарда (кіріс кодының 3 разряды), «3 – 8» ретінде белгіленеді;
- 16 шығыстарда (кіріс кодының 4 разряды), «4 – 16» ретінде белгіленеді.

Кіріс кодының мүмкін барлық 16 күйлерінің барлығын емес тек алғашқы 10-ды ғана өңдей алатын "4-10" дешифраторы бар.

Басқару кірістері бар (рұқсат/шығыс сигналдарына тыйым салу), сондай-ақ шығыс типтері бар дешифраторлардың микросызбалары ерекшеленеді.



3.32-сурет. Инверсті шығулары бар дешифраторды шартты-графикалық белгілеу

3.17 - Кесте

Кірістер			Шығыстар							
2	1	0	0	1	2	3	4	5	6	7
0	0	0	0	1	1	1	1	1	1	1
0	0	1	1	0	1	1	1	1	1	1
0	1	0	1	1	0	1	1	1	1	1
0	1	1	1	1	1	0	1	1	1	1
1	0	0	1	1	1	1	0	1	1	1
1	0	1	1	1	1	1	1	0	1	1
1	1	0	1	1	1	1	1	1	0	1
1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0

Барлық дешифраторлардың шығыс сигналдары теріс полярлығы бар. Кіріс кодтары түсетін кірістер әдетте *адрестік кірістер* деп аталады. Бұл кірістерді 1, 2, 4, 8 деп белгілейді, ондасан екілік кодтың разрядына сәйкес келеді ($2^0 = 1$ – кіші разряд, $2^1 = 2$; $2^2 = 4$; $2^3 = 8$ – келесі разрядтар) немесе $A0, A1, A2, A3$. Отандық серияларда дешифраторлардың микросызбалары ИД әріптерімен белгіленеді.

Егер шығыс сигналдарының мәні 3.16-кестеде ұсынылғанға инверсті түрдегі дешифраторды жасасақ, кірістерстробтаушы басқару сигналдары ретінде пайдаланылады (3.32-сур.). Инверсті шығыстары бар дешифратордың шынайылық кестесі 3.17-кестеде көрсетілген.

Дешифраторлардың әдеттегі қолданылуы кіріс кодтарын дешифрлеуден тұрады, бұл ретте кірістер стробтаушы басқарушы сигналдар ретінде пайдаланылады. Белсенді (нөлдік) шығыс сигналының нөмірі қандай кіріс коды түскенін көрсетеді. Егер көп разрядтар саны бар кодты дешифрлеу керек болса, онда бірнеше дешифраторлардың микросызбаларын біріктіруге болады. Кодтың үлкен

разрядтарышығыстары бірнеше қосымша дешифратор жұмысына рұқсат беретін негізгі дешифраторға беріледі. Осы қосымша дешифраторлардың біріктірілген кірістері кіріс кодының кіші разрядтарына беріледі, дегенмен, әрине, дайын микросызбаны алған жөн.

Шифраторлар дешифраторларға қарағанда сирек қолданылады. Бұл олардың арнайы қолданылу саласымен байланысты. Стандартты сериялардағы шифраторлардың микросызбалардың түрлері де айтарлықтай аз.

3.8. МУЛЬТИПЛЕКСОРЛАР

Егер шифраторлар мен дешифраторлар кіріс және шығыс арасындағы (шығыс немесе кіріс) байланысты *п* сызықтарымен бір сызықтың көмегімен қамтамасыз етсе, онда практикада жиі *m* кіріс және *n* шығыс байланыстыру міндеті тұрады.

Мультиплексорлар (Multiplexer) бірнеше кіріс сигналдарынан бір шығысқа, яғни оларды мультиплекстеуге кезектеп беруге арналған.

Кіріс жолдары *каналдар*, ал шығыс жолдары - *разрядтар* деп аталады. Мультиплекстелетін кірістер саны мультиплексор *каналдарының саны* деп аталады. Шығыстар саны мультиплексор *разрядтарының саны* деп аталады. Мысалы:


- 2-каналды 4-разрядты мультиплексордың 4 шығысы бар, олардың әрқайсысына екі кіріс сигналдарының бірі беріле алады;
- 4-каналды 2-разрядты мультиплексордың 2 шығысы бар, олардың әрқайсысының төрт кіріс сигналдарының бірі ғана беріле алады.

Стандарты серияларға кіретін мультиплексор каналдарының саны 2-ден 16-ға дейінді, ал разрядтар саны - 1-ден 4-ке дейінді құрайды. Мультиплексорда каналдар неғұрлым көп болса, соғұрлым ондағы разрядтар да аз болады.

Мультиплексор жұмысын басқару (канал нөмірін таңдау) адресінің екілік кіріс кодының көмегімен жүзеге асырылады. Мысалы, 4-каналды мультиплексорға 2-разрядты басқару (адрестік) коды, ал 16-каналдыққа - 4-разрядты код қажет. Кодтың разрядтары 1, 2, 4, 8 немесе A_0, A_1, A_2, A_3 деп белгіленеді. Мультиплексорлардың шығыстары рұқсат/тыйым салу кірісі - *C* (басқаша белгісі - *S*) бар, ол тыйым салуда тік шығысты нөлдік деңгейге орнатады.

3.33-суретте *A, B, C, D* ақпараттық кірістері және *Out* шығысы

шетелдік әдебиетте X_0, X_1, X_2, X_3 және Y алмастырылған мультиплексор көрсетілген. Кірістер мен шығыстардың осылайша белгіленуі отандық әдебиетте кеңінен тараған. Адрестік кірістер A_0 және A_1 деп белгіленген.



3.33-сур. Төрт кірістері бар мультиплексорларды графикалық белгілеу

Мультиплексорларды MUX немесе MS арқылы белгілейді. Отандық микросызбаларда мультиплексорлар микросызба сериясының нөмірінен кейін тікелей жазылатын КП әріптерімен белгіленеді, мысалы, К1533КП1. Мультиплексорлардың микросызбаларынканалдардың санын арттыру үшін біріктіруге болады.


Мультиплектордың шығыс сигналдарының кідірістері басқарушы кодтың кірістері бойынша мысалы логикалық элементтердің кідірістерін екі есеге, ал ақпараттық кірістерде - шамамен бір жарым есеге арттырады.

3.9. КОДТАРДЫҢ КОМПАРАТОРЛАРЫ

Кодтар компараторының микросызбасы (Comparator) сигналдардың екі кіріс кодтарын және шығыстарына беруде салыстыру үшін (кодтар теңдігі немесе теңсіздігі туралы) қолданылады. Сызбаларда кодтар компараторлары екі теңдік символдарымен белгіленеді: « $=$ ». Отандық сериялардағы код компараторының микросызбасы типінің коды - СП (3.34-сур). Аталмыш кодтар компараторында:

- A және B екі 4-разрядты кодына арналған 8 кірістер;
- разрядтылықты арттыруға арналған 3 басқару кірістері ($A > B$, $A < B$, $A = B$);

3 нәтижелеуші сигналдың шығыстары ($A > B$, $A < B$, $A = B$) бар. Қолайлы болу үшін сызбаларда басқарушы кірістер мен шығыстарды кейде « $>$ », « $<$ » және « $=$ » деп қана белгілейді.



3.34-сур. Төрт разрядты кодтар компараторы СП1 (белгілеудің екі нұсқасы)

Кодтардың нөлдік разрядтары (A_0 және B_0) – кіші, үшінші разрядтар (A_3 және B_3) – үлкен.

Кодтар разрядының кірістері бойынша кодтар компараторының кідірістері логикалық элементтер кідірісінен төрт есеге, ал кеңею кірістері бойынша - шамамен үш есегекөп. Сондықтан осы микросызбалар басқа комбинациялық микросызбалармен салыстырғанда әжептәуір баяу. Кідірістердің нақты мәндерін анықтамалықтардан қарау керек.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Сызбаларда логикалық элементтер қалай көрінеді?
2. Қандай логикалық элементтер триггерлер деп аталады және олар сызбалаларда қалай белгіленеді?
3. Триггерлердің мақсаты қандай?
4. Қандай логикалық элементтер тіркеуіштер деп аталады және олар сызбаларда қалай белгіленеді?
5. Тіркеуіштердің мақсаты қандай?
6. Қандай логикалық элементтер есептеуіштер деп аталады және олар сызбаларда қалай белгіленеді?
7. Қосқыштар не үшін керек?
8. Шифраторлар мен дешифраторлардан несімен ерекшеленеді?
9. Мультиплексорлардың мақсаты қандай?
10. Компараторлардың мақсаты қандай?

ЕСЕПТЕУ МАШИНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СЫЗБАНЫ ШОЛУ

Бұған дейін айтылғандай, біз негізінен дербес компьютермен (ДК) байланысты сұрақтарды, демек ДК сәулетін де қарастыратын боламыз.


ДК қызмет көрсету мен пайдалану үшін бір адамжеткілікті. ДК қарапайым тұрмыстық жағдайларда қызмет ете алады, яғни ол үшін ешқандай арнайы электр қуаты жүйелері, белгілі бір климатты және үлкен есептеу жүйелерінің басқа да атрибуттарын қажет етпейді. Әрине, ДК-ді ұжымдық та пайдалануға болады.

ДК жалпы құрылымдық сызбасы 4.1-сур. көрсетілген.

Компьютерді шартты түрде екі бөлікке бөлуге болады: орталық (ішкі) және сыртқы (перифериялық құрылғылар).

Орталық бөлік әдетте төмендегі компоненттерден тұрады:

- процессор;
- жүйелік тақта;
- сақтау құрылғылары;
- енгізу-шығару құрылғылары;
- енгізу-шығару құрылғысының жанасу блоктары (немесе енгізу-шығару интерфейстері);
- қуат көздері.
- Перифериялық құрылғы компьютерді сыртқы әлеммен байланыстырады. Осы құрылғылардың тізімі шектеусіз. Оларға төмендегі құрылғылар кіреді:
 - енгізу (пернетақта, тышқан, трекбол, джойстик, сканер, дыбыс пен суреттіцифрлау құрылғысы);
 - шығару (мәтіндік және графикалық мониторлар, принтерлер, плоттерлер, дыбыстық жүйелер және т.б.);
 - коммуникациялық (модемдер, жергілікті және жаһандық желілердің бақылағыштары);
 - ақпаратты сақтау (қатты және икемді дисктер, оптикалық және магнитті оптикалық дисктер және т.б.).



4.1-сур. ДҚ жалпы құрылымдық сызбасы

Сонымен қатар, компьютерге көптеген арнайы әзірленген құрылғыларды қосуға болады.

ДҚ айтылған негізгі компоненттері бір-бірімен интерфейс арқылы байланысқан. Интерфейс - бұл электронды сызбалар, сызықтар, шиналар, сигналдар, сигналдарды құрылғылармен түсіндіру ережелерін қамтитын және ЭЕМ компоненттері арасында ақпаратты беруге арналған бағдарламалық және аппараттық аспаптардың жиынтығы. Шиналар (магистральдар) көбінесе адресстер, деректер мен басқару шиналарынан тұрады.

ДҚ құрамына сондай-ақ тактілі жиілік генераторы да кіреді. Ол компьютердің компоненттерінің жұмысын синхрондауға (яғни уақытқа сәйкестендіруге) арналған. Генератор процессордың типіне байланысты болатын жиілікпен импульстардың мерзімді реттілігін қалыптастырады.

Осы компоненттерді қарастырайық.

4.2. КОМПЬЮТЕРДІҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІГІ

Процессор. Процессор ДҚ басты компоненті болып табылады. Кейде орталық процессор (ОП) деп аталатын ол келесі функцияларды орындайды:

- ДҚ барлық басқа компоненттерінің жұмысын басқару мен үйлестіру;
- негізгі жадыдан өңделетін деректер мен командаларды іріктеу;
- командаларды қайта кодтау;

- командаларда кодталған, арифметикалық-логикалық және басқа да операцияларды арифметикалық-логикалық құрылғылардың (АЛҚ) көмегімен орындау;

- процессор және негізгі жады арасында деректерді беру, сонымен қатар процессор мен енгізу-шығару құрылғыларының арасында деректерді беру;

- енгізу-шығару құрылғыларынан сигналдарды жетілдіру, соның ішінде осы құрылғыларданүзiк сигналдарды жетiлдiру.

Процессор – өте күрделі сандық электронды құрылғы. Бағдарламаны жазуға кірісерде бағдарламашы онда көрсетілген немесе орындауға әсер ететін бағдарламаның элементтерін анықтауы тиіс. Бұл элементтерге:

- процессоркомандаларының форматтары мен жүйелері;
- әртүрлі командалардың орындалу ұзақтығы;
- бағдарламалық-қолжетімді тіркеуіштердің (жасалатын бағдарламаларда пайдаланылатын тіркеуіштер) атаулары (немесе нөмірлері);

- разрядты тордың ұзындығы (разрядтылық);
- сыртқы құрылғылардың адрестелу ережелері және енгізу-шығару операциясын орындау ерекшеліктері;

- адресік кеңістіктің өлшемі;
- үзілулерді өңдеу сызбасы жатады.

Аталған элементтер процессордың сәулетін құрайды және жиынтықта бағдарламашының көзқарасы тұрғысынан оның үлгісін ұсынады.


Процессордың құрамына үнемітөмендегі негізгі компоненттер кіреді (4.2-сур.):

- басқару құрылғысы (БК);
- арифметикалық-логикалық құрылғы (АЛҚ);
- тіркеуіштержинағы түріндегі жады.

Басқару құрылғысы микрокомпьютердің барлық компоненттеріның жұмысын басқаруға және әртүрлі компоненттердың бір-бірімен өзара тиісті әрекеттестігін қамтамасыз етуге арналған.

БК енгізуде ДҚ керек нүктелеріне берілетін басқару сигналдарының шығыс болып табылатын операцияларды орындайтын кодтар түсетін сандық электронды сызбаны құрайды.

Арифметикалық-логикалық құрылғы арифметикалық және логикалық операциялардың орындауға арналған. АЛҚ негізі - әртүрлі операцияларға баптала алатын және оларды тікелей жүзеге асыратын сандық электронды құрылғы. Операциялық блокты нақты операцияға баптау және оны орындау қадамдарының реттілігі БҚ-нан басқарушы сигналдардың көмегімен қамтамасыз етіледі.



4.2-сур. Процессордың негізгі компоненттері

Тіркеуіштер – ақпаратты екілік сан немесе код түрінде сақтауға арналған электронды сандық құрылғы. Тіркеушідегі сақтау элементі триггер болып табылады. Көп жағдайда тіркеуші бір-бірімен байланысқан бірнеше триггерлерден тұрады. Тіркеушідегі триггерлер саны тіркеушінің разрядтылығын анықтайды.

Көптеген тіркеушілер өз функциялары бойынша ерекшеленген. Бір тіркеушілер бағдарламашылар үшін қолжетімсіз (тіркеуші-аккумулятор, бағдарламалық есептеуіш (командалар есептеуіші, командаадресін тіркеуші және т.б.), командалар тіркеушісі, жадыадресін тіркеуші және т.б.), ал басқаларын бағдарламашы өзінің бағдарламасында пайдалана алады.

Аккумулятор АЛҚ-ға кіреді және АЛҚ-да операцияны орындар алдында операндтардың бірін сақтауға немесе операция нәтижесін аз уақытқа сақтауға арналған. Операнда-ағымдық операцияда пайдаланылатын деректер. Мысалы, қосу операциясында операндалар екі қосылғыш болып табылады.

Бағдарламалық есептеуіш кезекті орындалатын команданыадресін қалыптастыру мен сақтау үшін пайдаланылады. Әр команда орындалғаннан кейін бағдарламалық есептеуіште келесі команданыадресі болады, сол бойынша команда ДК жадында сақталады.

Командалар тіркеушісі ағымдық орындалатын командалар кодын сақтау үшін пайдаланылады. Команданың құрылымы мен ұзындығының бірнеше түрі болады. Операция коды нақты операция кодына байланысты басқарушы сигналдардың белгілі бір сериясын БҚ-да қалыптастыру үшін қолданылады.

Жад адресін тіркеуші команда, операнда және нәтиже кодын сақтау үшін қызмет етеді. Жадыадресін тіркеушіпроцессордың құрамына емес, ДК жады элементтерінің құрамына кіреді.

Процессордың құрамына, жоғарыда айтып өткендей, бағдарламашы өзінің бағдарламасында пайдалана алатын тіркеушілер енеді. Олардың құрамы мен мақсаты әр түрлі процессорларда әр түрлі. Алайда олардың ішінде үнемі процессордың күйісөздері (ПКСТ) және жалпы мақсаттағы бірнеше тіркеушілер болады (ЖМТ).

ПКСТ процессордың және олар орындайтын бағдарламаның күйін уақыттың әрбір кез келген сәтінде көрсете алатын күй сөзі сақталады.

ЖМТ әдетте нақты функционалды мақсаты жоқ. Бағдарламашы өзінің бағдарламасында оларды керек деп санайтындай іске қоса алады. Барлық ЖМТ бірегей атаулары (немесе нөмірлері) болады, олар бағдарламарда жазылады.

Қазіргі уақытта "процессор" сөзінің астарында өзінің орталық процессорларының (CPU) басқа микросызбаларды және - мысалы, кеш-жадынемесе ішкі қосымша процессорын(FPU) білдіреді.

Қосымша процессор– ОП бірігіп жұмыс істейтін, бірақ әмбебаптығы аздау интегралды арнайы сызба. ОП-ден ерекшелігіқосымша процессордың командалар есептеушісі жоқ. Қосымша процессор арнайы функциялар жиынтығын орындауға арналған: нақты сандармен (математикалық қосымша процессор) операцияларды орындау, графикалық суреттер мен үш өлшемді сценаларды (графикалық қосымша процессор) дайындау, сигналдарды сандық өңдеу (сигналқосымша процессор) және т.б.

Сақтау құрылғысы. Процессор негізі жадыда боатын деректерді ғана өңдей алады.

Компьютердің негізгі жады ақпаратты – процессордың командалар кодын (нұсқаулықтарды) және деректерді аз немесе ұзақ уақытқа сақтауға арналған. Ақпарат жадыдаекілік кодтарда сақталады. Ақпаратты сақтаудың ең кіші бірлігі - бит, жадыдағы ең аз адрестелетін бірлік - байт. Осылайша, әр сегіз бит жадының бірегей адреске ие, онда процессор түрімен анықталатын, белгілі бір разрядтылықтың екілік санын құрайды:

1 байт = 8 бит;

2 байт = 1 жарты сөз = 16 бит;

4 байт = 1 сөзге = 32 бит;

8 байт = 1 екі сөз = 64 бит.

Негізгі жады әдетте екі бөліктен тұрады: оперативті сақтау құрылғысы (ОСҚ, RAM) және тұрақты сақтау құрылғысы (ТСҚ, ROM).

Оперативті сақтау құрылғысы ондағы деректерді оқу мен оған жаңа деректерді жазуды қамтамасыз етеді. ДК-де ОСҚ әдетте энергияға тәуелді жады ретінде іске асырылады, яғни бұндай жады ДК сөндіргенде жойылады.

Тұрақты сақтау құрылғысы тек оған бір кезде жазылған

деректерді оқуды ғана қамтамасыз етеді. Осылайша, ТСК ішіндегі процессор өзгерте алмайды, ол тұрақты (жадының атауы да осыдан шыққан). Бұл құрылғы энергияға тәуелді жады ретінде жасалады: оның құрамындағы ДК қуат көзінен сөндіргенде жойылмайды. ТСК-на керек деректерді жазу ДК тыс арнайы құрылғыларда жүзеге асырылады. ТСК-на әдетте кейбір аса маңызды немесе өзгертуге жатпайтын бағдарламалар және сан-алуан константалар орналастырылады. ТСК ДК-ді қосқанда аппараттық құралдардың тестіленуін және инициализациясын, сонымен қатар ақпаратты сақтау құрылғысынан басқа кез-келген БҚ жүктелуін қамтамасыз етеді. Бұл бөлігі базалық енгізу/шығару жүйесі (BIOS) деп аталады. Әдетте BIOS операциялық жүйені (ОЖ) жүктейді, оның негізгі мақсаты қолданбалы бағдарламаларды іске қосу және оларға кейбір сервистерді ұсыну.

Енгізу-шығару интерфейстері. Енгізу-шығару құрылғысы қалыптастыратын немесе қабылдайтын сигналдардың саны мен түрі, негізінде ДК барлық компоненттерімен байланысты жүйелік магистральдар бойынша берілетін және қабылданатын сигналдардың саны мен сипатынан ерекшеленеді. Сондықтан енгізу-шығару құрылғысын компьютерге тікелей қосуға болмайды. Аталмыш құрылғыға сәйкес келетін енгізу-шығару интерфейстік блогы жүйелік магистраль сигналдары мен енгізу-шығару құрылғыларының тиісті келісімін қамтамасыз етеді.

Интерфейс (бақылағыш, адаптер) – аппараттық және бағдарламалық құралдардың көмегімен екі құрылғының бір-бірімен жанасу құрылғысы екенін еске түсірейік.

Интерфейстер әдетте адаптерлер мен бақылағыштарға бөлінеді.

Адаптер компьютердің қандай да бір шинасының қандай да бір құрылғылармен жанасу құралы болып табылады.

Бақылағыш осы мақсаттарға қызмет етеді, бірақ бұл ретте оның біршама белсенділігі туралы айтылады, яғни орталық процессордан командаларды алғаннан кейін өздігімен әрекет етуге қабілеттілік. Күрделі бақылағыштың құрамында өзіндік процессор болуы мүмкін.

"Адаптер" мен "бақылағыш" терминдерін көбіне синоним деп есептеп ажырата қоймайды.

Ақпаратты басқару және алмасу үшін бақылағыштардың жадының адрестік кеңістігінде де, енгізу/шығару арнайы адрестік кеңістігінде де орналаса алатын енгізу/шығару тіркеуіштері бар.

Порт – бұл адрестік кеңістіктің енгізу/шығару бірлігі. Порттың көлемі әртүрлі болуы мүмкін (8, 16, 32 бит).

Жүйелік шина. Жүйелік шинада әдетте адрестік шина, деректер шинасы және басқару шинасы болады.

Кез-келген шина төмендегі параметрлермен сипатталады:

- өткізу қабілеттілігімен – шина арқылы уақыт бірлігіне берілетін ақпарат саны;
- шина арқылы өте үлкен жиілікпен берілетін ақпараттық сигнал;
- қосылатын құрылғылар арасындағы ең жоғары мүмкін қашықтық;
- шинадағы сымдардың (желілердің) жалпы санымен;
- шинаның ақпараттық ені - шина арқылы параллель берілетін, деректердің бит немесе байт саны.

Шиналардың әрқайсысы процессор белгілі бір электрлік сигналдарды беретін немесе қабылдайтын өткізгіштердің жиынтығынан құралған. Кез-келген шина ақпаратты беру разрядтылығы мен жылдамдығымен сипатталады.

Адрестік шина жады ұяшықтары, тіркеуіш немесе сыртқы құрылғыларға арналған.

Деректер шиналары деректерді беру мен қабылдауға арналған. *Басқару шинасы* кез-келген адрес немесе деректерді берумен жалғасатын басқару сигналдарын беру үшін пайдаланылады.

Қуат көзі. ДК-декөбінесе тұрақтанған кернеу +12, -5 және +5 В қолданылады. Бұл кернеу жинағы әртүрлі микрокомпьютерлер кластары үшін өзгеруі мүмкін. Қуат көзінің міндеті осы кернеулерді қалыптастырудан тұрады.

Жүйелік тақта. Компьютердің орталық бөлігінің жүйелік тақтада (system board) орналасқан барлық компоненттері кейде аналық (mother board), негізгі немесе басты тақта (main board) деп аталады.

Жүйелік тақталар бір-бірінен формалы факторлармен (form factor) — ол орнатылуы мүмкін, корпусың түрін анықтайтын, тақтаның физикалық параметрлерімен ерекшеленеді.

Жүйелік тақталарды әзірлеуде кезде ескерілетін барынша кеңінен таралған бірнеше формалы факторлар болады. Жүйелік тақталардың формалы факторлары екі типті болады: стандартты емес және стандартты (өзара ауыстырылатын).

Стандартты емес формалы факторлар компьютерлерді жаңартуға кедергі болып табылады.

Заманауи формалы факторлар негізінен тақталардың әр типінің сәйкестігін кепілдендіретін өндірістік стандарт болып табылады. Бұл дегеніміз, жүйелік тақта, мысалы ATX, сол типті басқа тақтамен ауыстырылуы мүмкін деген сөз.

Бұдан әрі жүйелік тақталардың кейбір формалы факторлары айтылған:

- ескірген: Baby-AT; Mini-ATX; толық өлшемді тақта AT; LPX;
- заманауи: ATX; micro-ATX; Flex-ATX; NLX; WTX, CEB;

- енгізілетін: Mini-ATX және Nano-ITX; Pico-ITX; BTX, MicroBTX және PicoBTX;

- Compaq, Packard Bell, Hewlett-Packard және т.б. компанияларының тәуелсіз әзірлеушілері.

Жүйелік тақталар төмендегі компоненттерді қамти алады:

- процессорға арналған ұя;
- жүйелік логиканың микросызбалар жинағы (North/SouthBridge немесе Hub компоненттері);

- Super I/O микросызбасы;
- енгізу/шығарудың базалық жүйесі (ROM BIOS);
- SDRAM/DDR/DDR2 түріндегі жады модульдерінің ұяларын орнатуға арналған DIMM/RIMM жады модульдерінің ұялары (әр жады типі үшін әртүрлі). Көбінесе олар 3 – 4, дегенмен ықшам тақталарда тек 2 слотты да кездестіруге болады;

- ISA/PCI/AGP шиналар жалғастырғышы;

- Диск жинақтағыштарды қосуға арналған IDE және/немесе SerialATA шиналарын жалғастырғыштары – қатты дисктер және оптикалық жетектер. Барлық диск жинақтауыштары жүйелік тақтаға арнайы кабельдердің көмегімен жүйелік тақтаға қосылады, ауызекі тілде "шлейфтер" деп аталады;

- floppy-диск жетекке (3,5" дискеталар) арналған жалғағыш;
- AMR (Audio Modem Riser) жалғағышы;
- CNR (Communications and Networking Riser) жалғағышы;
- біріктірілген аудио және бейнеадаптерлер;
- процессордың жанында қуат көзіне қосуға арналған (көбінесе екі типті – +12V қосымша желісі үшін 24-байланыстырғыш ATX және 4-байланыстырғыш ATX12V) және күш транзисторлары, дроссельдер және конденсаторлардан тұратын, екі үш немесе төрт фазалы кернеуді реттеу модулі VRM (Voltage Regulation Module) орналасқан. Бұл модуль қуат блогынан берілетін кернеуді түрлендіреді, тұрақтандырады және фильтрлейді;

- жүйелік тақтаның артқы бөлігін қосымша сыртқы құрылғылар – монитор, пернетақта мен тышқанды, желілік, аудио және USB-құрылғыларын қосуға арналған жалғағыштары бар панель орналасады;

- батарея.

Жоғарыда айтылған слоттар және жалғағыштардан басқа кез-келген жүйелік тақтада өте көп қосымша джамперлер (қосқыштар) және жалғағыштар болады. Бұл жүйелік динамикті қосуға арналған түйіспелер және корпусстың алдыңғы панеліндегі батырмалар және индикаторлар мен желдеткіштерді қосуға арналған жалғағыштар және қосымша аудио жалғағыштарды қосуға арналған түйіспелі қалыптар және USB және

FireWire жалғағыштары болады.

Корпус және қуат блогы. Компьютердің барлық орталық бөлігі корпуста болады. Компьютердің орталық бөлігі және корпустың өзі жүйелік блокты құрайды.

Корпус - оның ішкі элементтерін механикалық зақымданулардан қорғайтын дербес компьютердің жүйелік блогының сыртқы қабықшасы. Корпусында жүйелік блоктың барлық құрамдастары үшін арнайы бекітпелер орналасқан. Бұдан басқа ережеге сай компьютердің электронды компоненттері үшін қажетті тұрмыстық желінің ауыспалы тоғын тұрақты тоққа түрлендіретін қуат блогымен жиынтықталады. Қуат беру блогы аталмыш корпусқа сәйкес келетін сипаттамаларға ие, атап айтқанда барлық мүмкін құрылғылар үшін қажетті өте үлкен қуаты және қуат беру жалғағыштарының белгілі бір саны бар.

Негізінде жүйелік блоктың корпусында компьютерді басқаруға арналған (қосу/өшіру, қайта жүктеу) бірнеше батырмалар, жұмыс режимінің жарықдиодты және сандық индикаторлары, қондырылған динамик және қуат көзін жалғағыш(Power) болады.

Компьютердің жүйелік блогы компьютердің барлық компоненттері орналасуы үшін және қосымша жабдықтарға орын қалуы үшін жеткілікті үлкен болуы тиіс. Оның стандартты болуы, ДК қосымша элементтері көлемі бойынша келуі өте маңызды. Корпустың "стандарттылығын" анықтайтын негізгі параметрлер формалы фактор деп аталады. Компьютерлерге арналған формалы фактор корпустың өзіне де, оған орнатылатын аналық тақта үшін де анықталуы мүмкін.

Қазіргі таңда корпуста компьютер компоненттерін орналастырудың екі стандарты бар: АТХ және ВТХ. ВТХ өте заманауи формалы факторлар сирек кездеседі. ВТХ корпустарында аналық тақта оң жағында, АТХ корпустарында - сол жағында орналасады.

Корпустың басқа мүмкін опцияларының ішінде кіріктірілген салқындату жүйесін, алдыңғы аудиожалғағыштар және USB-шығыстарының, пернетақтаны бұғаттауға арналған құлыптың(Lock) болуын атап өткен жөн. Әртүрлі фирмалардың корпустары дизайны мен габариттері бойынша сәл ерекшеленуі мүмкін.

Корпус келесі топтарға бөлінеді:

- көлденең (үстел үсті) (Desktop);
- тігінен (мұнаралық) (Tower);
- бәрі біреуінде(All-in-one);
- ықшам(тасымалды) (Portable computer).

Әр топтың ішінде өлшемдерінде айырмашылық бар. Көлдененінен (мм):

- Desktop (533x419x152);

- FootPrint (406x406x152);
- Mini-footprint (15,2x40,6x40,9);
- SlimLine (406x406x101);
- UltraSlimLine (381x352x75);
- Baby-AT (нұсқалары бар);
- Case (нұсқалары бар).
- Тігінен (мм):
- SuperBigTower (нұсқалары бар);
- BigTower (190x482x820);
- Full tower (нұсқалары бар);
- MidiTower (173x432x490);
- MiniTower (152x432x432);
- Microtower (нұсқалары бар).
- All-in-one – бұл жүйелік блок және монитор бір корпуста орналасқан үстел үсті ДК.

Біқшам компьютер әртүрлі нұсқалардың тұтас тобын қамтиды, мысалы, тізелік (Laptop) немесе блокноттық (Notebook).

Бұл жағдайларда жүйелік блоктың корпусында монитор, пернетақта, трекбол, ал кейбір үлгілерінде CD-ROM дискжетегі де болады.

Микроэлектрониканың дамуына қарай блоктардың көлемдерінің кішіреу үдерісі байқалады.

Корпустың дизайнының да маңызы кем емес, ол компьютердің сыртқы түрін анықтайды. Моддиндік корпустар арнайы суыту жүйесіне, арнайы жарық беру жүйесіне ие болуы мүмкін, оған әртүрлі перифериялық құрылғылар, мысалы стереокүшейткіштер қондырылуы мүмкін. Ал ыңғайлы кеңсе жұмысы үшін төмен шу деңгейі бар (low-noise) корпустар шығарылады, ондашуы аз желдеткіштері бар қуат беру блоктары қолданылады. Корпустың дизайны үй компьютерін сатып алу кезінде анықтаушы мәнге ие –себебі ол қандай да бір техникалық сипаттамаларға ие болып қана қоймай, сонымен қатар бөлменің интерьеріен де үйлеседі.

Жүйелік блок корпусының типіне қарай пайдаланылатын жүйелік тактаның орналасуы мен өлшемдері, типі, қуат көзі блогының үлкен қуаты мен орнатылатын жинақтауыштардың жетектері байланысты. Қазіргі уақытта жинақтаушылардың екі типтік өлшемі бар: ені 5,25 дюйм (CD-ROM, DVD-RW жетектері, картридерлер) және 3,5 дюйм (қатты дисктер, флоппи-дискжетектер).

Компьютердің қуат беру блогы корпуста жатады және онымен бірге сатылады. Ол жүйелік блоктың ішіндегі барлық компоненттерге қуат беру үшін жеткілікті қуаттылыққа ие болуы тиіс; оның екінші функциясы – барлық жүйені желдету мен салқындату. Көптеген компоненттер,

әсіресе қута беру блогының өзі, орталық процессор және қатты диск жұмыс уақытында қатты қызып кетеді. Егер қажеттіжелдету қамтамасыз етілмесе қызып кетуден істен шығуы мүмкін.

4.3. КОМПЬЮТЕРДІҢ ПЕРИФЕРИЯЛЫҚ БӨЛІГІ

Жоғарыда айтылған перифериялық жабдықтардан басқа сан-алуан модемдер, адаптерлер мен басқа жабдықтар бар.

Модем (модулятор-демодулятор) белгіленген және коммутацияланған телефон желілерін пайдаланумен үлкен қашықтықтарға ақпараты беру үшін қызмет етеді.

Желілік адаптерлер жергілікті желілерде (ЖЕЖ) компьютерлерді біріктіру үшін қызмет етеді. Жергілікті желілерге арналған арнайы кабель жүйесі тартылады және абоненттерді қосудың мүмкін нүктелерінің орналасуы осы кабель жүйесімен шектелген. Жергілікті желіні ірі масштабты желілерге біріктіруге болады.

Дыбыс адаптерлері моно немесе стерео жазбажәне дыбысты көшіру үшін қызмет етеді.

Game-порт ойын құрылғыларын, мысалы джойстикті қосу үшін қызмет етеді.

Сыртқы интерфейстерге біршама көп құрылғылар спектрі: тышқан, трекбол, сыртқы модем–СОМ-портқа, принтерлер, сыртқы жинақтауыштар – LPT-портқа қызмет етеді.

ДК-ге жабдықты қосу кезінде компьютергеосы құрылғымен қалай жұмыс жасау керектігін хабарлау қажет. Ол үшін аппаратурамен басқарылатын драйверлер немесе бағдарламалар бар. Олар перифериялық құрылғылардың арнайы сипаттамалары мен ерекшеліктерін көрсетеді. Драйверлермен қарым-қатынас жасайтын ережелер анықталды. Әдетте жүктеу тетіктерін, инициализация мен түсіру және драйверге кіру нүктелері анықталады.

Командалар жинағының сәулеті - бағдарламалауға қатысы бар компьютердің жалпы сәулетінің бөлігі. Ол аппаратура мен бағдарламалық қамсыздандыру арасындағы шек қызметін атқарады және бағдарламашыға ғана көрінетін жүйенің бөлігіннің көрінісін құрайды. Командалар жинағының сәулеті ішкі деректер типтерін, машиналық командаларды, тіркеуіштерді, адресстеурежимдерін, жады сәулетін, тоқтау мен ерекше жағдайларды өңдеуді, сондай-ақ сыртқы енгізу-шығару құрылғыларымен өзара байланысты анықтайды.

Есептеу техникасының дамуының қазіргі кезеңінде компьютерлік өндірісте пайдаланылатын командалар жинағының екі негізгі сәулеті CISC және RISC сәулеттері болып табылады.

CISC (Complex Instruction Set Computer – күрделі командалар жүйесі бар компьютер) төмендегі сипаттарға ие:

- жалпы мақсаттағы тіркеуіштердің салыстырмалы кішігірім саны;
- машиналық командалардың үлкен саны;
- адресстеу әдістерінің үлкен саны;
- әртүрлі разрядтылық командалары форматтарының үлкен саны;
- екі адресстік командалар форматының басым түсуі;
- тіркеуіш-жады түрін өңдеу командаларының болуы.

CISC-сәулеті бар процессорларды әзірлеуде Intel компаниясы өзінің x86 және Pentium-ымен үздік болып саналады.

RISC (Reduced Instruction Set Computer – жеңілдетілген командалар жүйесі бар компьютер) төмендегі сипаттамасы бар:

- қысқартылған командалар жинағы;
- конвейерлік өңдеу;
- кез-келген команданы орындау үшін машина тактілерінің кішігірім саны;
- белгіленген форматты және белгіленген ұзындықты командаларды пайдалану;
- тіркеуіштердің үлкен саны.

RISC-сәулеті жұмыс станциялары мен серверлері үшін қолданылады. Pentium P54C, P6, Nx586 процессорларында және басқа қазіргі процессорларда CISC және RISC арасындағы ерекшеліктерді жойып, RISC-сәулеті идеясы кеңінен пайдаланылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ДК жалпы құрылымына не кіреді?
2. Процессор не үшін қажет?
3. Процессордың негізгі сипаттамалары қандай?
4. Тіркеушілердің қандай түрлері болады?
5. Сақтау құрылғыларына не жатады?
6. Енгізу-шығару интерфейсінің мақсаты қандай?
7. Шиналардың мақсаты қандай?
8. Қуат беру блогы не үшін қажет?
9. Жүйелік тақтаның мақсаты қандай?
- стандартты оперативті жады (Conventional Memory);
- UMA (Upper Memory Area);
- EMS (Expanded Memory Specification);
- HMA (High Memory Area);
- XMS (Extended Memory Specification).

Стандартты оперативті жады. 640 Кбайт орын алады. 0000 : 0000 адресінен басталып A000 : 0000 адресіне дейін жалғасады. Онда қолданбалы бағдарламалар мен деректердің көп бөлігі орналасады. Бұл аймақ шынайы режимдегі бағдарламалар үшін қолжетімді болып табылады.

Стандартты оперативті жады төрт бөлікке бөлінеді:

- үзілу векторларының кестесі – 1 Кбайт. Операциялық жүйеге және ДК жұмысына қызмет ететін серверлік бағдарламалардың 256 адресінентұрады;

- BIOS деректер аймағы – 768 байт. Онда пернетақта буфері мен ДК бойынша басқа ішкі ақпарат орналасады;

- операциялық жүйеге арналған аймақ;

- жадының негізгі аймағы.

UMA. UMA– жоғары жады. 384 Кбайт-ты алады. Кеңейту карталары, соның ішінде видеокарталар адаптер деп аталады, сол себепті бұл аймақты кейде адаптер сегменті деп атайды. A0000h-данFFFFh дейінгі адрес жадының диапазоны. Онда келесі негізгі аймақтар жіктелген:

- видеожады;

- ROM BIOS;

- ДК орнатылған, адаптерлерде орналасқан жады модулі;

- UMB (Upper Memory Block) деп аталатын, бос аймақ.

ДКде орнатылған видеокарта дисплейге графиканы немесе мәтіндік ақпаратты шығару үшін жадының бір бөлігін пайдаланады. Видеокартаның көлемі 4 Мбайт, 8 Мбайт немесе одан да көп көлемді жады болады, бірақ бұл жады видеокартадағы микосызбалар жинағымен пайдаланылады және A0000h – C0000A адрес диапазонында көлемі 128 Кбайт дейінгі видеокартаға тікелей жүгіне алатын, жекелей режимдерден басқа, процессорға тікелей қолжетімсіз болып табылады.

Барлық қазіргівидеокарталарда әдетте C0000-ден C8000h дейінгі адрестер шегінде тақтада орналасқан, BIOS болады. Жадының бұл кеңістік бөлігі видео картаны енгізу/шығару базалық жүйесі үшін алдын ала брондалған. Видеокартаның рұқсат ету қабілеті мен түс тереңдігі неғұрлым жоғары болса, видеокарта жүйелік жадының көп бөлігін қолданады, бірақ бұл қосымша жады (128 Кбайттан жоғары) әдетте процессорға қолжетімсіз болып келеді. Жүйе видеокартаға не көрсетілу керектігін хабарлайды, ал ол тақтадағы видеокартаға деректерді тікелей орналастырып, суретті түрлендіреді.

Видеокарталардың көпшілігінде шығарыталын ақпаратты сақтау мен экранның регенерациясын жылдамдату үшін қосымша RAM микросызбасы орнатылады.

Мониторға шығарылатын ақпаратты сақтауға арналған жадыны стандартты бөлуде 128 Кбайттағы аймақ резервтеледі. Бұл резервтелген видеожады A000 және B000 сегменттерінде орналасады. BIOS үшін видеокарта жадының жоғарғы қосымша фрагментін C000 сегментінде қолданады.

Сондай-ақ UMA адресі қатты дисктің BIOS бақылаушыларын орналастыру үшін пайдаланылады. Әдетте қатты диск BIOS адаптерлері үшін қолданылатын, жады көлемі мен адрес диапазондары 5.5-кестеде келтірілген.

Сонымен қатар желілік адаптерлердің тақталары C000 және D000 сегменттеріндегі жоғарғы жады аймағын пайдалана алады. Жады пайдаланатын өлшем мен бастапқы адресі желілік тақтаның типіне және оны дайындаушыға байланысты. Осы тақталардың кейбіреулері үшін жады мүлдем керек емес.

Соңғы резервтелген 128 Кбайт жады ROM микросызбаларында жазылған жүйелік BIOS үшін қолданылады.

5.5 - Кесте		
Адаптер түрі	BIOS көлемі, Кбайт	BIOS адресінің диапазоны
EIDE бақылағыштарының көпшілігі	16	C8000 – CBFFF
SCSI кейбір бақылағыштары	16	C8000 – CBFFF немесе DC000 – DFFFF

BIOS бағдарламалары жүктеу процессінде компьютерді басқарады, ал әдеттегі жұмыс уақытында жүйе компоненттерінің драйвері қызметін атқарады. Бұл бағдарламалар компьютерді қосқаннан кейін бірден қолжетімді болуы тиіс болғандықтан, оларды дискке жүктеуге болмайды. Оларға мыналар жатады:

- POST– жүйелік тақтаны, дисктік жинақтағыштар бақылаушыларын, видеоадаптерлерді, пернетақтаны және компьютердің басқа компоненттерін тексеру үшін пайдаланылатын рәсімдер. POST тесті жүйедегі ақауларды іздеуді айтарлықтай жеңілдетеді;

- икемді немесе қатты дисктегі операциялық жүйені бастайтын жүйелік жүктеуші. Егер операциялық жүйе табылса, онда ол жадыда жүктеледі және оған компьютерді басқару беріледі.

BIOS компьютердің барлық аппараттық құралдары үшін басты басқарушы бағдарлама не болмаса бағдарламалық интерфейсін білдіреді. BIOS көмегімен компьютердің кез-келген құрылғысына рұқсатты алатын орындалатын бағдарлама, бұл ретте бірден құрылғының өзіне жүгінбей, стандартты бағдарламалық BIOS модульді шақырады.

CMOS Setup бағдарламасы жүйе конфигурациясы кезінде қолданылады. Ол әдетте бастапқы жүктеуде белгілі бір пернені басқанда (немесе пернелер комбинациясы) белсенді болады. Бұл бағдарлама жүйе конфигурациясының негізгі параметрлерін және енгізу-шығарудың

базалық жүйесінің мүмкіндіктерін, жүйелік тақтаның және жүйелік логиканың микросызбалар жинағын, қорғау құралдарының (құпиясөз) мүмкіндіктерін орнатады, ал кейбір жағдайларда диагностиканың қарапайым бағдарламаларын орындайды. CMOS Setup бағдарламасы үнемі ROM-да сақталмайды; кейбір компьютерлерде ол икемді немесе қатты дисктен жүктеледі.

Стандартты компьютерде BIOS аймағы тек F000 (64 Кбайт) сегментін ғана алатынын айта кеткен жөн. Көп жағдайларда E000 сегменті толығымен бос болады және оны жоғары жады блогы ретінде пайдалануға болады.

EMS. UMA-да жүйемен сәйкестендірілмейтін жадының көптеген аймағы болады. EMS осы учаскелерді пайдалануға мүмкіндік береді. Ол үшін EXE, DOS және Windows стандартты жеткізуіліміне кіретін арнайы EMM386 драйвері бар.

HMA. Бірінші блок көлемі 64 Кбайт 1 Мбайтты шектен жоғары. HIMEM.SYS драйверін пайдаланғанда қол жетімді.

XMS. 100000h жоғары жады – Extended Memory – тек қорғалған режимде ғана тікелей қолжетімді болатын қосымша немесе кеңейтілген жады.

HIMEM драйверімен қолжетімді болады. SYS үстінен EMM386 драйвері де жүктелуі мүмкін.

5.6. SRAM ТИПТІ ЖАДЫНЫ ТҮРЛЕНДІРУЛЕР

SRAM – SRAM жадын регенерациялауды қажет етпейтіндігін қоспағанда, DRAM-ге ұқсас жады.

SRAM ДК айтарлықтай тез әрекеттігін арттыруын қамтамасыз етеді, алайда бұл ретте ДК құны өзгеріп кетеді, себебі SRAM микросызбасының құны DRAM құнынан әжептәуір қымбат. SRAM қолжетімділік уақыты – 10-нан 15 нс-ке дейін. Сондықтан SRAM элементтері құрылғыға арнайы тапсырмаларды (кэш-жады, BIOS) орындау үшін орнатылады.

SRAM элементтері, DRAM сияқты көбіне энергияға тәуелді жады болып табылады. Деректер өзгеріссіз қалуы үшін аккумулятордан кепілдендірілген қуат қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте SRAM элементтері тұтынатын тоқтың аздығы соншалық жадының құрамындағы (аккумулятор болған кезде) тіпті егер компьютер осы уақыттың ішінде бір ретқосылмасада, екі жылға жуық өзгеріссіз қалады.

Статикалық жадының төмендегі түрлері болады:

- A SRAM (Asynchronous SRAM);
- SB SRAM (Synchronous Burst SRAM);
- PB SRAM (Pipelined Burst SRAM).

A SRAM түріндегі микросызбада адрес, деректер мен басқару шиналарын қосатын, DRAM интерфейсіне ұқсас қарапайым асинхронды интерфейсi болады. Осы уақытқа дейін бұл түрдің микросызбалары статикалық жадылар үшін стандартты болатын. Мұндай микросызбалардың қолжетімділік уақыты 10-нан 20 нс-ке дейін. Бұл CPU 33 МГц дейінгі жүйелік шинаның такттық жиілігінде ғана деректерді күтуактынсыз пакеттік режимде (2– 1 – 1 – 1) оқуға мүмкіндік береді. Аса жоғары жиіліктерде уақытша диаграмма былай көрінеді: 3 – 2 – 2 – 2.

SB SRAM 66 МГц-тен артық емес жүйелік тактаның жұмыс жиілігінде 2– 1 – 1 – 1 уақытша диаграммасын қамтамасыз етеді және 8-ден 12 нс-ке дейінгі қолжетімділік уақытына иеленеді. Бұл статикалық жадының типі пакеттік операцияларды орындау үшін келеді және жүйелік шинамен синхрондалған. 66 МГц-тер артық жиіліктерде уақытша диаграмма 3 – 2 – 2 – 2 болады.

PB SRAM – SB SRAM жетілдірілген түрі. PB SRAM конвейерлік сәулеті 75 МГц-тан астам жиіліктеріндегі өте жылдам кэш-жады болуға мүмкіндік береді. Бұл жады типі 133 МГц дейінгі жиілігінде мынандай уақытша диаграмманы қамтамасыз етеді 3– 1 – 1 – 1. Рұқсат уақыты 8 нс-ке дейінді құрайды.

5.7. ЭНЕРГИЯҒА ТӘУЕЛДІ ЖАДЫ

Энергияға тәуелсіз жады NVRAM (None Volatile) белгіленеді. NVRAM кез-келген жағдайда жоғалмауы тиіс деректерді ұзақ уақыт мерзімінде сақтау үшін қолданылады. NVRAM элементтері электр қуатын қажет етпейді және деректерді ұзақ уақыт сақтайды. NVRAM BIOS-компьютерінің кодын, BIOSкеңейту картасын, перифериялық құрылығлар конфигурациясын, пернетақта скэн-кодтарын және т.б. сақтау үшін пайданылады.

Энергияға тәуелсіз жадының бірнеше типтері болады. Олар ақпаратты қайта жазу тәсілі бойынша ажыратылады және әртүрлі салаларда қолданылады. Олардың бірнешеуін қарастырайық.

- ROM (Read Only Memory);
- PROM (Programmable Read Only Memory);
- EPROM (Erasable Programmable Read Only Memory);
- EEPROM (Electrically Erasable Programmable Read Only Memory);
- Flash EEPROM (Flash Memory);
- FRAM (Ferroelectric RAM);
- MRAM (Magnetic RAM).

Қазіргі уақытта ROM микросызбалары оларға жазылған ақпаратты өзгертуге мүмкіндік бермейтіндіктен, іс жүзінде қолданылмайды. Осы микросызбаларды бағдарламалау оларды әзірлеу кезеңінде жүзеге асырылады. Кодты өзгертуге жаңа микросызбаны даярлау қажет болды.

PROM микросызбалары кеңінен қолданыла бастады. Бұл микросызбалар дайындалғаннан кейін бірнеше мәрте арнайы бағдарламалағыштармен бағдарламаланады. Бұдан басқа, PROM микросызбалары іс жүзінде электромагниттік өрістерге сезімтал емес.

EPROM микросызбалары бертінге дейін кеңінен таралды. Бұл микросызбалар бірнеше мәрте қайта бағдарламалана алады, COM- немесе LPT-порт арқылы ДК қосылатын, арнайы бағдарламалаушылардың көмегімен жасауға болады.

Жазылған ақпаратты өшіру микросызбаның корпусындағы арнайы терезе арқылы ультракүлгін сәулеленуді пайдалану арқылы жүзеге асады. Кейбір микросызбаларда терезе болмайды: оларда ақпаратты өшіру рентгендік сәулелену көмегімен жасалады. Сәулеленудің әсерімен барлық ақпарат бір уақытта бірнеше минут ішінде өшіріледі. Жазу электрлік сигналдардың көмегімен микросызбаның кез-келген ұяшығына байт бойынша жүргізіледі. Жазу біткеннен кейін терезе жазылған ақпаратты қорғау үшін жабылады. Сонымен қатар EPROM микросызбалары

принтердің белгі генераторы ретінде де пайдаланылады.

EEPROM микросызбалары электр сигналдарының көмегімен өшіріледі. Flash EEPROM арнайы бағдарламалағыштар көмегімен, ал тікелей PC қайта жазыла алады. EEPROM-мен салыстырғанда, оның басты артықшылығы–рұқсаттың аз уақытыжәне ақпаратты өшіру процесінің ұзақтығының аздығы.

Көптеген BIOS микросызбалары Flash EEPROM типіне жатады. BIOS жаңа нұсқасын орнату үшін арнайы бағдарлама қажет (тіккіш), ол негізінде аналық тақтамен және жаңа BIOS жүйесі бар файлмен бірге жеткізіледі.

Қазіргі уақытта флэш-жадының микросызбаларын жады микросызбаларының барлық ірі өндіруші-фирмаларышығарады. Флэш-жады тек PC-те ғана емес, сонымен бірге ұялы телефондарда, желілік жабдықтарда, принтерлерде және т.б. кеңінен қолданылады.

Флэш-жадыны жетілдірудің аяқталмаған мүмкіндіктеріне қарамастан, көптеген талдаушылар ыұшам құрылғылар нарығында оны жақында жаңа жады түрі – FRAM ығыстырады деп санайды. FRAM микросызбалары, жады элементтерінің дәстүрлі кремнилі технологиясынан ерекшелігі, металдартотығы (титан, цирконий, қорғасын және т.б.) қоспасы негізінде сегнетоэлектрлі қабатты пайдаланады. FRAM динамикалық DRAM (бірнеше мәрте жазу мүмкіндігі); статикалық SRAM (жоғары жылдамдық) және ROM жады (энергияға тәуелсіз) ең үздік сипаттамасын қамтиды. Бұл қасиеттердің үйлесімінсіз сақтау құрылғысын- деректер жоғалмайтын, жылдам жады жасауға мүмкіндік жасайды.

Жадының қаралған типтерінің кейбір көрсеткіштері 5.6-кестеде келтірілген.

MRAM – бұл энергияға тәуелсіз магнитті жадының жаңа буыны. Микросызбаның сақтаушы ұяшығының негізі – жартылай өткізгішті кристалл түріндегі көп қабатты магнитті шұра. MRAM үшін оқу мен жазу циклі 6 нс-тен аспайды.

5.6 - Кесте			
Көрсеткіш	EEPROM	Flash	FRAM
Жазу/бағдарламалау уақыты, нс	10 000	100	100
Қуат беру кернеуі, В	12 – 15	10 – 12	3
Оқу кезінде рұқсат уақыты, нс	50	35 – 200	100
Барлық ақпаратты өшіру уақыты, с	300	1–2	

5.8. ЖАДЫ ИЕРАРХИЯСЫ

Компьютердегі оперативті жадын ұйымдастыруда көп деңгейлі құрылымы болады. Аса жоғары деңгейлі жады түрінің көлемі шағын, бірақ рұқсат уақыты аса үлкен:

- 1-деңгей – тіркеушілер;
- 2-деңгей –L1 деңгейлі кэш-жады;
- 3-деңгей –L2 деңгейлі кэш-жады;
- 4-деңгей – жеделдетілген жады;
- 5-деңгей – сыртқы жады.

Заманауи компьютерлердің жады иерархиясын жүзеге асыру негізінде екі принцип жатыр:

- жүгінудің жергіліктілік принципі, яғни бағдарламалар адрес кеңістігінің кейбір шектелген бөлігіндегі өзінің командалары мен деректеріне жүгінуін орындайды;
- құн/өнімділік арақатынысы.

Көптеген деңгейлерге қарамастан, әр уақыт мезетінде жұмыс тек екі жақын орналасқан деңгейлерде ғана жүреді. Екі деңгейлі иерархияда ең аз ақпарат бірлігі блок деп аталады. Блоктың көлемі белгіленген немесе ауыспалы болады. Егер бұл өлшем белгіленген болса, онда жады көлемі деңгейде жүгінуде дәл тию мен мүлт кетулер болуы мүмкін. Дәл тию – бұл аса жоғары деңгейде табылған жадыдағы объектіге жүгіну, ал бұл кезде мүлт кетулер олар сол деңгейде табылмағанын білдіреді. Дәл тиюлер үлесі (дәл тию коэффициенті) аса жоғары деңгейде табылған жүгінулер үлесіне жатады. Кейде ол пайызда ұсынылады. Ағаттықтар үлесі аса жоғары деңгейде табылған, жүгінулер үлесіне тең. Дәл тиюлер мен қалт кетулер жиілігі жадының маңызды сипаттамасы болып табылады. Дәл тию кезіндегі жүгінулер уақыты - бұл өзіне уақытты да енгізетін иерархияның аса жоғары деңгейлі жүгіну уақыты.

Мүлт кетулердегі шығындар төмендегілерді қамтиды:

- аса жоғарғы деңгейдегі блокты аса төмен деңгейдегі блокқа ауыстыруға арналған уақыт;
- бұл блокты қажет етілген құрылғыға қайта жөнелтуге арналған уақыт.

Бұл ретте келесі түсініктер пайдаланылады:

- рұқсат уақыты – блоктың бірінші сөзіне жүгіну уақыты;
- қайта жіберу уақыты – блоктың қалған сөздерін қайта жіберуге арналған қосымша уақыт.

5.9. ЖАДЫНЫ ҚОРҒАУ

Біз жадыны блоктарға (беттер мен сегменттерге) бөлу туралы айтқан болатынбыз. Бағдарламалар жұмысы барысында бағдарлама кез-келген деректері болған (бағдарламалар, суреттер және т.б.) блокқа деректерді орналастыруын бастаған жағдайлар орын алуы мүмкін. Осылайша жадыда ақпараттың сақталуы бұзылады, сол себепті деректерді қорғау қажет. Негізінен қорғауды операциялық жүйе қамтамасыз етеді. ДК-де жадыны қорғаудың келесі түрлері бар: жадыны басқару кезінде қорғау және артықшылықтар бойынша қорғау.

Жадыны басқарудағы қорғау келесі тексерулерді жүзеге асырады:

- адресінің жады блогының шегінен тыс шығуы;
- жазуға немесе тек оқуға ғана жады блогына рұқсат құқығы;
- жады блогының функционалды мақсаты.

Адресінің жады блогының шегінен тыс шығуын тексеру шекаралық тіркеушілер әдісімен жүзеге асырылады. Шекаралық тіркеушілер әдісі жады блогының ұзындығы (немесе соңғы адресі) және блоктың бастапқы адрес операциялық жүйесін орнатуды білдіреді. Жады блогының ұзындығынан асып кететін, адрес бойынша жүгінуге талпыныс кезінде жадыны қорғаудың бұзылуы сигналы қалыптасады.

Жазу немесе тек оқу блогына ғана рұқсат құқығы ақпаратты санкцияланбаған түзету мәселесін шешеді.

Жады блогының функционалды мақсатын тексеру фон Нейман (жадыда орналасқан кез-келген ақпарат бағдарламаларға және деректерге функционалды түрде бөлінбейді) принциптерінен біршама ауытқуға әкеледі. Бұл тексеріс кезінде жады блогында болатын ақпаратта жасауға болатын операциялар анықталады. Егер блокта өндеуге жататын деректер болса, онда оларға ақпаратты жазуға да, оқуға да жүгінуге болады. Бағдарламаны құрайтын блокқа тек орындауға ғана жүгінуге болады. Бұл блоктан деректерді жазуға немесе оқуға кез-келген жүгінуге қателік ретінде қабылданатын болады.

Қандай да бір ақпаратқа рұқсат құқығын шектеуде артықшылықтар бойынша қорғау пайдаланылады.

Артықшылықтар бойынша қорғау процессормен танылуы тиіс әртүрлі объектілерде (бағдарламаларға, жады блоктарына және т.б.) белгілі бір сәйкестендіргіштерді (кілттерді) тағайындауды көздейді. Бұл сәйкестендіргіш артықшылық деңгейі дап аталады. Процессор келесі операцияларды орындау үшін сол бағдарламаның жеткілікті

артықшылығы барын үнемі бақылайды:

- кейбіркомандаларды орындау;
- қандай да бір сыртқы құрылғыда енгізу-шығару командаларын орындау;
- басқа бағдарламалардың деректеріне жүгіну;
- басқа бағдарламаларды шақыру.

Процессордағы деңгейлер саны операциялық жүйелер түріне байланысты. Осылайша, UNIX ОЖ екі негізгі деңгейі болады: супервизор (0 деңгейі) және пайдаланушы (1, 2, 3-деңгейлер) болады, ал OS/2 үш деңгейді қолдайды (0, 1, 2). Басым артықшылығы бағдарлама 0 деңгейіндегі болып табылады. Негізінде, операциялық жүйеде келесі артықшылықтар деңгейлері болады:

- 0-деңгей – жұмыстарды инициализациялауды, жадыға рұқсатты басқаруды, қорға және бұзылуы процессорды толығымен істен шығаратын бір топ басқа да өмірлік маңызы бар функцияларды қамтамасыз ететін ОЖ ядросы;
- 1 -деңгей – ОЖ бағдарламасының негізгі бөлігі (утилиттер);
- 2-деңгей – ОЖ қызметтік бағдарламалары (драйверлер, ДБҚЖ және т.б.);
- 3-деңгей – пайдаланушының қолданбалы бағдарламалары.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жадының қандай типтері бар?
2. Динамикалық жадының статикалық жадыдан айырмашылығы не?
3. Кэш-жады дегеніміз не?
4. Жадының уақытша диаграммасы нені білдіреді?
5. DRAMтипті жадының қандай түрленулері бао?
6. Қандай жады модулі болады?
7. Флэш-жады дегеніміз не?
8. Виртуалды жады қалай ұйымдастырылған?
9. Беттік жады қалай ұйымдастырылған?
10. Жадыны сегменттеудің мәнісі не?
11. Стандартты оперативті жадыға не жатады?
12. SRAMтипті жадының қандай түрленулері бар?
13. Энергияға тәуелсіз жады дегеніміз не?
14. Жады иерархиясының негізі неде?

ОРТАЛЫҚ ПРОЦЕССОР

6.1. МУР ЗАҢДАРЫ

Fairchild Semiconductor зерттеу бөлімінің директоры Гордон Мур 1965 жылы 19 сәуірде «Electronics» журналының мерейтойлық басылымында осы жылдардағы микроэлектроника прогресіне арналған мақаласын жариялаған. Ол бұл жұмыста «Бір кристалдағы сызба компоненттерінің барынша тиімді саны әр жыл сайын еселенеді» тезисін ұсынжы.

Осы тезисте технологиялық емес, экономикалық мүмкіндіктер көрсетіледі. Бұл нені білдіреді?

Интегралдық сызбалардың өндірістік процесінің сызбасын қарастырайық:

- «төсеніштер» – кремнилі цилиндр жеке дөңгелек бөліктерге кесіледі;
- масқалардың көмегімен әрбір төсеніште көптеген бірдей сызбалар қалыптасады;
- сызбалар арнайы тестермен тексеріледі;
- төсеніш жеке чиптерге кесіледі;
- жарамсыз чиптер жойылады;
- түзетілген чиптер жеке корпустарға оралады.

Түзетілген чиптердің саны 20-дан 80%-ға дейінді құрайды. Сонымен, өндіріс процесінде келесі көрсеткіштер маңызды: «төсеніштер» мөлшері, сызбаны құрайтын компоненттердің саны (транзисторлар, конденсаторлар мен олардың арасындағы қосқыштар), компоненттер арасындағы қашықтық.

Егер компоненттердің аз мөлшері қолданылса, онда оларды жекелеген корпустарға орауға және соңыра құрастыруға кететін шығындар шамадан тыс көп болады; ол жарамсыздықтың артуына әкеледі. Сол себепті бір кристалда орналастыру тиімді компоненттердің кейбір оңтайлы саны бар.

Мур 1962 және 1965 жылдарға арналған – ондағы транзисторлардың санынан интегралдық сызба өндірісінің бағасына байланысты екі графикті сызды. Осы екі қисық негізінде Мур кейіннен Мур заңына

айналған болжамын айтты. Осыған байланысты өзінің мақаласында Мур өзінің мақаласында, ол анықтаған үрдісондаған жылдар бойы өмір сүретінін көрсетті.

1975 ж. Мурдың соңғы 10 жыл өткен жетістіктерді сараптайтын, жылдағы жетістіктерді талдаған екінші мақаласы «Цифрлық интегралды электроникадағы прогресс» шықты. Енді Мур теориялық есептеулерді емес, нарыққа шыққан интегралдық сызбаларды талдады; онда компоненттердің саны жыл сайын шынымен әр жыл сайын еселенген болып шықты. Мур өзінің көрегендігі толық орындалғанын көрсетті.

1975 ж. Intel әкімшісі Дэвид Хаус, әрбір 24 ай сайын процессорларда транзисторлар санының еселенуі, олардың тактілік жиілігін ұлғайтумен олардың өнімділігін әрбір 18 ай сайын еселеуге әкеледі деп жариялаған болатын. Бұл тұжырымды да Мурдың заңы деп атайды.

1979 ж. қарай кристалдарда транзисторлар санының өсуі – өзіндік мақсат емес екені анықталды; кез келген технологиялық мүмкін чип нарықта сұранысқа ие болмайтындықтан осы транзисторлардың қолданылуын табу маңыздырақ. Осының негізінде 1979 ж. Мур аса күрделі интегралдық сызбаларды қарастырып, олардың транзисторларының саны бұрынғысынша әрбір екі жыл сайын еселенгенін, бірақ бұл заманауи микроэлектрониканың технологиялық мүмкіндіктерінің шегі емес екенін айтты. Қазіргі уақытта Мур заңының бірнеше тұжырымдамасы бар:

- кристалда транзисторлардың барынша тиімді саны жыл сайын еселенеді;
- өндіруші чиптардегі транзисторлардың саны әр 2 жыл сайын еселенеді;
- кристалда транзисторлардың технологиялық мүмкін саны әр екі жыл сайын еселенеді;
- процессорлардың өнімділігі әр 18 ай сайын еселенеді;
- МП тактілік жиілігі әр 18 ай сайын еселенеді;
- компьютердің есептеуіш қуаттылығы әр 18 ай сайын еселенеді.

Дегенмен Мурдың заңы жақсы байқалған әлдебір эмпирикалық қағиданы білдіреді, есептеуіш техниканы өндірушілер 40 жыл бойы осыны ұстануға тырысуда. Заң IT-индустриясын өндірушілер қызметін болжауда өте пайдалы болды.

6.2. ПРОЦЕССОРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Дербес компьютерлердің «Миы/жады» – микропроцессор (МП), немесе орталық процессор (CPU – Central Processing Unit). CPU есептейді және деректерді өңдейді (қосымша процессоры бар компьютерлерде жүзеге асырылатын, кейбір математикалық операцияларды қоспағанда) және негізінде компьютердің ең қымбат микросызбасы болып табылады.

Intel микросызбалар тобымен үйлесімді процессорлар, мысалы, Intel, AMD, Cugix, Rise Technologies және т.б. әртүрлі фирмаларында шығарылып, жобаланады.

Алғашқы процессорлардың сипаттамалары 6.1-кестеде көрсетілген. Процессорлардың көптеген параметрлері бар, бірақ оларды көбінесе төмендегідей жіктеуге болады:

- разрядтылық;
- тезерекеттік;
- кэш-жадының көлемі.

Процессордың разрядтылығы үш параметрлермен сипатталады:

- мәліметтерді енгізіп-шығару шинасы;
- ішкі тіркеуіштер;
- жады адресінің шинасы.

Процессордың тезерекеттігі мегагерцтарда (МГц) өлшенеді; 1 МГц = секундына 10^6 такт. Тезерекеттік жоғары болған сайын, процессор да шапшаңырақ.

Процессордың атауы	Әзірлеуші - фирма	Шығарылған жылы	Тактілік жиілігі, МГц	Мәліметтер шинасы, бит	Транзисторлардың саны, мың. дана
4004	Intel	1971	0,108	4	2, 3
8008	Intel	1972	0,2	8	3, 5
8080	Intel	1974	2	8	6
Z-80	Zilog	1976	2,5	8	–
8085	Intel	1976	5	8	6,5
6502	Motorola	1976	–	–	4,3
8086	Intel	1978	5	16	29
8088	Intel	1978	5	8	30

Кэш-жад 16 МГц-тан кем емес тактілік жылдамдықты процессорларда пайда болған. Бастапқыда кэш-жады жүйелік тақтаға орнатылған, ал 486 процессорлардан бастап, бірінші деңгейдегі кэш-жадылар тікелей корпусқа орнатылған және процессор жиілігінде жұмыс істеді. Жүйелік тақтадағы кэш-жады екінші деңгейлі кэшжадылар деп те атала бастады; ол жүйелік тақтада қолданылатын жиіліктерде жұмыс істеді. Қазір екінші деңгейлі кэш-жады процессордың корпусына орналатылады және физикалық тұрғыда жеке микросызбаларды ұсынады.

Процессорлардың тез әрекеттігі. Компьютерлердің тез әрекеттігі көбінесе кварцтық генератор беретін тактілік жиілікке байланысты (шағын қалайы контейнерлерде жасалған кварц кристалы). Кристалдағы электр күшінің әсерімен кристалдың нысаны мен өлшемін анықтайтын жиілігі бар электр тоғының тербелістері туындайды. Осы ауыспалы тоқтың жиілігі *тактілік жиілік* деп аталады.

Логикалық құрылығның процессоры үшін уақытты өлшеудің ең аз бірлігі такт болып табылады. Әрбір операцияға кемінде бір такт жұмсалады. Мысалы, жадымен процессордың деректермен алмасуы уақыттық диаграммаға сәйкес болады.

Командаларды орындау үшін қажетті тактілердің әртүрлі саны тек тактілік жиілікке негізделген, компьютерлердің өнімділігін салыстыруды қиындатады.

Мысалы, Pentium II және Pentium III сол жиілікте жұмыс істейтін, Pentium процессорынан шамамен 50 %-ға тез жұмыс істейді, сондықтан олар циклдердің сол санында анағұрлым көп командаларды орындайды. Сондықтан, тек тактілік жиілікті ғана негізге ала отырып, компьютерлердің өнімділігін салыстыруға болмайды.

Intel процессорлардың салыстырмалы тиімділігін өлшеу үшін, эталондық тестілеудің арнайы тобын ойлап шығарды. Тестілеудің бұл жүйесі 2.0 iCOMP *индексі (көрсеткіші)* деп аталады (Intel Comparative Microprocessor Performance – Intel фирмасының микропроцессорларының салыстырмалы тиімділігі).

iCOMP 2.0 индексі бірнеше тәуелсіз сынақ нәтижелері бойынша есептеледі және процессордың салыстырмалы өнімділігін жеткілікті объективті орындайды. iCOMP есептеуде операциялар мультимедиялық қосымшаларды орындау үшін қажетті құбылмалы үтір және операциялары бар операциялар ескеріледі.

Pentium III процессорлары шыққаннан кейін, Intel фирмасы жаңа iCOMP 3.0. индексін ұсынды. Оны есептеуде үш өлшемді графика, мультимедиа және Internet технологиясымен жұмыс ескеріледі. iCOMP 3.0 индексі шын мәнінде алты тестілерді өлшеу нәтижелерінің амалын

түсіндіреді

6.2 - Кесте	
Процессор	Индекс iCOMP 3.0
Pentium III 450	1240
Pentium III 750	2540
Pentium III 866	2890
Pentium III 1000	3280

WinTune 98 Advanced CPU Integer, CPUMark 99, 3D WinBench 99-3D, Multime-diaMark 99, Jmark 2.0 және WinBench 99-FPU WinMark. Осы тесттердің нәтижелерінде SSE командаларының жаңа жиынтығы да ескеріледі. iCOMP 3.0 индекстер Intel Pentium III кейбір процессорлары 6.2-кестеде көрсетілген.

Қандай факторлар қазіргі өнімділіктің көрсеткіштеріне қол жеткізуде шешуші болып табылады? Тарихи айғақтарға жүгінейік. 2 мкс тактілік уақытымен EDSAC (1949 ж.) ең алғашқы компьютерлердің бірінде секундына орташа 100 арифметикалық операцияларды орындауға болатын. Ал шамамен 4 нс тактілік уақытпен CRAY C90 суперкомпьютерлердің ең жоғары өнімділігі – секундына шамамен 1 млрд арифметикалық операцияларды орындайды. Осылайша, осы кезеңде компьютерлердің өнімділігі шамамен 10 млн есеге өсті, ал тактілік уақыт 500 есеге төмендеді. Демек, өнімділіктің артуы басқа факторлардың есебінен болды және олардың ішіндегі ең маңыздысы жаңа сәулеттік шешімдерді, яғни – деректерді параллель өңдеу принципі болып табылады.

Деректерді параллель өңдеу екі түрге ие: конвейерлік және параллельді.

Конвейерлік өңдеу идеясы жалпы операцияларды орындауда жеке кезеңдерді бөлуде жатыр, яғни әрбір кезең өзінің жұмысын орындап, бір уақытта кіріс деректердің жаңа бөлігін қабылдап, нәтижелерін келесіге жіберіп отырар еді. Деректерді өңдеу жылдамдығының ұтысы операциялар кезінде бұрын таратылғандарды біріктіру есебінен алынады.

Деректерді параллельді өңдеу бірнеше функционалды тәуелсіз құрылғылардың барын жорамалдайды.

Процессор жұмысын конвейерлік ұйымдастыру. Әрбір команданы орындау ретті кезеңдер тобынан тұрады. Процессордың тезәрекеттігін арттыру және заманауи микропроцессорларда оның барлық мүмкіндіктерін барынша қолдану мақсатында ақпараттарды өңдеудің

конвейерлік принциптері қолданылады. Бұл принцип уақыттың әрбір сәтінде процессор бір уақытта бірнеше команданы орындау үшін әртүрлі кезеңдермен жұмыс істейді демек, әрбір кезеңді орындауға жеке аппараттық ресурстар бөлінеді. Конвейеризация процессордың бірнеше ішкі блоктарына мысалы, команданың кодын ашу, АЛУ операцияларын, тиімді адрестерді есептеу және бірнеше командалар шинасының циклін қоса атқарып, бір уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кезекті тактілік импульс бойынша әрбір команда конвейерде өңдеудің келесі кезеңіне көшеді, орындалған команда конвейерден шығарылады, ал жаңа оған түсіп отырады. Яғни, әрбір тактіде командаларды өңдеудің әртүрлі кезеңдері орындалуы мүмкін, тактінің ұзақтығы барлық кезеңдерді орындауға жұмсалатын уақыт арқылы таңдалады.

6.3 - Кесте					
Кезең	IF	ID	OR	EX	WB
Уақыт	20	15	20	25	30

Әртүрлі процессорлардың мөлшері мен кезеңдерінің мәні ажыратылады.

Мысалы, процессор бессатылы конвейері болсын. Орындаудың әртүрлі уақытына ие болатын, командаларды келесі кезеңдерге бөлеміз:

- IF (InstructionFetch) – процессорде командаларды оқу;
- ID (Instruction Decoding) –команданы қайта кодтау;
- OR (Operand Reading) – операндаларды оқу;
- EX (Executing) – командаларды орындау;
- WB (Write Back) – нәтижені жазу.

Әрбір кезең 6.3-кестеде ұсынылған, шартты бірліктерде белгілі бір уақыт аралығында орындалады. Осындай конвейерде командаларды орындау 6.1-суретте көрсетілген. Тізбекті өңдеу кезінде 8 команданың орындалуы мынаны құрайды:


$$T_{noc} = 8 (T_{IF} + T_{ID} + T_{OR} + T_{EX} + T_{WB});$$

$$T_{noc} = 8 (20 + 15 + 20 + 25 + 30) = 880.$$

6.1-те барлық 8 команданы орындауда 12 тактілер талап етілетіні көрінеді.

Конвейерлік ұйымдастыру кезінде, тактінің ұзақтығы барлық кезеңдерде орындауға жұмсалатын ең көп уақыттан таңдалады, яғни 8 командаларды орындау үшін қажетті шартты бірліктен тактілер

ұзақтығын аламыз (6.4 кесте).



9 такті үшін бессатылы конвейердің жұмысы

Біз, конвейерлік ұйымдастыру кезінде 8 команданың (325 бірлік) орындалу уақыты, ретті ұйымдастыруға (880 бірлік) қарағанда аз екенін көреміз.

Конвейердің жеткілікті ұзақ жұмысында оның тезәрекеттігі, командаларды ретті өңдеуде қол жеткізілетін, тезәрекеттіктен асып түсетіні айқын. Бұл ұлғайту тым көп болған сайын, конвейер тактілігінің ұзақтығы аз болған сайын және орындалатын командалардың саны да көбірек болады. Тактінің ұзақтығын қысқарту кезеңдердің көп санына командаларды жеке бөліктерге бөлу арқылы қол жеткізіледі, оның әр қайсысы қарапайым операцияларды орындайды, сондықтан қысқа уақыт аралығында орындалатын болады. Яғни, егер Pentium микропроцессорда конвейердің ұзындығы 5 сатыны құраса, онда Pentium-4 - тіпті 20 сатыны құрайды.

Бір конвейерлі процессор сәулеті *скалярлық*, ал бірнеше конвейерлері бар сәулет *суперскалярлық* деп аталады. Суперскалярлық сәулет – бұл бір тактіде бірнеше операциялардың бірден орындауға мүмкіндік беретін, процессордың сәулеті немесе басқаша, бір уақытта бірнеше команданы орындау маңыздылығы. Pentium, PowerPC, Alpha және SPARC бірге, процессорлардың барлық заманауи архитектураларының барлығы суперскалярлық болып табылады.

6.4 - Кесте

Тактілер	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	Барлығы
Уақыт	20	20	20	25	30	30	30	30	30	30	30	30	325

Суперскалярлық сәулет, әдетте RISC микросхемаларға ұқсас болады. Pentium процессоры бесінші және одан кейінгі буынның барлық процессорларында жүзеге асырылған, суперскалярлық технологиялар қолданылатын, CISC командасы жиынтығының сәулетіне ие.

Pentium процессорларында командалар екі тәуелсіз орындаушы конвейерлер бойынша орналастырылады (U және V). U конвейері бүтінсанды командалары және құбылмалы нүкте командаларымен бірге, осы процессорлардың қандай да бір командаларын орындай алады. V конвейері қарапайым бүтінсанды командалары мен кейбір құбылмалы нүктелерді орындауға арналған. Командалар осы құрылғылардың әрқайсына бір уақытта бағытталуы мүмкін, демек басқару құрылғысын шығару кезінде бір тактіде командалар жұбының аса күрделі командасы U конвейеріне, ал күрделі емесі - V конвейеріне түседі. Алайда, командаларда осындай жұпты өңдеу, бүтінсанды командалардың шектелген қосалқы жиынтығы үшін ғана мүмкін. Нақты арифметиканың командасы бүтінсанды командасымен жұптасып қосылмайды. Екі командаларды бір уақытта беру тіркеуіш бойынша тәуелділіктің жоғары кезінде ғана мүмкін болады.

Қазіргі процессорлардың командаларды орындау үшін бірнеше ішкі конвейерлері бар, яғни осы процессорлар бір циклде бірнеше командаларды орындай алады.

Процессор мен жүйелік тақта жиілігінің тактілік арақатынасы. Жүйелік тақтаның тактілік жиілігі процессордың тактілік жиілігінен ерекшеленеді. Бұл айырмашылық кейбір көбейткіштерде көрсетілген (коэффициентпен). Әдетте, көбейткіш пен жүйелік тақтаның тактілік жиілігін жүйелік тақтаның конфигурациялаудың басқа да процедуралардың немесе қосқыштардың көмегімен орнатуға болады (мысалы, BIOS параметрлерін орнату көмегі арқылы). Процессор мен жүйелік тақтаның тактілік жиілік арақатынасының кейбір мысалдары 6.5. кестесінде көрсетілген.

6.5-кестеде тез әрекеттік бірнеше параметрлер арқылы анықталады. Мысалы, ең төмен тактілі жиіліктегі компьютерлер, сіз күткеннен тез жұмыс істеуі мүмкін, ал ең жоғары мәнді нақтылы тактілі жиіліктегі жүйенің тез әрекеттігі керісінше төмен болуы мүмкін. Осыған

байланысты, анықтаушы факторлар оперативтік жадының сәулеті, құрылымы және жүйенің элементтік базасы болып табылады.

Тезәрекеттікті көбейту үшін кейде процессордың екпінің күшейтеді. Бірақ процессор жиілігінің үлкен мәндерін орнатқаннан кейін оның жұмысының тұрақтылығы төмендейді. Бұнда, Intel қазіргі процессорларының көбісі жиілікті көбейтуде белгіленген коэффициентіне ие және тек жүйелік шина жиілігінің өзгеруін жасау үшін қажет

6.5 - Кесте			
Процессордың типі	Тез әрекеттігі, МГц	Процессордың тактілік жиілігін көбейткіш	Жүйелік тақтаның тактілік жиілігі, МГц
Pentium	60	1x	60
Pentium/Pentium Pro	180	3x	60
Pentium/Pentium Pro/ MMX	200	3x	66
Pentium II/Celeron	366	5,5x	66
Pentium III/Xeon	855	8,5x	100
Pentium III/Xeon	800	6x	133
Pentium III/Xeon	1 200	9x	133

Егер Intel жүйелік тақталарының көпшілігі жүйелік шинаның тек бірнеше жиілік мәнін қолданса, онда басқа өндірушілер жүйелік шина жиілігінің үлкен диапазонына жол беретінін ескеру керек. Мысалы, Asus P3V4X тақтасы келесі жүйелік шинаның жиілігін қолданады: 66, 75, 83, 90, 95, 100, 103, 105, 110, 112, 115, 120, 124, 133, 140 және 150 МГц. Осы тақтаға орнатылған процессорда, жүйелік шинаның жиілігін өсіруге болады.

Әдетте, процессор үшін салдарсыз жүйелік шинаның жиілігін ұлғайту үшін 10 – 20% рұқсат етіледі, яғни осындай ұлғайту жүйенің қалыпты жұмысына әсер етпейді.

Егер өндірушілер кернеуді қолмен өзгертсе, процессор қуат көзі кернеуінің параметрлерін арттыра отырып, екпіндете алады. Бірақ, бұнда, қуат көзін арттыружақсы жағдайда қалыпты жүйе жұмысын бұзуы мүмкін екенін, ал ең нашар жағдайда – процессордың істен шығуына әкелуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Екпінмен айналысып, процессорға қосымша жылууды тарату мен жүйенің ішкі корпусына қосымша желдеткіш орнату қажет (егер құрылым мүмкіндік берсе).

Мәліметтер шинасы. Бір параллельді шығыстан артық сигнал берудің кез келген желісін, шина деп атауға болады, демек желілер саны

(разрядтылық) маңызды емес. Бұл шығыстардың бірдей параметрлері бар. Мысалы, розеткасы бар, бір бөлмеде екі электр сымы бар. Айырдың қай резеткеге қойылғанына қарамастан, нәтиже бірдей болады. Кәдімгі компьютерде бірнеше ішкі және сыртқы шиналар, ал әрбір процессорда – үш негізгі шиналар бар:

- деректерді немесе қандай да бір адресіті жіберуді сүйемелдейтін, басқару сигналдарын беруге арналған шина;
- жадымен деректер алмасуға арналған шина (деректер шинасы);
- жады адресін беруге арналған шина (адресершинасы).

Процессор шинасы туралы айтқанда, көбіне деректер шинасын немесе сыртқы деректер шинасы туралы айтылады. Шиналардың разрядтылығы жоғары болған сайын, ол бойынша белгілі бір уақыт аралығында деректер де көп беріледі және ол тезірек жұмыс істейді.

Компьютердегі деректер бірдей уақыт аралығы арқылы сигнал түрінде беріледі. Белгілі бір уақыт аралығында деректердің бір битін бір желі бойынша беру үшін кернеудің жоғары деңгейлі сигналы (5 В жуық), ал деректердің нөлдік битін беру үшін – төмен деңгейдегі кернеу сигналы (0 В жуық) беріледі. Желілер көп болған сайын, уақыт бірлігінде биттерді де көбірек жіберуге болады. Мысалы, процессорда 286 деректер шинасы – 16-разрядты, ал Pentium процессорларында 64 разряд.

Егер нұсқаулықта немесе техникалық сипаттамада компьютердің разрядтылығы туралы айтылса, онда әдетте процессордың деректерінің шинасының разрядтылығы туралы айтылады. Ол бойынша процессордың өнімділігін, демек компьютердің өнімділігін толық бағалауға болады.

Процессордың деректер шинасының разрядтылығы, сонымен бірге, жады банкінің разрядтылығын анықтайды. Егер SIMM-модулін алсақ, онда ол 32 разрядтылыққа ие, егер ДК-де 32-разрядты процессор болса, мысалы, 486 класты, онда SIMM бір модулі, ал Pentium (64-разрядты) класты процессормен ДК – бір уақытта екі модульді орнатады. DIMM жадының модульдерінің разрядтылығы 64-ке тең, сондықтан Pentium класының жүйелерінде бір модульден орнатылады, ол жүйенің конфигурациялық процесін жеңілдетеді, себебі осы модульдерді орнатуға немесе бір-бірден өшіруге болады.

Адресітік шина. Адресітік шина деректер жіберілетін немесе келетін жады ұяшығынан адресерді беруге арналған. Бір желі бойынша адресінің бір биті беріледі. Адресіті қалыптасыру үшін қолданылатын желілер (разрядтар) санын ұлғайту, адрестелетін ұяшықтардың санын арттыруға мүмкіндік береді. Процессормен адрестелетінадрес шинасының разрядтылығыжадының ең көп көлемін анықтайды. Егер желілер саны n-ға тең болса, онда ең көп адрес 2^n -ғатең болады. Мысалы,

егер процессорда 32-разрядтық адрес шинасы қолданылса, онда ең көп адрес 232 (4 Гбайт) тең болады.

Деректер шинасы немесе адрес шинасы тәуелсіз, микро сызбаларды әзірлеушілер олардың разрядтылығын өз қалауынша таңдайды, бірақ деректер шинасында разрядтар көп болған сайын, онда олар адрес шинасында да көп болады.

Осы шиналардың разрядтылығы процессор мүмкіндіктерінің көрсеткіштері болып табылады: деректер шинасында разрядтар шинасының саны процесордың ақпаратпен алмасу қабілетін, ал адрес шинасының разрядтылығы – ол жұмыс атқаратын, жады көлемінің анықтайды.

Ішкі тіркеуіштер. Тіркеуіш – бұл процессор ішіндегі жады ұяшығы деп айтылған болатын. Олар процессорларда бірнешеу, олар әртүрлі мағынаға ие. Мысалы, процессор екі әртүрлі тіркеуіштерде жазылған сандарды қосып, нәтижені үшінші тіркеуіште сақтай алады.

Процессор бір тәсілмен өңдей алатын деректер биттерінің саны ішкі тіркеуіштердің разрядтылығымен сипатталады. Тіркеуіш разрядтылығы процессорда өңделетін деректер разрядтардың санын және бағдарламалық қамсыздандыру және командалардың сипаттамасын анықтайды. Мысалы, 32-разрядты ішкі тіркеуішті процессорлар 32-разрядтық мөлшердегі деректерді өңдей алатын 32-разрядтық командаларды орындайды, ал 16-разрядтық процессорлар бұлай жасай алмайды.

Процессордың ішінде деректерді беру үшін деректерді ішкі шинасы бар. Кейбір процессорларда деректер шинасының ішкі разрядтылығы сыртқы деректер шинасының разрядтылығына қарағанда көп. Бұндай процессорларды көбінесе жарты бұрандалы немесе гибриді деп атайды. Олар ең арзан жүйелік тақталарда қолданылады. Қазіргі ДК-де, керісінше сыртқы деректер шинасының разрядтылығы ішкі тіркеуіш разрядтылығына қарағанда көп. Pentium процессорларындағы деректердің сыртқы шинасы 64-разрядтық, ал тіркеуіштер 32-разрядтық. Осы процессорларда ақпараттарды өңдеу үшін екі 32-разрядтық параллель конвейер жұмыс атқарады. Pentium көбінесе бір корпусқа біріктірілген, екі 32-разрядқа процессорға ұқсас, ал 64-разрядты деректер шинасы жұмыс тіркеуішін тез толтыруға мүмкіндік береді.

Кэш-жады. ДК-дің басым көпшілігінде жадтың негізі элементтік базасы ретінде тез әрекеттік процессор бойынша реттілікке орын беретін, DIMM микросызбаларын қолданады. Нәтижесінде процессор жадыдан ақпаратты алғанға дейін, тактілік жиіліктің бірнеше кезеңдерінде тұруға мәжбүр болады. Егер оперативтік жады SIMM-да орындаса, онда ДК құны да айтарлықтай өседі.

Осы мәселенің экономикалық қолайлы шешімі негізгі жады және процессор арасында кішігірім, бірақ тез әрекет ететін жады түрлерінде жадының бірнеше деңгейлерін қолдануда мүмкін болады. Кэш-жады дегеніміз осы. Кэш-жадыны пайдаланудағы нақты тиімділік шешілетін міндеттердің сипатына байланысты. Оның көлемі шын мәнісінде қаншалықты оңтайлы болатынын алдын ала анықтау мүмкін емес.

Кэш-жадын қолдану кеңістікті және уақыттық оқшаулықтар принциптеріне негізделеді. Негізгі жады белгіленген сөздердің саны және негізгі жады және кэш-жады арасында деректермен алмасу блоктар бөлінеді. Кейбір адрескерұқсатта процессор алдымен кэш-жады көрсетілген адресі блок көшірмесін қамтитының анықтауы тиіс және егер онда болса, осы блок қай кэшжады адресінен басталатының анықтауы қажет. Осы ақпаратты процессор адресстерді түрлену механизмінің көмегімен алады. Кэш-жадына негізгі жады деректерін орналастыру тәсіліне байланысты кэш-жадының үш типі бар:

- тура бейнелеумен (орналастырумен);
- толық ассоциативті;
- көп –ассоциативті немесе ішінара ассоциативті.

Тура бейнеленетін кэш-жадыларда жадының адресін ақпараттар блогына орналастырылатын кэш жолы біржақты анықтайды. Оперативті жады блоктарға бөлінген және әрбір осындай блокта кэш-жады блогына бір ғана жол беріледі деп болжанады. Бұл қарапайым және арзан іске асырылатын бейнелеу тәсілі. Оның негізгі кемшілігі – кэш-жадыда бір жолда белгілі бір блоктардың қатаң бекітілуі.

Толығымен ассоциативті бейнеленетін кэш кэш-жадының қандай да бір жолында жадының кез келген қандай да бір блогын жүктеуге рұқсат бере отырып, тураның кемшілігін жеңуге мүмкіндік береді.

Бейнеленудің көп жақты-ассоциациялық, немесе жартылай-ассоциациялық түрі – бұл тура және ассоциациялық тәсілдерінің құндылығын үйлестіретін мүмкін компромистердің бірі. Кэшжады модульдердің кейбір санына бөлінеді. Модульдер мен жады блоктарының арасындағы тәуелділік тура көрсету кезіндегідей қатты. Ал, блоктарды орналастыру модульдің жолы бойынша жасалады. Көрсетудің осы тәсілі қазіргі процессорларда кеңінен таралған.

Бастапқыда L1-де(ішкі кэш-жадыда) командалар да, деректер де орналастырылды. Қазір бөлінген кэш-жады қолданылады, яғни екі бөлімі бар: нұсқаулық үшін жеке және мәліметтер үшін жеке.

Аралас кэш-жадының артықшылығы бөлінген кэш-жадымен салыстырғанда оған берілген көлемде тию ықтималдығының жоғарылығы тән, өйткені оның ішінде автоматты түрде командарлар мен деректер арасында оңтайлы тепе-теңдік орнатылады. Сонымен қатар,

бөлек кэш-жадыда командалар мен деректерді іріктеу бір уақытта жүзеге асырылуы мүмкін, бұнда мүмкін қактығыстар жойылады. Соңғысы, процессор алға кету арқылы команданы алып, олармен буферді немесе конвейерді толтыратын командаларды конвейерлеуді пайдаланатын жүйелерге тән.

Мысалы, 486 DX2 процессорларында аралас, ал Pentium және Athlon жеке кэш-жадылар қолданылған. Сонымен қатар, осы процессорларда, командалардың кэш-жадылары және деректердің кэш-жадыларынан басқа, адрестік кэш-жадылар да қолданылады. Кэштің осы түрі жадыны басқару құрылғыларында, соның ішінде виртуалдық адресстерді физикалыққа түрлендіру үшін қолданылады.

Кэш-жады бірнеше деңгейлерге ие.

Мысалы, Intel® Xeon™ процессоры төмендегі деңгейлерге ие:

- L1 – 12 000 дейінгі қайта кодталатын микрооперацияларды орындау тәртібінде сақтайтын, команданың кэш-жады мен 8 Кбайт көлеміндегі деректер кэш-жадын қамтитын, бірінші деңгейлі кэш-жады;

- L2 – процессор ядросының жиіліктің әртактісіне деректерді беретін интерфейсінің 256-биттік (32-байт) тұратын, екінші деңгейлі кэш-жады;

- L3 – процессордың кристалында болатын 1 немесе 2 Мбайт көлемді үшінші деңгейлі кэш-жады. Бұл кэш-жады жүйелік шинамен 400 МГц үйлесімде жүйелік жадымен деректерді алмасуды қамтамасыз ететін өткізгішті жоғары канал;

- L3 басқа процессорларда да кеңінен қолданылады. Осылайша 3,46 ГГц тактілік жиіліктегі Pentium 4 Extreme Edition процессоры үшінші деңгейлі кэш-жадының 2 Мбайтымен жабдықталған, ал Pentium 4 Extreme Edition кэш-жадында жиынтықта 2,5 Мбайт көлем бар.

Intel компаниясы Intel Technical Journal атты өзінің басылымында болашақ көпядролы бағдарламаланған сәулетті компаниялардың жұмысын жариялайтын материалдар топтамасын жариялады.

Нөмердің кейбір материалдарында болашақ көпядролы қосымшаларға талдау жасалған. Зерттеушілер осы ресурсты тиімді қолдану үшін жады сәулетін өзгерту қажет деп пайымдайды. Атап айтқанда, кэш-жадыда бірге пайдаланылатын иерархиялық модельдерге көшу; жоғары өткізгіштік қабілеті бар төртінші (L4) деңгейдің жаңа кэшін қосу және бірнеше ағында кэш-жадыны бір уақытта пайдалануды оңтайландыру.

Тағы да екі мақала аппараттық қамсыздандыруға топтастырылған. Онда L4 кэш-жадын біріктіру және көпядролы кристалл құрылғының басқа детальдары мәселелері ашылған. Мысалы, Intel процессордың негізгі кристалының үстінен кэш-жадыны орналастыру есебінен өткізгіштігі жоғары қамсыздандыру мүмкіндігін қарастыратыны қызық.

Қалған материалдарда ядролармен бірге қолданылатын кэш-жадыны әзірлеу және біріктіру туралы; тікелей ядроларға жатпайтын, енгізушығару көпірлері, жады бақылағыштары, ядро және басқа біріктірілетін компоненттер арасындағы ішкі қосылыс туралы сөз болады.

6.3. ПРОЦЕССОРДЫҢ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

Барлық 32-разрядтық және одан кейінгі Intel процессорлары 386-ден бастап, соңғы бағдарламаларды бірнеше режимде орындай алады. Процессор режимі бағдарламаларды әртүрлі ортада орындауға арналған. Процессордың режиміне байланысты жүйе жадын және міндеттерді басқару сызбасы өзгереді.

Процессорлар үш режимдерде жұмыс істей алады: нақты, қорғалған, виртуалды.

Нақты режим. Бастапқы IBM PC 16-разрядтық ішкі тіркеуіштері қолдана отырып, 16-разрядтық командаларды орындай алатын, ал адрес үшін 20 разрядтарды пайдалана отырып, жадының тек 1 Мбайт-ын адрестейтін, 8088 процессоры қолданылған. PC барлық бағдарламалық қамсыздандыруы бастапқыда осы процессорға арналған; ол командалардың 16-разрядтық жүйесі және 1 Мбайт көлемді жады үлгісінің негізінде әзірленген. 8088 және 286 процессорларының барлық бағдарламалары командалары орындалған, оналты разрядтық режим - нақты режим деп аталды. Нақты режимде орындалатын барлық бағдарламалар, тек 16-разрядтық командаларды ғана пайдалануы, ал 20-разрядтық адрестер 1 Мбайт-қа дейінгі сыйымдылыққа есептелген сәулет жадын қолдануы тиіс. Осы типті бағдарламалық қамсыздандыру үшін әдетте біруақытта бір міндетті режим қолданылады, яғни бір уақытта тек бір бағдарлама орындала алады.

Қорғалған режим. 386 типті 32-разрядты процессорлар пайда болғаннан кейін: 32-разрядтық операциялық жүйе мен 32-разрядтық қосымшалар қажет болды. Бұл жаңа режим қорғалған режим деп аталды, себебі ондағы бір уақытта орындалатын бағдарламалар жадының өз аймақтарын басқа бағдарламалардың қайта жазуынан қорғалған.

Intel 386 процессорда нақты режимде жұмыс істеу мүмкіндігі көзделген. Нәтижесінде 386 және жоғары процессорлар түрлендірілмеген 16-разрядты операциялық жүйелер мен қосымшаларды орындай алды. Бұл ретте 386 және одан да жоғары процессорлар 16-разрядты

бағдарламаларды орындауда тез әрекеттікке ие; бірақ олар тек 16-разрядтық бағдарламаларды ғана орындай алады және сол 1 Мбайт көлеміндегі жадыға ғана жүгіне алады. Сондықтан процессормен ДК-де Windows 3.x немесе DOS, мысалы Pentium III және 128 Мбайт көлемдегі оперативтік жадымен орындауда, шынымен де тек бірінші жады мегабайтығана пайдаланылады, ал қалған 127 мүлде қолданылмайды.

1995 ж. тамызда Microsoft 32-разрядтық әлемге ауысу үшін аралық жүйе ретінде Windows 95 әзірледі. Windows 95 – негізінен 32-разрядтық операциялық жүйе, бірақ онда ескі 16-разрядты қосымшаларды орындауға болады.

Виртуалдық режим. Виртуалдық режим 32-разрядтық қорғалған режимінің ішінде жүзеге асырылған 16-разрядтық ортаны (шынайы режим) орындау режимі болып табылады. Сондықтан қорғалған режим көп міндетті болып табылады, бір уақытта нақты режимнің бірнеше сеансын орындауға болады, яғни әрбір сеанста өзіндік бағдарламалық қамсыздандыру виртуалды компьютерде орындалады. Барлық осы қосымшалар басқа да 32-разрядты бағдарламаларды орындау кезінде де біруақытта орындалады. Виртуалдық режимдегі әрбір бағдарлама 1 Мбайт дейін жадыға ие, әрбір осындай бағдарлама жүйедегі жадының жалғыз мегабайты және аппаратураны басқарудың шынайы аппараттық ішкі бағдарламасының дербес данасы болады (енгізу-шығарудың базалық жүйесі), сонымен қатар барлық тіркеуіштер мен нақты режим мүмкіндіктері эмуляцияланады.

Intel (сонымен қатар, Intel-үйлесімді AMD және Cugix) барлық процессорлары қуат көзін қосқан кезде нақты режимде жұмыс істей бастайды. Жүктеу кезінде 32-разрядтық операциялық жүйе автоматты түрде 32-разрядты режимге процессорды ауыстырады және осы режимде оны басқарады.

DOS және Windows 3.x кейбір қосымшалары тіпті виртуалдық режимде де қолданылмайды. Нақты режимде осындай бағдарламалық қамсыздандыруды іске қосу үшін тек DOS жүктеу қажет. Бұл экранда Starting Windows көмек сөзі шыққанда, <F8>пернесін басып, Windows-та орындауға болады. Содан кейін, жүктеу мәзірі онда шыққан кезде, DOS шынайы режимнің қарапайым 16-разрядтық операциялық жүйесін таңдау қажет, мысалы, Safe mode command prompt таңдау.

6.4. ПРОЦЕССОРЛАРДЫҢ КОРПУСТАРЫ

Процессорлар корпуста орналастырылған, микросызбалар мен шинаның жинағынқұрайды. Корпустардың бірнеше түрлері болады.

1. PGA типтік корпус осы уақытқа дейін кең таралып келді. Ол 286 процессорлары үшін 1980 жж. бастап қолданылды, қазір Pentium типті процессорлар қолданылады.

PGA (Pin Grid Array) – жолдар және бағандар бойынша қадалар чиптің төменгі жағында орналасқан, шығыс матрицалы төртбұрыш немесе тікбұрыш корпус. Қазіргі процессорларда байланыстар SPGA (Staggered PGA) шахмат тәртібінде орналасқан. Бұл қадалар бір-біріне жақын орналасуы және микросызба алатын ауданды азайту үшін жасалған.

Корпустағы материалына байланысты орындаудың үш нұсқасы ажыратылады:

- PPGA (Plastic PGA) – пластиккорпус;
- CPGA (Ceramic PGA) – керамикалық корпус;
- OPGA (Organic PGA) – органикалық материалдан жасалған корпус. PGA корпусының келесі түрлері бар:
 - FCPGA (Flip-Chip PGA) – корпустағы жоғары бөлігінде орналасқан процессордың ашық кристалы;
 - FCPGA2 (Flip-Chip PGA 2) – FCPGA2 процессорының кристалын жабатын, жылу таратуының болуымен FCPGA ажыратылады;
 - rFCPGA (Micro Flip-Chip PGA) – FCPGA корпусының шағын нұсқасы;
 - rPGA (Micro PGA) – FCPGA2 корпусының шағын нұсқасы.

PGA корпусы ZIF (Zero Insertion Force – қосымшаның нөлдік күші) типінің көзіне салынады. ZIF көзінде чипті жою үшін және орнату процедураларын жеңілдету рычагы бар.

2. SEC (Single Edge Cartridge) екінші деңгейдің сыртқы кэш-жады мен процессордың жұмыс шинасын қамтитын бір жақты түйіспелікорпус. Осы корпус кристалл процессорына тікелей кэш-жадын қосу мүмкіндіктері пайда болғанға дейін процессорға екінші деңгейдегі кэш-жадын біріктіруге қолайлы әдіс ретінде қолданылды. Осы корпус Pentium II процессорының корпусын жобалау кезінде пайда болды.

3. SEP (Single Edge Processor) типінің корпусы – бір процессорлы корпус SEC корпусының ең арзан түрі болып табылады. SEP корпусында үстіңгі пластмасса қақпағы жоқ, сонымен қатар екінші деңгейлі кэш-жады да орнатылмауы мүмкін (немесе аз көлем

орнатылады). Көбінесе SEP корпусына қымбат емес процессорлар орналастырылады, мысалы Celeron.

4. SECC және SECC2 (Single Edge Contact Cartridge) типті корпусы Pentium II/III процессорларына арналады. Осы корпустар SEC корпусының бір түрі болып табылады. SECC және SECC2 арасындағы айырмашылық процессор мен радиатор арасында соңғы жылу тарататын пластинаның болмағанда яғни процесордан жылуды жақсы бөлуін қамтамасыз етеді, бірақ SRAM кэш чиптерінен емес.

233-тен 333 МГц-қадейінгі Pentium II барлық процессорлары ескі SECC корпусында орындалған. 350-ден 450 МГц-қадейін Pentium II SECC2 және SECC корпустарында да орындалған. Барлық Pentium III SECC2 корпусынан шығарылады. SECC2 корпусында кэш-жадтың чиптері мен микро сызбалары көрсетілген, SECC корпусында тек қара жылу шығаратын пластинаны көруге болады.

SECC2 екі нұсқада шығарылады:

- PLGA (Plastic Land Grid Array) – корпусы пластиктен жасалған;
- OLGA (Organic Land Grid Array) – корпусы органикалық материалдан жасалған. OLGA жылу шығару үшін ең жақсы құрылымға ие. Барлық жаңа SECC2 процессорлары OLGA технологиясы бойынша жасалады.

5. FC-PGA және FC-PGA2 (Flip Chip Pin Grid Array – қадауыш-домалақ шығыс матрица) типті корпус, бұл кристалл-корпусының түйіскен жерінде жоғары тактілік жиілік пен байланыстардың жоғары тығыздығы кезінде жақсы электрлі сипаттаманы алу үшін, Pentium III процессорларын орналастыру үшін Intel фирмасы пайдаланатын корпустың жаңа типі. Осыған байланысты кристалдың өзі төсемімен жоғары қарай аударылған – осы жерден корпустың атауында Flip-Chip (аударылған кристалл) термині ескеріледі. Суытқыш желдеткіш тікелей процессордың кристалына түйісетін сәтті құрылым, тиімді жылу алмасуды қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда FC-PGA құрылымы Intel компаниясының барлық жаңа процессорларды дайындауы кезінде қолданылады.

Жаңа Intel Pentium 4 процессоры ең жақсы жылу сипаттамаларына ие, FC-PGA2 корпусында шығарылады, шын мәнінде жаңа процессорлардың ерекшеліктерін ескерумен түзетілген FC-PGA құрылымының түрленуі олып табылады.

Таспалы корпус (Tape Carrier Packaging – TCP) керамикалық немесе пластик корпуста орнатылмайтын процессорлар үшін қолданылады, жұқа қорғаныш пластик таспамен жабылады. Процессор кемінде 1 мм қалыңдыққа ие және салмағы 1 г-нан. аз. TCP корпусындағы процессор арнайы құрылғысы бар жүйелік тақтаға тікелей бекітіледі. Ол жеңіл, ал

оның корпусы кішірек болғандықтан температураны бөлу жақсарады және энергия тұтыну төмендейді. Процессордың астында тікелей орналасқан тақтада арнайы дәнекерленген жалғағыштар ықшам компьютерлерде және желдеткішсіз жақсы суытылады.

6.5. ПРОЦЕССОРЛАРДЫҢ ЖАЛҒАҒЫШТАРЫ

Процессордың жалғағышы(ұялы немесе саңылаулы) процессорды орнатуды жеңілдетуге арналған. Жүйелік тақтада процессорды тура дәнекерлеудің орнына жалғағышты қолдану компьютерді жөндеу немесе жаңғырту үшін процессорды ауыстыруды жеңілдетеді. Әрбір жалғағыш тек белгілі бір типті процессорларды орнатуға жол береді.

Intel жәнеAMD фирмалары дербес компьютерлерді орнатуға арналған, ұяшықтардың бірнеше типтерін өндеген (6.6-кесте). Олардың атауы және кейбір сипаттамалары 6.7-кестеде көрсетілген.

Socket 1, Socket 2, Socket 3 және Socket 6 ұяшығы 486 процессорына арналған, бұндаSocket 6 ұяшығы ешқашан қандай да бір жүйеге орнатылмаған.

Socket 4, Socket 5, Socket 7 және Socket 8 ұяшығы Pentium жәнеPentium Pro процессорларына арналған.

Socket5 жәнеSocket7 типті ұяшықтар сипаты жағынан ұқсас, бірақ Socket7 негізгі байланыстың ішкі бұрышында қосымша бір негізгі өткізгіші бар. Бірақ, бұл сыртқы айырмашылығы ғана, нақты Socket 7 процессордың қуат көзі үшін қажетті 5 В-тан жоғары қуат көзінің кернеуін төмендетуге арналған, VRM (Voltage Regulator Module) қуат көзінің кернеуін реттеуде қосалқы блоктарға ие.

Кернеуді реттейтін блоктардың пайда болу себебі, 3,3; 3,465; 3,1; 2,8; 2,45 В және басқа да кернеулерде жұмыс істейтін, процессорларды AMD жәнеCyxix фирмасы мен Pentium жаңа процессорларын Intel фирмасы жасаған. Процессорлардың осындай саны жүйелік тақтаны өндірушілерге тікелей жүйелік тақтада кернеуді реттейтін блоктарды орнатуға түрткі болды.

AMD фирмасы Intel Socket 7 ұяшығын өндеді және оны Super Socket 7 (Super 7) деп атады. Осы ұяшық 66 100 МГц дейінгі жиілікте жұмыс істейтін, процессорларды қолдады. Оны Acer Laboratories Inc жүйелік тақтаны өндірушілер белсенді қолдана бастаған. (ALi), VIA Technologies жәнеSiS. Тезәрекеттілік бойынша осы тақталар Slot 1 және Socket 370

жалғағыштарды қолданумен ұқсас модельдерге жол бермейді.

Socket 8 Pentium Pro процессорлар үшін арнайы жасалған. Қосымша істіктер процессормен бір корпуста біріктірілген, екінші деңгейдегі кэш-жадты басқаруда жүйелі логиканың микросызбасын жинақтауға мүмкіндік береді.

6.6 - Кесте					
Intel	Socket 1	Socket 2	Socket 3	Socket 4	Socket 5
	Socket 6	Socket 7	Socket 8	Socket 370	Socket 423
	Socket 478	Socket 479	Socket 480	Socket 603/604	Socket T (LGA 775)
	Slot 1	Slot 2			
AMD	Super Socket 7	Slot A	Socket 462 (Socket A)	Socket 754	Socket 939
	Socket 940	Socket AM2	Socket 1207	Socket S1	

6.7 - Кесте		
Ұяшық типі	Түйіспелер саны	Түйіспелердің орналасуы
Socket 1	169	17x17 PGA
Socket 2	238	19x19 PGA
Socket 3	237	19x19 PGA
Socket 4	273	21x21 PGA
Socket 5	320	37x37 SPGA
Socket 6	235	19x19 PGA
Socket 7	321	37x37 SPGA
Socket 8	387	SPGAқос корпусы
Socket 370 (PGA 370)	370	37x37 SPGA
Slot A	242	Slot
Socket A (Socket 462)	462	PGA Socket
Slot 1 (SC242)	242	Slot
Slot 2 (SC330)	330	Slot

Super 7 ұяшығын AMD фирмасының жасаудаға Intel жауабы 1999 жылы PGA (Pin Grid Array) орындауда Celeron және Pentium II процесорларының арзан нұсқасы үшін Socket 370 (PGA-370) жасалған. Socket 370 бар, кейбір жүйелік тақталар, FC-PGA корпусында Pentium III

және Celeron жаңа процессорларын қолдамайды.

2000 жылы AMD фирмасы PGA корпусарында Athlon және Duron процессорларын қолдамайтын, Socket A (Socket 462) – ұяшықтың жаңа түрі өңделген. Бұл ұяшық Slot A алмастырды.

Socket A 0,025 В қадамымен 1,100–1,850 ауқымда қуат көзінің 32 мәнді кернеуін қолдайды. Қуат көзінің кернеуін реттегіш блогы жүйелік тақтада орналастырылған. AMD фирмасы Socket A ұяшығы үшін ғана Athlon және Duron процессорларының жаңа нұсқасы шығатыны туралы хабарлаған.

Ұяшыққа процессорларды орнату кезінде келесі проблемалар пайда болды: қосымша күштен микросхеманың, платаның немес ұяшықтың ақауы туындауы мүмкін. Яғни, стандартты Socket 1 ұяшығына процессорларды орнату үшін Socket 1 ұяшығының сипаттамасы бойынша 45 кг. тең, күш (қосымша күш) салыну керек. Осы фактіні ескере отырып, жүйелік тақтаның кейбір өндірушілері LIF (Low Insertion Force – шағын қосымша күш) ұяшығын қолдана бастады; осы ұяшыққа 169 байланыспен микросхемаларды орнату үшін 27 кг. күш жұмсалған. Алайда осы күш жүйелік тақтаны зақымдауы тиіс, сонымен қатар осындай типті ұяшықтан микросхемаларды жою үшін арнайы құрал-жабдықтар қажет.

Қандай да бір ақауды болдырмау үшін арнайы ZIF (Zero Insertion Force – нөлдік қосымша күш) ұяшығы жасалған. Оны Socket 1 ұяшығының орнына жүйелік тақтада қолданылады.

Қазіргі таңда барлық өндірушілер жүйедік тақталарда ZIF типінің ұяшығын қолданады; ZIF ұяшығының көбісі тетікке ие; тетікті тек көтеру, сосын ұяшыққа процессорды түсіріп, сосын тетікті түсіру қажет. Осындай конструкция кезінде процессорларды алмастыру – қарапайым міндет болып табылады.

6.6. ПРОЦЕССОРЛАРДЫҢ ҮШІНШІ БУЫНЫ: БМ (386)

1985 жылы Intel компаниясы 386 маркалы процессор шығарып, өзінің базалық жүйесін CompaqDeskpro және басқа да жүйе түрлерін 1986 жылдың аяғы мен 1987 жылдың бас кезінде іске қосты; IBM сәл кейінірек PS/2 класты, 80 үлгісімен компьютерді жасап шығарды. Бұл толық 32 разрядты көпсалалы тапсырмаларды орындауға қабілетті жүйесі бар процессор болатын. Шынайы тұрғыда 386 процессоры 8086 мен 8088

процессорларының да қызметін мүлтіксіз атқара алады. Орындалар командалардың орташа мөлшері 286 үлгідегідей 4,5ке тең. Осылайша 386 мен 286 процессорлі компьютерлердің «таза өнімділігі» кедергілік жиіліктерде де бірдей көрсеткішке ие. 386 процессорының шынайы өнімділігін қосалқы бағдарламалық мүмкіндігінің және MMU (MemoryManagementUnit) сынды жады диспетчерінің айтарлықтай жетілдіруінің арқасында зор мүмкіндікке ие болды.

Процессор 386 бағдарламалы түрде қорғаулы режимге түсе алады, және компьютерді қайта қосусыз-ақ қалпына келе алады. Сонымен бірге, онда қалыпты жағдайда бір-бірінен оңай сақтандырылып тұратын бағдарламалардың виртуалды режимі бар.

386 ның қорғалған режимі 286-ның қорғалған режимімен толық үйлесімді болып келеді. Қорғалған режимде жады орнының қосалқы мүмкіндіктері MMU диспетчерлі жадының жаңа жобасы арқасында пайда болды, онда жадының әлдеқайда айқын беттік ұйымдары мен бағдарламалық қосылулар жапсырылған. Жаңа MMU 286 процессорының баламалы желісінің базасында жасалғандықтан, 386 процессорының командалар жүйесі де толық 286-мен сәйкестендіріледі.

386 процессорында пайда болған жаңашылдық – виртуалды қалып, онда 8086 процессорының жұмысы жүзеге асады. Бұнда, DOS пен басқа операциялық жүйелердің бірнеше даналары өздерінің тазартылған жадысын бірауқытта пайдалана отырып жұмыс істей алады.

Бір саладағы үзіліс пен кедергілер жүйенің жекелеген тарауларына әсер етпейді. Істен шыққан бөлігін қайта жүктеуге болады.

Өздерінің өнімділік деңгейі мен қуаттылығы мен қажеттіліктеріне қарай 386 процессорының көптеген түрлері кездеседі, мысалы 386DX, 386SX, 386SL.

Барлық 387 микросызбалар CMOS-технологиясы бойынша өндіріліп, қуатты аз тұтынумен ерекшеленеді. Екі түрлі қосымша процессорлар бар:

- 386DX үшін 387DX процессоры;
- 386SX үшін SL жәнеSLC387SX процессорлары.

Кейбір фирмалар қосымша 387 процессорларының бөлек нұсқаларын әзірледі. Weitek1167-ден басқажоғарыда айтылған қосымша процессорлармен толық сәйкес келеді.

6.7. ТӨРТІНШІ БУЫНДЫ ПРОЦЕССОРЛАР: P4 (486)

1989 жылы Intel фирмасы өздерінің бірінші 486 процессорын жасап, ал олардың негізінде компьютерлерді 1990 жылы шығарды.

Бір ғана тактілік жиілікте 486 процессоры өзінің төмендегідей жаңашыл мүмкіндіктері зор 386 процессорынмен салыстырғанда екі есе үлкен өнімділікке ие болды:

- Командалардың орындаууақытын азайту. Орташа алғанда 486 процессорындағы бір команда 2 тактіде ғана орындалады. Ал 386 процессорында - 4,5.

- бірінші деңгейлі қондырылған кэш-жады. Қондырылған кэш-жады келіп түсуі 90–95 % түсу коэффициентін қамтамасыз етеді;

- жадының қысқартылған циклдері. 2–1 – 1 – 1. 32-разрядты жадыменалмасу 2 тактіде болады, одан кейін бір такті бойынша келесу үш алмасу. Нәтижесінде 16 ретті байттар бес тактіде беріледі;

- қондырылған қосымша процессор. Кейбір үлгілерде қондырылған қосымша процессор кездеседі, олар негізгі процессорлардегідей сол тактілік жиілікте жұмыс атқарады, сол себепті математикалық операцияларды орындауға алдыңғы қосымша процессорларға қарағанда циклдер аз жұмсалады. Орнатылған қосымша процессордың өнімділігі бұрынғы 80387-мен салыстырғанда орта есеппен 2-3 есеге жоғары болады.

486 процессорлары түрлі типте шығарылды: қосымша процессормен және онсыз, 16-20МГц тактілік жиіліктерімен, электрэнергияны төмендету құрылғыларымен және т.б.

Нәтижесінде 32 разрядты сәулеті бар, орнатылған кэш-жадымен бірдей, бірақ жылдамдығы мен енгізу-шығару құрылғысы бар процессорлардың небір түрлерін кездестірдік. Төмендегі топтарға белгілеуге болады:

- 486SX қосымша процессорсыз;
- 486DX қосымша процессорымен;
- 486DX2 екі еселенген тез әрекеттікпен (OverDrive) және қосымша процессормен;

- 486DX4 үш еселенген тез әрекеттігімен және қосымша процессорымен;

486 процессорлары сыртқы шығыстармен ерекшеленеді. Мысалы: DX, DX2 және SX бірдей 168-түйіспелі корпусарда шығарылады. OverDrive –тің микро сызбалары қарапайым 168-түйіспелі нұсқада шығарылады, немесе үлгіленген 169 түйіспелі түрде өндіріледі.

AMD фирмасы 486-сыйымдылықты процессор өндіріп, сол 486

процессорының тақтасына стандартты орнатылады. AMD процессорлары ең тез 486 кластыға жатады және Am5x86(TM)-P75 деп аталады. Бұл тактілік жиілікті көбейткіші бар 486 процессоры (4x), яғни 486 процессоры үшін жүйелік такта жиілігінен төрт есеге асатын тактілік жиілікте жұмыс жасайды. Бұл процессордың өнімділігі шамамен Pentium75 сияқты, сол себепті P-75 белгілеуітаңбалаудың сандық бөлігінде қолданылады. 5x86 процессорын барлық жүйелік тақталар қолданбайды.

Cyrix фирмасы 486DX2/DX4 сияқты процессорларды әзірледі, 100, 80, 75, 66 және 50 МГц жұмыс жиіліктеріне арналған. AMD 486 секілді Cyrix процессорлары да Intel486 процессорларымен толық сәйкес келеді, 486 процессоры үшін жүйелік тақталардың көпшілігінде орнатылған.

6.8. ЕСІНШІ БУЫНДЫ ПРОЦЕССОРЛАР: P5 (586)

1992 жылдың қазан айында Intel компаниясы бесінші кезеңнің бірлескен процессорлары (P5 кодымен өндірілген) өздерінің Pentium деп аталатынын жариялады. Алғашқы Pentium процессорлары 1993 жылдың наурызында шығарылды, ал бірнеше айдан кейін соның негізіндегі бірінші компьютерлер де пайда бола бастады.

Pentium Intel фирмасының бұрынғы процессорларымен үйлесімді, бірақ олардан айтарлықтай ерекшеленді. Pentium процессорында екі конвейер бар, ол оған екі команданы бірден орындауға мүмкіндік береді. Intel бұл мүмкіндікті суперскалярлық технология деп бағалады.

486 стандартты микросызбасы бір команданы орташа алғанда екі ішкі тактіде орындайды, ал DX2 және DX4 процессорларында жиілікті екі еселеу есебінен - бір тактіде. Pentium процессорында суперскалярлық технологияны пайдалану нәтижесінде екі команданы бір тактіде орындауға болады. Ол бір корпусқа біріктірілген 486 екі процессорына пара-пар.

Деректер конвейерлері *u* және *v* әріптерімен белгіленеді және түрлі мүмкіндіктерге ие:

- *u* конвейері (негізгі) бүтін сандар және құбылмалы үтірі бар сандарға барлық операцияларды орындай алады;
- *v* конвейері (көмекші) тек қарапайым командаларды орындаумен шектеледі.

Екі команданың әр түрлі конвейерде бір мезгілде орындалуын

қосақталу дейміз. Барлық орындалатын командаларқосақталуға жол бермейді және бұл жағдайда тек *и* конвейері ғана жұмыс атқарады. Pentium процессорының жұмысының ең жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін бағдарламаларды көбірек командалар пайда болатындай құрастырған жөн.

Intel осы үшін жаңа құрастырғыштар жасап, оларға лицензияны бағдарламалық қамсыздандыру жасайтын фирмаларға сатады. Оңтайландырылған бағдарламалық қамсыздандыру екі секцияда да бірден командалардың үлкен санын бірдей орындау жолымен өнімділікті арттыруы тиіс.

Бір не екі конвейерлерде тармақталу командаларын бағдарламаларда орындау нәтижесінде адрес есептегішті өзгертуде командаларды іріктеу тежелістерімен туындаған кідірістер уақытын қысқарту үшін, Pentium-де тармақталу адрестерін айту алгоритмдері қолданылатын BTB(BranchTargetBuffer) тармақталу адресінің буфері қолданылады. Егер тармақталу командасы бойынша өту жақын арада болуы тиіс болса, жадының тиісті ұяшығынан бағдарламалық нұсқаулықтар алдын ала BTB буферіне есептеледі. Өту адресінен айту екі конвейерге де максималды тез әрекетте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Pentium толықтай 386 және 486 процессорларымен үйлеседі.

Кейбір Pentium процессорының ерекшеліктері 6.8-кестеде келтірілген.

Деректер шинасы 64 разрядтылыққа ие болғандықтан, әрбір жады банкі 64 разрядты болуы тиіс. Егер Pentium процессоры бар ДК SIMM жады модулін пайдаланса, SIMM модульдері 8 және 32 разрядты болатынын ескеріп, 64 разрядтылыққа дейін теріп бірнеше SIMM модульдерін орнату қажет. SIMM модулінің арнайы нұсқаларында (ErrorCorrectionCodes– ECC) қателерді түзету кодтарықолданылады. Әдетте жүйелік тақтада осы модульдерге, яғни екі жады банкіне арналған арналған төрт ұяорнатылады.

Егер ДК-деPentium процессорында DIMM жады модулі пайдаланылса, онда олар 64-разрядты.

Ішкі тіркеуіштер Pentium32-разрядты болғандықтан, командаларды орындағанда және деректерді өндеуде процессордың ішінде ол 32 разрядты элементтерге алдын ала бөлінеді.

Pentium процессоры бар компьютерлердің өнімділігі сыртқы кэш-жадыны пайдаланғанда айтарлықтай артады (L2), яғни әдетте 512 Кбайтсыймдылыққа ие және тез әрекет ететін статикалық RAMнегізінде жасалады. Егер процессор қондырылған кэш-жадыда әлі жоқ деректерді санауға тырысса (L1) онда күту жағдайы оның жұмысын айтарлықтай баяулатады. Ал егер бұл деректер сыртқы жадыға жазылса, процессор бағдарламаны кідіріссіз орындайды.

6.8 - Кесте	
Сипаттамалары	Pentium
Тактілік жиілігі, МГц	60, 66, 75, 90, 100, 120, 133, 150, 166, 200
Қысқаша көбейту жиілігі	1x – 3x
Тіркеуіштердің разрядтылығы	32
Ішкі шина деректерінің разрядтылығы	64
Шина адресінің разрядтылығы	32
Адрестелетін жады	4 Гбайт
Қондырылған кэш-жадының өлшемі	8 Кбайт (код үшін); 8 Кбайт (деректер үшін)
Қосымша процессор	Қондырылған
Корпус	273-түйіспелі PGA; 296-түйіспеліSPGA; таспалыкорпус (TCP)

Pentium процессорлары әр түрлі қуат кернеулерінде (В) жұмыс жасайды (6.9-кесте):

STD (стандартты);

VR – Voltage Reduced (азайтылған);

VRE – Voltage Reduced Extended (ұлғайтылған).

Pentium процессорлары SLEnhanced класына жатады, яғни оларда энергия тұтынуды азайтуды қамтамасыз ететін SMM жүйесі бар.

Pentium процессорларының үш түрі бар, олардың әрқайсысы бірнеше түрленуде шығарылады.

6.9 - кесте			
Кернеу типі	Min	Қалыпты	Max
STD	3,135	3,30	3,465
VR	3,300	3,38	3,465
VRE	3,400	3,50	3,600

1. Бірінші буынды процессорлар 60 және 66 МГц жиілікте жұмыс істейді, 273-контактті корпусы бар.PGA 5 В қуат кернеуіне есептелген. Олар жүйелік тақтадағы сияқты жиілікте жұмыс істейді, яғни көбейту еселігі 1x-ке тең.

2. Екінші буынды процессорлар(Intel 1994ж бастап шығара бастады) 75, 90, 100, және 133, 150, 166 және 200 МГц жиілікте жұмыс істейді, 296-

түйіспелі SPGA корпусы бар және 3,3 В және одан да төмен қуат кернеуіне арналған.

Микросызбаның құрамына APIC (Advanced Programmable Interrupt Controller) жетілдірілген бағдарламалық үзілістербақылағышы және екі процессорлы DP (Dual Processing) режимінің интерфейсі кіреді. DP бір жүйелік тақтада орнатылған екінші буынды Pentium екі процессорының арасындағы өзара байланысты ұйымдастыруға арналған. Көптеген жаңа жүйелік тақталарSocket5 немесе Socket7 типті екі ұямен шығарылады, ол жаңа микросызбаның «көппроцессорлы» мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Кейбір операциялық жүйелер, мысалыWindowsжәнеOS/2, көппроцессорлы, симметриялық өңдеу деп аталатын(Symmetric Multi-Processing– SMP) өңдеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Pentium-нің барлық жүйелік тақталары үшін тактілік жиіліктің үш параметрі бар: 50, 60 және 66 МГц.Pentium процессорлары ішкі тактілік жиілік үшін көбейтудің әр түрлі коэффициенттерімен әзірленген, сол себепті жүйелік таталардың тұтас тобымен жұмыс істей алады.Бұл ретте процессор жұмыс істейтін жиілік жүйелік тақта жұмыс істейтін жиілікке тең болады. Мысалы:

- Pentium 90 МГц 60 МГц шина жиілігінде 1,5х көбейту коэффициентінеие;

- Pentium 100 МГц 66 МГц шина жиілігінде 1,5х коэффициент көбейтіндісі;

- Pentium 100 МГц 2х шина жиілігінде 50 МГцкөбейту коэффициентіне ие;

- Pentium 200 МГц 66 МГц шина жиілігінде 3х көбейту коэффициентіне ие.

3. Үшінші буынды процессорлар(P55C) (Intel 1997 жылдан бастап шығара басталы) 166, 200, 233 бен 266 МГц жиіліктерде жұмыс істейді және 2,8 В қуат кернеуіне есептелген. P55 процессоры өз құрылымына екінші буындыPentium-нің технологиялық шешімдері мен конвейерлі сараптау командаларының MMXтехнологияларын кіріктірді.

MMX технологиясы MMX (Multi Media eXtentions) мультимедия кеңеюлерді қамтиды. Мультимедиялық қосымшалар аппараттық қамсыздандыруға жоғары талаптар қойылады. Осы қосымшалардың көпшілігінде орындалуына процессорлық уақыттың негізгі бөлігі кететін, командалардың циклді қайталанатын реттілігі бар. Intel әзірлеген SIMD технологиясы (Single Instructio Multiple Data технологиясы –деректердің бірнеше ағындарына командалардың бір ағыны) осы мәселені бірнеше деректерге бір операцияны (команданы) орындау және осындай циклдерді анықтау жолымен шешеді. Бұдан басқа, процессордың

сәулетіне арнайы видео, графикалық және аудиодеректермен жұмысқа арналған 57 қосыша команда енгізілген.

Жүйелік тақтада Socket7, сондай-ақ 321-түйіспелі процессорлық ұяшық, сондай-ақ VRM модулі де бар. Ол тақтада екі процессорлық ұяшық та болуы мүмкін және екінші Pentium процессорын да орнатуға болады, осы арқылы симметриялық көп процессорлық өндеуді қолдайтын кейбір жаңа операциялық жүйелердегі барлық мүмкіндіктердің қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Intel фирмасында әзірленген процессорлардан басқа Pentium-үйлесімді процессорлары да баршылық.

1. AMD әзірлеген AMD-K5, PR75, PR90, PR100, PR120, PR133, және PR166 деп таңбаланады.

AMD-K5 бірқатар жетістіктерге ие:

- командалар кэш-жады – 16 Кбайт;
- деректер кэш-жады – 8 Кбайт;
- құбылмалы үтірі бар сандарда операцияларды орындауға арналған тиімділігі жоғары қосымша процессор;
- тактілік жиілікті көбейткішті таңдауға арналған түйіспелер (1,5х и 2х).

Микросызбадағы маркердегі сан таза нақты тактілік жиілікті емес, бағалау мәнін көрсетеді. Мысалы, PR-166 процессоры 117 МГц тактілік жиілікте жұмыс жасайды.

AMD-K5 3,52 В (VRE) кернеуде жұмыс істейді.

IDTCentaurC6 Winchip Socket7 типті ұяға орнатылады, MMX-ті қамтиды және 180, 200, 225 пен 240 МГц тактілік жиіліктерде жұмыс істейді, ешқандай суперскалярлы сәулеті жоқ. C6 екі кэш-жадыны қамтиды (деректер мен командалар үшін), әрқайсысының көлемі 32 Кбайт.

6.9. АЛТЫНШЫ БУЫНДЫ ПРОЦЕССОРЛАР: P6 (686)

Бесінші буынды процессорлерге қарағанда бұл процессорлар төмендегілермен ерекшеленеді:

- нұсқаулықтарды орындау тәртібіні өзгеруі (динамикалық орындалу); динамикалық орындалудың негізгі ерекшеліктері;
- тармақталу командаларын орындауда есептеуіш мәнін айту; (>90 % ықтималдығымен болжауға болады 10 – 15 айналып өтуді болжауға болады);

- нәтижелері жақын арада керек болуы мүмкін, командалар соған сәйкес орындалатын командалар есептегішінің мәнін көрсету;
- бағдарламадағы реттілігіне карамастан командалардың орындалуы мен жоспарлаудағы деректер ағынын саралау; (20-30 қадам бұрын деректер мен ресурстарға қарай командаларды тексеру, анықтау);
- екіліктәуелсіз шинаның сәулеті. L2 үшін олар болғанда жеке жоғары жылдамдықты магистраль бөлінеді;
- MMX кеңеюі. SSE (StreamingSIMD eXtentions) секілді құбылмалы нүктесі бар нұсқаулықтар, операндалар тобын бір нұсқаулықта біруақытта орындау.

P6 процессорлар тобының негізгі өкілдерінің тізбесі және олардың кейбір сипаттамалары 6.10-кестеде келтірілген.

6.10 - Кесте	
Процессорлар	Ерекшеліктері
Pentium Pro	Екінші деңгейлі кэш-жадының көлемі 256 Кбайт, 512 Кбайт, 1 Мбайт және 2 Мбайт. Процессордың жиілігінде жұмыс істейді.
Pentium II	Екінші деңгейлі кэш-жадының көлемі 512 Кбайт. Процессордың жиілігініңжартысында жұмыс істейді.
Pentium II Xeon	Екінші деңгейлі көлемі 512 Кбайт немесе 1 немесе 2 Мбайт көлемді екінші деңгейлі кэш жады. Процессор жиілігінде жұмыс жасады.
Celeron	Екінші деңгейлі кэш-жады жоқ.
Celeron-A	Екінші деңгейлі көлемі 128 Кбайт кэш-жады. Процессор жиілігінде жұмыс жасайды.
Pentium III	Екінші деңгейлі кэш-жадының көлемі 512 Кбайт. Процессордың жартылай жиілігінде жұмыс жасайды. Нұсқаулықтр жинағыSSE (MMX2)
Pentium IIPE	Екінші деңгейлі кэш-жадының көлемі 256 Кбайт. Процессордың жиілігінде жұмыс жасайды.
Pentium III Xeon	Екінші деңгейлі кэш-жадының көлемі 512 Кбайт, 1 немесе 2 Мбайт. Процессордың жиілігінде жұмыс жасайды. SSE (MMX2) нұсқаулықтар жинағы

Pentium Pro. Pentium Pro процессоры 1995 ж пайда болды. Оның негізгі сипаттамалары 6.11-кестеде келтірілген.

Pentium II. Pentium II процессоры1997 жылы жасалды. Pentium II процессорынPentium Pro мен MMX технологиясының үйлесімі ретінде

қарастыруға болады

Pentium II процессорының негізгі сипаттамалары 6.12-кестеде келтірілген.

Pentium Pro-да да, Pentium II-де де бағдарламаларды динамикалық орындау және мен екілік тәуелсіз шинаның сәулетін динамикалық орындау пайдаланылады. (L2 арналған шина және жүйелік шина). Бұнда екінші деңгейлі кэш-жадының тез әрекеттігі артты, ал жүйелік шина конвейерлік ұйымдастыруға ие болады.

Pentium II тобы төмендегі үлгілерден тұрады:

- Pentium II MMX 223, 266, 300 және 333 МГц - 1997 ж. бастап;
- Pentium II MMX – 350, 400 және 450 МГц 1998 ж. бастап;
- Pentium II – 266, 300, 333 және 366 МГц 1999 ж. бастап;
- Pentium II OverDrive– 300 және 333 МГц 1998 ж. бастап

PentiumII-нің барлық процессорларында сұрау және шинаға адресі баруге сигналдар жұптықты бақылаумен қорғалған.

6.11 - Кесте	
Сипаттамалары	Pentium Pro
Тактілік жиілік	150,166,180, 200 МГц
Жиілікті көбейту жиілігі	2,5x, 3x
Жүйелі шина жиілігі	60 и 66 МГц
Тіркеуіштер разрядтылығы	32
Сыртқы шина деректерінің разрядтылығы	64
Шина адресінің разрядтылығы	36
Адрестелетін жады	64 Гбайт
L1	8 Кбайт (код үшін), 8 Кбайт (деректер үшін)
L2	256 Кбайт, 512 Кбайт, 1 Мбайт и 2 Мбайт
Қосымша процессор	Қондырылған
Жалғағыш	Socket 8
Корпус	387-түйіспелі корпусPGA, екі микросызбасы бар: процессор PentiumPro менL2
Кернеу	3,1 В немесе 3,3 В

6.12 - Кесте

Ерекшеліктер	Pentium II
Тактілік жиілік	233, 266, 300, 333, 350, 400, 450 МГц
Жиілікті көбейту еселігі	3,5x – 5x
Жүйелі шина жиілігі	60, 66 и 100 МГц
Тіркеуіштер разрядтылығы	32
Сыртқы шина деректерінің разрядтылығы	64
Шина адресінің разрядтылығы	36
Адрестелетін жады	64 Гбайт
L1	32 Кбайт (16 + 16)
L2	256 Кбайт, 512 Кбайт, 1 Мбайт и 2 Мбайт
Қосымша процессор	Орнатылған
Жалғағыш	Slot1 – аңғары 242 контактарымен SC242 аты өзгертілген Socket 8 – Pentium II OverDrive үшін
Корпус	SECC, SE^2
Кернеу	2,0 В немесе 2,8 В

PentiumII (ECC) кэш-жадының екінші деңгейлі шинасында қателерді түзету кодтары бар нұсқаларға ие(L2). Олар кәдімгі компьютерлерде, серверлерде және бастапқы деңгейлі жұмыс станцияларында – бір және көп процессорлы жүйелерде пайдаланылады.

6.13 - Кесте

Сипаттамалары	Celeron
Тактілік жиілік	PentiumII ядролы негізде: 266-533 МГц. PentiumIII: ядролы негізде 533 МГц және жоғары
Жүйелік шина жиілігі	66 мен 100 МГц
L1	32 Кбайт (16 + 16)
L2	128 Кбайт Celeron 300A процессорларында орнатылады
Корпус және жалғағыш	SEPP(433 МГц-қа дейін) – Slot1 жалғағышына орналастырылады; PPGA жәнеFCPGA(300 МГц және жоғары) – Socket370 (PGA-370)жалғағышына орналастырылады
Бағдарламаларды орындау	Динамикалық
Нұсқаулықтар жинағы	SSE және MMX

Celeron. Celeron процессорлары Pentium II мен Pentium III ядросының негізінде жасалған. Аталған екі типтерді арасындағы негізгі

айырмашылықтар екінші деңгейлі кэш-жадының көлемінде бар. Celeron процессорының негізгі сипаттамалары 6.13-кестеде келтірілген.

Pentium II үлгісіндегі жүйелік тақталарда қолдануда Slot1 жалғағышты Celeron процессорлары үшін PPGA корпусында Slot1 – Socket 370 өткізгіші жасалған.

Pentium III. Intel Pentium III P6 микросәулетті процессорларының жақсы қасиеттерін алды. 1999 жылы пайда болды. Pentium III процессорының негізгі сипаттамалары 6.14-кестеде келтірілген.

Pentium I/III Xeon. Pentium II/III процессорларының тобы жоғары деңгейлі жұмыс станциялары және серверлерге арналған үлгілерді қамтиды.

6.14 - Кесте	
Сипаттамалар	Pentium III
Тактілік жиілік	450– 1400 МГц (PentiumIII процессорының тактілік жиілігін өзгертуге болмайды)
Жүйелік шина жиілігі	100 немесе 133 МГц
L1	32 Кбайт (16 + 16)
L2	256 немесе 512 Кбайт, процессордың толық не жартылай жиілігінде жұмыс жасайтын
Корпус және жалғағыш	SEPP(433 МГц-ке дейін) – Slot1 жалғағышына орналастырылады; PPGA және FCPGA(300 МГц және жоғары) – Socket370 жалғағышына орналастырылады (PGA-370)
Бағдарламалық орындалу	Динамикалық
Нұсқаулықтар жиыны	MMX және сөзді тану және видео, ағындық аудио, үш өлшемді графика қосымшаларымен жұмысты жақсартатын 70 жаңа SIMD- нұсқаулықтары
Сәулет мүмкіндіктері	64 Гбайт көлемдегі жадылы екі процессорлы жүйелерде пайдаланылуы мүмкін. Екі тәуелсіз шинаның сәулетін пайдалану. Intel компаниясы ұсынатын PC қауіпсіздігінің негізі саналатын процессорлардың сериялық номерінің қызметі бар.
Корпус пен жалғағыш	SECC2 –242-түйіспелі жіктік жалғағышқа Slot1 жалғағышын орнату үшін. FCPGA немесе FCPGA2 –370-түйіспелі ұялы жалғағышқа Socket 370 түйіспелі ұялы жалғағышын орнату үшін

Қарапайым Pentium II/III түрлерінен Xeon құрылғысы мынадай белгілерімен ерекшеленеді: корпустып, кэш-жадының көлемі мен оның

жұмыс қарқыны.

Pentium II/III Xeon-ның Pentium II/III-тен негізгі айырмашылықтары:

- SEC корпус типі;
- екінші деңгейлі кэш-жады: 512 Кбайт, 1 және 2 Мбайт (процессордың жиілігінде жұмыс істейді);
- Slot2-де (SC330) 330 түйіспелер санымен орнатылады;
- температураны бақылаудың бағдарламаланатын құрылғысымен термодатчик бар (ядро кристалындағы термодиод);
- екінші деңгейлі кэш-жадының үлкен көлемі бар жұмыс станцияларында, жоғары өнімділікті және орта серверлерде қолданылады.

Алтыншы буынға жататын кейбір процессорлар. P5 пен P6-дан басқа бесінші буын жүйелері үшін әзірленген, бірақ P6 көптеген мүмкіндіктері жоқ бесінші буын жүйелері үшін әзірленген процессорлар бар.

1. Nx586 процессоры тиімділігі бойынша Pentium мен PentiumII арасында аралық орынды алады. Nx586 бесінші буынды процессорлардың кейбір қасиеттеріне ие:

- екі ішкі конвейерлері бар суперскалярлық сәулет;
- 32 Кбайт көлемді бірінші деңгейлі қондырылған кэш-жады (командалар үшін – 16 Кбайт және деректер үшін – 16 Кбайт).

Алтыншы буынды процессорлардың қасиеттеріненөтулерді айтуды көрсетуге болады.

Nx586 процессоры Socket7 типті ұяшықтың P5 процессорларының жүйелік тақтасына орнатылады.

2. AMD-K6, AMD-K6-2 жәнеAMD-K6-3 процессорлары өнімділігі бойыншаCeleron және PentiumII процессорларының деңгейінде болады.

AMD-K6 процессорының кейбір техникалық сипаттамалары:

- алтыншы буынның сыртқы сәулеті;
- бесінші буынның сыртқы интерфейсі;
- командаларды орындаудың супер скалярлық модульдері;
- динамикалық орындау.
- 64 Кбайт көлемді кэш-жады (командалар үшін – 32 Кбайт және деректер үшін – 32 Кбайт);
- құбылмалы үтірлері бар сандардың операцияларын орындауға арналған қондырылған модуль;
- MMXкомандаларын қолдау;
- SMM режимі;
- Socket7 ұясы үшін CPGAкорпусы.

AMD-K6-2 процессорына кейбір жетілдірулер,соның ішінде 3DNow–21-графика мен мультимедия жұмыстарына арналған жаңа нұсқаулығы қосылды.AMD-K6-3 процессорына процессор жиілігінде жұмыс істейтін

көлемі 256 Кбайт екінші деңгейлі кэш-жады қосылды. AMD-K6 процессоры екілік кодымен x86-мен толық сәйкес, яғни Intel-дің барлық бағдарламалық камсыздандыруын, соның ішінде MMX командаларын да орындайды. AMD-K6 типті процессорлар әр түрлі кернеулерде жұмыс істейді, мысалы AMD-K6 200 МГц 2,9 В кернеуде жұмыс істейді, ал AMD-K6 233 МГц 3,2 В кернеуде жұмыс істейді.

AMD-K6 тобының тактілік жиіліктері:

- AMD-K6: 166, 200, 233, 266 және 300 МГц;
- AMD-K6-2: 266, 300, 333, 350, 366, 380, 400, 450, 475 МГц;
- AMD-K6-3: 400, 450.

AMD-K6 топты шиналар жиіліктері: 66, 95, 100.

3. Athlon процессоры – бұл AMD фирмасының абсолютті жаңа жобасы және ол Pentium III процессорлар тобыны бәсекелесі болып табылады.

Athlon бірінші процессорлары 512 Кбайт екінші деңгейлі кэш-жадыға ие болды. Ол жады жиіліктің жартысында, ядро жиілігінің бестен-екі немесе үштен бір жиілігінде жұмыс істеді және процессордың картриджінде орналасты. Осы процессорлар үшін Slot A жалғағышына орнатылатын Pentium II/III корпустарына ұқсас корпус әзірленді.

2000 жылдан бастап AMD фирмасы жаңартылған Athlon нұсқасын шығара бастады. Енді 256 көлемді, екінші деңгейлі кэш-жады процессор ядросының жиілігінде жұмыс істей отырып, процессордың ядросында бір кристалда болды. Ондай процессорлар үшін PGA– Socket A типті жаңа корпус жасалды.

Slot A мен Slot 1, Socket A мен Socket 370 жалғағыштары өзара сәйкес емес. Athlon процессорының кейбір техникалық сипаттамалары:

- тактілік жиіліктер: 550-ден бастап 1 000 МГц-ке дейін;
- шина жиілігі – 200 МГц;
- бірінші деңгейлі кэш-жады: 128;
- MMX нұсқаулығын қолдау;
- Enhanced 3DNow нұсқаулықтарын қолдау

Duron процессорын AMD фирмасы 2000 жылдан бастап шығарады және қымбат емес жүйелерге арналған. Duron процессоры Intel фирмасының Celeron тобына ұқсас.

Duron процессоры 64 Кбайт-қа тең екінші деңгейлі кэш-жады көлемі болмаса, Athlon-мен ұқсас. Duron процессорына арналған жалғағыш Socket A.

6.10. ЖЕТІНШІ БУЫНДЫ ПРОЦЕССОРЛАР: P7 (786)

Жетінші буынға 2000 жылы шығарылған IntelPentium4 процессорыжатады. Pentium4көптеген үлгілері шығарылды. Жаңа үлгінің шығуымен жаңа әріп немесе қандай да бір цифр, ал кейде екеуі де қосылды.Процессордың микро сәулеті процессорлардың алдыңғы буындарымен салыстырғанда толығымен өзгерді. Процессорға салынған сәулетIntelNetBurst атауын алды.

Pentium 4 тобына төмендегі процессорлар жатады:

- Pentium4: 1,3-тен бастап, 2 ГГц-ке дейін – 2000және 2001 жж.;
- Pentium 4A және Pentium 4B: 3,4ГГц-ке дейін – 2001 және 2002 жж.;
- Pentium4: екі логикалық процессорлардың болуын білдіретін 3,06 ГГц Hyper-Threading технологияларын қолдаумен – 2002 ж.;
- Pentium 4C FSB жиілігімен – 200 МГц және Hyper-Threading технологиясын қолдаумен – 2003 ж.;
- Pentium 4E жиіліктермен: 2,8; 3,0; 3,2; 3,4 ГГц.

NetBurstсәулетінде көптеген өзгерістержасалды (мысалы, конвейердегі 31 саты) – 2004 ж. Осы жылы E-сериялы процессорлар желісін жалғастыратын жаңа процессорлар шығарылды.Бұл процессорлар FC-LGA4 жаңа типті корпусында шығарылды. Аталмыш корпус корпустардың алдыңғы буындарынан түйіспелі аяқтарының жоқтығымен ерекшеленді. Сондай-ақ, жаңа процессорлар жаңа жалғағышқа орнатылады - LGA775 (басқаша атауы SocketT немесеSocket775). Бұдан басқа жаңа процессорлар жаңа жалғағыштар нөмірлеудің жаңа жүйесін пайдаланды. Барлық шығарылған процессорлар Pentium 5x0 тобына жатқызылды. 520, 530, 540, 550, 560 нөмірлі үлгілер шығарылды;

- Pentium 4 2,8 A –Hyper-Threading қолдауынсыз– 2004 ж.;
- Pentium 4FEM64Tқолдайды, олар өзінің алдындағылардан ештеңемен ерекшеленбеді. Бастапқыда 3,2; 3,4; 3,6 ГГц жиіліктері барүлгілер қол жетімді болды– 2004ж.;
- Pentium 5x0Jөзінің алдындағылардан (5x0 сериялы процессорлар) EDB (ExecuteDisabledBit) атаулы, кейде XD Bit (eXecute Disable Bit) деп аталатын технологияларды қолдайтындығымен ерекшеленді.
- Pentium5x5, 5x5J жән5x9Jсериялыпроцессорлар Socket775 үшін A-сериялы процессорларының желісін жалғастырды (жиілігіFSB133 МГц), бірақ«J» индексті процессорлар EDB– 2004 ж технологияларын қолдады.

5x1 сериялы Pentium процессорлары 5x0 мен 5x0J серияларын біріктірді.

5x6 сериялы Pentium 5x5 және 5x5J серияларын біріктірді.

Pentium 4 процессорларының кейбір ерекше сипаттамалары:

- екінші деңгейлі кэш-жады (атауы – Advanced Transfer Cache): 256, 512 және 1 024 Кбайт;
- конвейердегі сатылар: 20 және 31;
- L2 кэштен процессоралдына нұсқаулықтар түседі;
- жүйелік шина: 128-биттіккі 64-биттік желілермен;
- жүйелік шина жиілігі (FSB) – 100, 133 және 200 МГц;
- 1 тактіге бірауқытта 4 пакет беріледі (QPВ – Quad Pumped Bus);
- L1 кэші екі бөлікке бөлінген: деректер және командалар үшін. Кэш-жадыда орындауды қадағалаумен қайта кодталған командалар сақталады және оларды орындау тәртібінде орналасады (Trace Cache технологиясы);
- өткізгіштерді айту модулі (тармақталу) 95 % -ға дейінгі ықтималдықпен ауысу дұрыстығын алдын ала айтуға мүмкіндік берді;
- математикалық қосымша процессор құбылмалы үтірі бар операциялар үшін екі модульді қамтиды;
- SIMD-кеңеюлері үшін жаңа жинақтар қосылған;
- SSE2 – 144 жаңа нұсқаулықтар (68 бүтін санды нұсқаулықтар және құбылмалы үтірі бар есептеулерге арналған 76 нұсқаулықтар);
- EM64T командалар жинағы AMDx86-64 ұқсас;
- корпус: FC-PGA2, FC-LGA4; аңғарлар Socket423, Socket478; LGA775 (басқаша атауы SocketT немесе Socket755).

6.11. КӨПЯДРОЛЫ ПРОЦЕССОРЛАР

Шынайы әлем компьютерліктен ерекшеленеді. Алайда жартылай өткізгіш өндірістің дамуы, желілік қызметтердің кеңеюі мен арзандауы, сымсыз байланыс технологияларының дамуы компьютер мен шынайы әлемнің бірігуіне әкеледі. Компьютер оның деректерді ретті өңдеуімен тек қана ЭЕМ болудан қалды. Шынайы әлем барлық көріністерінде параллель және ЭЕМ жұмысын параллельдеуді қою әрекеттері (мысалы, конвейерлеу) күрделі шешімдерді қажет етеді.

Соңғы жылдары транзисторлар санына процессорлардың өнімділігі қайта есептеуде біршама күрт төмендеді. Мур заңы бойынша жартылай өткізгіш технологияларды әрі қарай дамыту қазіргі процессорлардың

тиімсіздігін өтей алмайды. Ауданға қатысты орындау жылдамдығында көрінген кристалдағы транзисторлар саны және меншікті өнімділік арасындағы теңсіздікті кейде «Мур тапшылығы» деп те атайды. Процессорлардың тез әрекеттігінің көрсеткіштері (атап айтқанда тактілік жиіліктер) шектік көрсеткіштерге жетті, энергия тығыздығы транзисторлардың өлшемдерінің азаюына пропорционал және сәйкесінше жылу бөлуде қиындықтар туындайды. Сондықтан Мур заңының мүмкіндіктерін пайдалануға болмаса, осындай ядроның ерекше күрделілігінен ядролар санын ұлғайту жолымен барған жөн.

Ядро санын арттыруда екі басты үрдіс бар: мультиядролық(multi-core) және көп ядролық(many-core).

Мультиядролық өнімділігі жоғары бірнеше ядролардың болуын көздейді. Қазір ядролар саны төртке жетті және Мур заңы бойынша ол мерзімді қосарланып отырады.

Мультиядролы процессорлар негізінен келесі бағыттарда дамиды: арнайы ядролармен (асимметриялы процессорлар); мобильді құрылғылар үшін (процессорлар).

Мультиядролылықтың кемшіліктері – бұл энергияны жоғары тұтыну, чип күрделілігі және дайын өнімнің шығысындағы төмен пайыз.

Көп ядролылық қарапайым құрылымы және энергия тұтынуы бар ядролардың үлкен санының болуын болжайды. Қазіргі кезде ядролар саны 40-тан 200-ге дейін түрленеді және егер Мур заңдылығы олар үшін орындалса, онда мыңдаған, ондаған процессорлардың пайда болуын күтуге болады.

Көпядролы процессорлар негізінен екі бағытта дамиды:

- арнайы көп ядролы процессорлар – қарапайым ядролы кіші разрядты, энергияны тұтынуды тиімді басқару жүйесі бар процессорлар;
- жалпы мақсаттағы көп ядролы процессорлар – олардың ядролары күрделілігі бойынша жалпы мақсаттағы процессорлардың ядроларына келеді, кэш-жадының дамыған жүйесі бар, ядролар арасындағы өнімділігі жоғары жүйе.

Көп ядролы процессорлардың басты кемшілігі бағдарламалауда. Бағдарламалар олар шешетін тапсырмалар бірнеше ядроларда қатар орындалатын кіші тапсырмаларға бөлінетіндей етіп жазылуы тиіс. Әзірге бағдарламалау мектептерінің бірде-біреуі мыңдаған ядроның жұмыстарының алдағы мәселелерін толық шешуге қабілетті емес.

Көп ядролы процессорлардың басты артықшылығы тиісті бағдарламалық қамсыздандыру болғанда – аз энергия тұтыну және параллель жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі. Осыдан оларды пайдалану саласы – деректердің үлкен ауқымын өңдеу, жадының үлкен көлемдерін адрестеу, пайдаланушылардың үлкен санымен жұмыс.

Электр энергиясын аз тұтыну төмендегі мәселелерді шешеді:

- өнімділігі жоғарытөмен жылу бөлумен ықшам құрылғыларды жасау;

- ауаны баптауға қоюлатын талаптар және электр энергиясының шығынын төмендетуге мүмкіндік беретін серверлік бөлмелерді ұйымдастыру;

- батареялардың ұзақ уақыт автономды жұмысымен мобильдік ДК шығару;

- алдыңғы буынды процессорларды пайдалануда бұрын мүмкін болмаған кеңсе мен үйге арналған ЭЕМ жұмысының мәселелерін шешу.

Барлық көп ядролы процессорларды шартты түрде бірнеше класқа бөлуге болады:

- негізінен электр энергиясын тұтынуды төмендету әдістеріне және құралдарына басты назар аударылған қондырылатын және мобильді қосымшаларға арналған процессорлар;

- есептеу немесе графикалық станцияларға арналған процессорлар;

- серверлік, жұмыс станциялары және дербес компьютерлерге арналған процессорлар.

Бірінші класқакелесі топтар жатады: SEAForth (SEAForth24, SEAForth40); Tile (Tile36, Tile64, Tile64pro); ASAP-II, CSX700.

Екінші класқа: NVIDIA-дан G80 сериясы; Intel-ден Larrabeeot; Cellot IBM жобасы.

Үшінші класты AMD, Intel, Sun фирмаларының процессорлары құрайды.

6.14 - кесте			
Процессордың атауы	Ядро саны	Секундына миллион операциялар (жалпы)	Тұтынылатын қуаттылық, Вт
SEAForth40	40	26 000	0,5
Tile64pro	64	443 000	20
Tile-Gx100	100	750 000	10 – 50
ASAP	167	10 824–196 800	0,01 – 10
CSX700	192	48 000	9
Cell Broadband	9	17 000	80
AMD Opteron	4/6/12	21 600 – 46 800	40 – 75
Sun Ultra Spark T2	4/6/8	7 200 – 22 400	46/57/91
Intel Core i7	4/8	38 400–105 600	90 – 130

МС-24	2	640	1,5
-------	---	-----	-----

Кейбір көп ядролы процессорлардың негізгі сипаттамалары 6.15-кестеде келтірілген

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мур заңдылығының мәнісі не?
2. Процессордың конвейерлік жұмысы қалай ұйымдастырылған?
3. Процессорлардың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
4. Процессор корпустарының типтерін атаңыз.
5. Үшінші буынды процессорлардың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
6. Төртінші буынды процессорлардың басты сипаттамаларын атаңыз.
7. Бесінші буынды процессорлардың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
8. Алтыншы буынды процессорлардың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
9. Жетінші буынды процессорлардың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
10. Мультиядролықтың (multi-core) көп ядролықтан көп ядролықтан (many-core) ерекшелігі не?

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ ЖӘНЕ ШИНАЛАР

7.1. ШИНАЛАР

Процессордың шинасы. Процессордың шинасыең жоғары жылдамдықта процессормен ақпарат алмасу тиіс болғандықтан, ол компьютерде басқа кез келген шинадан анағұрлым тез қызмет етеді.

Бұл шина 66 – 200 МГц жиілікте жұмыс жасайды. Процессор мен негізгі жүйелік шина немесе бесінші буынды процессорлар базасындағы жүйелердегі сыртқы кэш-жады арасында деректерді беру үшін қолданылады.

L2-ні процессорге жақын ауыстыруда процессорды бекіту ұясына құрылымды өзгерістер енгізілді. Socket8, Slot1 жәнеSocket7 (Super7) ұялары осылай пайда болды.

Шинаны құрайтын электр байланысының желілері деректерді, адресстерді және басқару сигналдарын компьютер компоненттерінің арасында беруге арналған.

Процессордың шина бойынша деректер жылдамдығын беру жылдамдығын анықтау үшін деректер шинасының разрядтылығын шинаның тактілік жиілігіне көбейту керек. Бұл шама шинаны өткізу жолағы деп аталатын деректерді беру жылдамдығын сипатайды және ең жоғары болып табылады. Барлық ең жоғары шамалар сияқты ол да шамамен 25 %-ға аз шинаның орташа жұмыс жылдамдығына сәйкес келеді. Алмасудың орташа жылдамдығы көптеген факторлардың әсерінен, мысалы процессор шинасына жүйелік шинадан ақпараттың түсу жылдамдығын шектеуден төмендейді.

Жады шинасы. Жады шинасы процессор мен басты жады арасында ақпаратты беруге арналған. FPM және EDO типті жады 16 МГц жиілікте жұмыс істеді (рұқсат уақыты 60 нс). SDRAM типті жады б 66 МГц жиілікте жұмыс істейді (рұқсат уақыт 15 нс) немесе 100 МГц (рұқсат уақыты 10 нс).

Жады шинасының разрядтылығы үнемі процессор шинасының разрядтылығына тең. Шина разрядтылығын жады банкінің көлемін анықтайды.

Енгізу-шығару шинасы. Енгізу-шығару шинасы процессорға

перифериялық құрылғылармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Осы шина және оған қосылған кеңейту жалғағыштары компьютер барлық қойылатын сұраныстарды орындай алуына арналған. Енгізу-шығару шинасы оның мүмкіндіктерін кеңейту үшін компьютерге қосымша құрылғыларды қосуға мүмкіндік береді. Кеңею жалғағыштарына қатты дисктердегі және видеоадаптерлер тақтасындағы жинақтағыштарды бақылағыш сияқты өмірлік маңызды тораптарды орнатады; оларға барынша арнайы құрылғылар, мысалы дыбыстық тақталар, желілік интерфейстік тақталар, SCSI адаптерлері және т.б. қосуға болады.

Осы параметрлердің әрқайсын жақсарту үшін ең жоғары тез әрекеттікпен енгізу-шығару шинасы керек. Енгізу-шығару шиналары сәулетімен ерекшеленеді. Қазіргі таңдағы негізгісі төмендегілер болып табылады:

- ISA (Industry Standard Architecture);
- MCA (Micro Channel Architecture);
- EISA (Extended Industry Standard Architecture);
- VESA (немесе VL-БусилиVLB);
- PCI;
- AGP;
- PC Card (PCMCIA);
- FireWire (IEEE-13 94);
- USB (Universal Serial Bus).

Осы шиналар арасындағы айырмашылық негізінен біруақытта берілетін деректер көлемімен (разрядтылық) және беру жылдамдығымен (тез әрекеттікпен) байланысты. Әр жина процессор шинасына қосылатын арнайы микросызбалар негізінде құрылады. Әдетте осы микросызбалар жады шинасын басқару үшін пайдаланылады.

PCI шинасы. ISA, MCA және EISA шиналарының бір ғана ортақ кемшілігі бар – ол деректермен алмасудың жоғары жылдамдығы маңызды, мысалы видеобақылағыштарда, іші жүйелерде ғана кедергі жасайтын төмен тез әрекеттік.

Деректерді беруді жеделдету үшін процессор шинасында енгізу-шығарудың қосымша енгізу-шығару жалғағыштарын орналастыру қажет. Қазіргі үстелдік компьютерлерде әдетте ISA, PCI және AGP жалғағыштары бар. Алайда PC99 жіктеліміне сәйкес, компьютерлерде тек PCIжәне AGP секілді екі шина қолданылуы тиіс.

PCI шинасы (PeripheralComponentInterconnectbus – перифериялық компоненттердің өзара байланыс шинасы) 1992 ж пайда болды. 1993 жылы ол қайта жаңартылды (2.0 нұсқасы). 1995 жылы кезекті нұсқасы пайда болды (2.1-нұсқа). PCI шиналы компьютерлер 1993 жылдың ортасында пайда болды және ол жоғары класты компьютерлердің

ажырамас бөлігі болды.

64-разрядты процессорды пайдалануда шинаның өткізгіш қабілеті 264 Мбайт/с құрауы мүмкін. Жоғары өткізгіштік қабілеті оған өзінің сұраныстарымен жүгінбей, PCI процессор шинасымен параллель жұмыс істей алатынымен түсіндіріледі. PCI шинасының адаптерлерін қосу үшін 32-лік және 64-разрядты арнайы жалғағыш пайдаланылады. Бұл жалғағыштарды олар әдетте ISA, MCA немесе EISA шиналарының жалғағыштарынан жеке орнатылатындықтан тану оңай. PCI тақтасының тағы бір маңызды қасиеті оның Intel фирмасының PlugandPlay ерекшелігін қанағаттандыра алатыны болып табылады, яғни баптаудың арнайы бағдарламасының көмегімен баптала алады. 1995 жылдың аяғынан бастап компьютерлердің көпшілігінде PlugandPlay ерекшелігіне сай келетін BIOS орнатыла бастады, ол да автоматты баптауды қамтамасыз етеді.

AGP шинасы. Видео және графикамен жұмыс тиімділігін арттыру үшін Intel фирмасы 1996 жылы жаңа шина – AGP шинасын әзірлеп шығарды (Accelerated Graphics Port – жылдамдатылған графикалық порт). AGP PCI-ға ұқсас, бірақ ол PCI-қа байланысты емес. Мысалы, AGP жалғағышы PCI жалғағышына ұқсас, бірақ қосымша сигналдарға арналған түйіспелері және түйіспелердің басқа ажыратқышы бар. AGP-тиімділігі жоғары, видеоадаптер үшін арнайы әзірленген қосылыс, бұнда бір видео адаптер үшін тек бір AGP жалғағышы ғана рұқсат етіледі.

AGP1.0 маманданымы 1x немесе 2x режимдерді көздейді. 1x режимінде тактілік жиілік 66 МГц. AGP2.0 нұсқасы 1998 жылы шығарылды, оған 4x режим қосылды.

1x деп аталатын AGP-нің негізгі режимінде әрбір циклде дара беру орындалады. AGP шинасының ені 32 битке тең (4 байт) болғандықтан, секундына 66 млн тактіде онда шамамен секундына 266 млн байт жылдамдықпен деректер беруге болады.

Әрбір циклде екі беру жүзеге асырылатын 2x режимінде жылдамдық 533 Мбайт/с-қа тең. Қазіргі уақытта бүкіл жүйелік тақталар осы режимді қолдайды.

Деректер алмасу цикл үшін төрт рет берілетін 4x режимінде деректерді беру жылдамдығы 1 066 Мбайт/с теңеседі.

AGP видеоадаптерінің жұмысының тиімділігін арттырудан басқа, жүйелік оперативтік жадыға тікелей тез рұқсатты алуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде AGP видеоадаптері оперативтік жадыны пайдалана алады, ол видео жадыдағы қажеттілікті азайтады. Бұл әсіресе үш өлшемді жадының үлкен көлемдерін қарқынды пайдаланатын видео қосымшалармен жұмыста маңызды.

7.2. ЖҮЙЕЛІК РЕСУРСТАР

ДК шиналарының көмегімен деректермен алмасу үшін жүйелік ресурстар деп аталатын коммуникативтік каналдар, адресстер және сигналдар пайдаланылады. Жүйелік ресурстар дегеніміз:

- жады адресстері;
- үзілулер сұраныстарының каналдары(IRQ);
- жадыға тікелей рұқсат каналдары(DMA);
- енгізу-шығару порттарының адресстері.

Барынша кеңінен таралған мәселелер жады ресурстарымен байланысты. IRQ ресурстарымен байланысты қақтығыстар DMA ресурстарына қарағанда көп, себебі үзілулер жиі сұралады. Енгізу-шығару порттары шинаға қосылған барлық порттарда пайдаланылады, бірақ порттарға берілген 64 кБайт жадыда әдетте қақтығысты жағдайларды болдырмау үшін жетеді.

Барлық ресурстарға ортақ нәрсе, кез келген компьютерге жалғанғантақта (құрылғы) бірегей жүйелік ресурсты пайдалануы тиіс, әйтпесе компьютердің жекелеген компоненттері ресурстарды өзара бөле алмайды және қақтығыс туындайды, сол себепті қосымша тақталарды орнатуда компьютерде ресурстарды пайдаланумен байланысты қақтығыстар ықтималдығы артады. Қақтығыс екі немесе оданда артық тақталарды орнатуда туындайды, оның әрқайсына IRQ желісі немесе енгізу-шығару портының адресі қажет болады.

PlugandPlay ерекшелігін қанағаттандыратын операциялық жүйелерде дұрыс параметрлерді орнату жабдықтарды орнату кезеңінде жүзеге асырылады.

Токтаулар. Токтаулар – тоқтаған бағдарламаны орындауды ретті қайтарумен тоқтауларды өндегіш арнайы бағдарламасымен кейбір оқиғаны өңдеу үшін ағымдық команда немесе командалардың ағымдық реттілігін орындауды тоқтату. Оқиға сыртқы құрылғыдан сигнал немесе бағдарламаны орындауда қалптасқан ерекше жағдаймен туындауы мүмкін. Токтау бағдарламаны орындау барысында және сыртқы құрылғылармен өзара байланыста туындаған ерекше жағдайлар үшін қолданылады.

Токтау механизмі компьютердің сәйкес аппаратты-бағдарламалық құралдарымен қамтамасыз етіледі. Токтауда туындайтын кез келген ерекше жағдай *тоқтаулар сұранысы* (IRQ) деп аталатын сигналмен жалғасады. Сыртқы құрылғылардан тоқтау сұраныстары процессорға арнайы желілермен түседі (тоқтау сұраныстарының каналдарына), ал

бағдарламаны орындау процесінде туындайтын сұраныстар тікелей процесордың ішіне түседі.

Тоқтау каналдары жүйелік тақтадағы өткізгіштерді және жалғағыштардағы тиісті түйіспелерді құрайды.

IRQ алғаннан кейін компьютер оны өңдеудің арнайы рәсімдеріне кіріседі:

- процессор тіркеуішінің ішіндегіні стекте сақтау;
- тоқтаудың белгілі бір нөмірлеріне (каналдарына) сәйкес келетін сұраныс жіберген тақтаға қызмет көрсетуге арналған бағдарлама-драйверлері бар тоқтау векторларының кестесіне жүгіну: онда жады адресстерінің тізімі болады;
- сұраныс жіберген құрылғыға қызмет көрсету бойынша қажетті әрекеттерді орындағаннан кейін тоқтауларды өңдеу рәсімі тіркеуіштердің ішін қалпына келтіреді (стектен оны алмастан) және тоқтау туындағанға дейін орындалған бағдарламада компьютерді басқаруды қайтарады.

Аппараттық тоқтауларбасымдылықтар сатысына ие: тоқтаулар саны аз болған сайын артықшылық та жоғары. Жоғары артықшылығы бар тоқтаулар артықшылыққа ие және «тоқтауларды тоқтата» алады. Нәтижесінде компьютерде бірнеше «салынған» тоқтаулар туындауы мүмкін. Тоқтаулардың үлкен санын генерациялауда, стек толып кетіп, компьютер тұрып қалуы мүмкін.

PlugandPlay ерекшелігін қанағаттандыратын барлық жүйелік BIOS Windows95 OSR2 батсап тоқтауларды басқару функциясын қолдайды.

КөбінесеIRQ қақтығыстарыCOM ретті порттары арасында туындайды, себебі олардың ең көп саны 4-ке тең де, ал IRQ3 тоқтауы жұп нөмірлі COM барлық порттарына және IRQ4 – тақ санды барлық COM порттарына арналған. Мәселелер компьютерге екі не одан да көп ретті порттарды орнатуда пайда болады. Нәтижесінде COM2 және COM4 порттары тек бір ғана IRQ3 желісін пайдаланып, ал COM1 мен COM3 болса IRQ4 портын қолданады. Сәйкесінше, біруақытта COM1 және COM3 пайдалану мүмкін емес, бұл COM2 және COM4 порттарына да қатысты.

Компьютерде екіден артық COM параллель порттар болуы үшін, 3 және 4 нөмірлі тоқтаулардан басқа қосымша тоқтауларды пайдалануға мүмкіндік беретін көп портты тақта қажет.

Жадыға тікелей рұқсатты каналдар. Жадыға(DMA) тікелей рұқсат каналдары деректермен жоғары жылдамдықты алмасуды жүзеге асырылатын құрылғылармен пайдаланылады, мысалы дыбыстық тақта немесе SCSI адаптері. Ретті және параллель порттар DMA-ны пайдаланбайды. DMA –ның бір каналы әр түрлі құрылғылармен, бірақ әр уақытта пайдаланылуы мүмкін.

Енгізу-шығару порттарының адрестері. Енгізу/шығару порттары арқылы компьютерге сан алуан құрылғыларды қосуға болады, мысалы принтер –бір LPT параллель порттары арқылы, модем –COM ретті порттарының бірінен беріледі.

Енгізу/шығару порттары құрылғылар мен бағдарламалық қамсыздандыру арасында компьютердегі байланысты орнатуға мүмкіндік береді, бұнда ақпаратпен алмасу қай жаққа болса да бір каналда болады.

Компьютерлердің көпшілігінде кем дегенде ретті (COM1 және COM2) және бір параллель (LPT1)порт болады. Ал компьютерде барлығы төртке дейінгі ретті (COM1–COM4) және үш параллель (LPT1-LPT3) порттарды орнатуға болады. Жалпы олар 0000h-дан бастап, FFFFh дейін нөмірленген, соның ішінде көрсетілген де бар 65535 түрлі порттарбар. Қосылатын құрылғы үшін портты таңдауда таңдауда екі құрылғыға абайсызда бір портты тағайындамау үшін қадағалау керек.

PlugandPlay ерекшелігін қолданатын жүйелер автоматты түрде қақтығысатын құрылғылардың бірі үшін балама порттарды таңдай отырып, порттардан кез келген қақтығыстарды автоматты түрде шеше алады.

Шинадағы құрылғылар әдетте 100h-ден басталатын адрестерді пайдаланады. Олардың көпшілігі стандартталған, сол себепті негізінде осы құрылғылардың порттарының адрестерімен қақтығыстар немесе мәселелер туындамайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. ДК-де қандай шиналардың қандай негізгі типтері пайдаланылады?
2. Процессор шинасы не үшін қолданылады?
3. Жады шинасы не үшін қолданылады?
4. Енгізу/шығару шиналары не үшін қолданылады?
5. PCI шинасыныңсипаттамаларын атаңыз.
6. AGP шиналарының қасиеттерін атаңыз.
7. ДК жүйелік ресурсының мәні неде?
8. Тоқтаулар не үшін керек?
9. Жадыға тікелей рұқсат каналдарын қандай құрылғылар пайдаланады?
- 10.Енгізу/шығару порттарының адрестері не үшін керек?

8 – Тарау

КІРІС -ШЫҒЫС

8.1. РЕТТІ ПОРТТАР

Ретті порттарға әдетте екібағытты құрылғылар жалғанады, олар компьютерден ақпаратты беруі де, қабылдау да тиіс.

Асинхронды ретті интерфейс – бұл компьютерлер арасындағы өзара байланысты жүзеге асыратын интерфейснің негізгі типі. «Асинхрондық» термині деректерді беруде ешқандай синхрондаушы сигналдар пайдаланылмайтынын және жекелеген символдар ерікті интервалдармен беріле алатынын білдіреді, мысалы пернетақтадан деректерді енгізуде.

Ретті қосылыс арқылы берілетін әр символға екі немесе үш сигнал қосылады:

- символдың алдында– стандартты стартты сигнал. Стартты сигнал – стартты бит деп аталатын нөлдік бит;
- символдан кейін – тоқтату сигналы. Екі тоқтату сигналы болуы мүмкін.

Қабылдайтын құрылғыда символдарларды беру сәтінде емес старттық және тоқтату сигналдарының пайда болуымен танылады. Деректер жалғыз өткізгішпен беріледі, ал биттер – бірінен соң бірі жалғаса береді. Ретті порттарға әртүрлі құрылғыларды қосуға болады: модемдер, плоттерлер, принтерлер, сканерлер, басқа компьютерлер, штрихкодты есептеу құрылғылары немесе құрылғыларды басқару сызбасын жатқызуға болады.

Негізінен, компьютермен екібағытты байланыс қажет барлық құрылғыларда стандарт болған ретті RS-232C (Reference Standard number 232 revision C – C нұсқасының 232 нөмір алмасу стандарты) қолданылады, ол сәйкес емес құрылғылар арасында деректерді беруге мүмкіндік береді.

ДК ретті порттары және қосылатын құрылғылар кабельдермен жалғастырылады. Кабельдің максималды ұзындығы 15м-ден артық емесі ұсынылады, бірақ 150 м және одан да ұзынарнайы кабельдер әзірленген.

8.2. ПАРАЛЛЕЛЬ ПОРТТАР

Жапсарлас порттарда бір мезгілдік ақпарат байт алмасуда 8 бағыт қолданылады. Бұл интерфейс ауқымды жылдамдығымен, принтерді компьютерге жалғауда жиі қолданылатын, сонымен бірге компьютерлерді қосуда пайдаланылады.

Жапсарлас порттардың ең үлкен кемшілігі – жалғанатын сымдар тым ұзын болмайды. Жалғанатын кабельдердің ұзын болған жағдайында оған уақытша дабыл зорайтқыш енгізіледі де, басқаша болғанда көптеген кедергілер орын алады.

1994 жылы стандарт IEEE 1284 іске қосылды. Ол жапсарлас порттардың физикалық ерекшеліктерін айқындайды, бірақ бағдарламалық қалып талаптарына жауап бермейді. Сондықтан, көп ұзамай стандарт ойлап табылды, ол бұндай бағдарламалық жабдықтаулардың талабына сай болып табылатын, түрлі өндірістің жапсарлас микроескіндер арасындағы келеңсіздікті жоюға бағытталған стандарт.

IEEE 1284 стандарты болып, екі компьютерлер мен принтерлер арасындағы ауқымды өткіздіштік қабілет қарастырылған.

Аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыруда принтердің арнайы кабелі сәйкес келмейді, басқа жұбы қажет болады.

IEEE 1284 стандартында жаңаша аңғарлар анықталған: DB25; Centronics36;

Стандарт IEEE 1284 жапсарлас порттың 4 түрін анықтады:

- Стандартты жапсарлас порт;
- екібағытты порт;
- жетілдірілген жапсарлас порт (EPP);
- мүмкіндігі кеңейтілген порттар (ECP).

Алғашқы компьютерлерде жапсарлас порттар КДК-ден басқа құрылғылармен, мысалы принтермен ақпарат алмасу үшін қолданылатын.

Бұның бір бағыттылығы толық негізгі мақсатына сәйкес болатын – принтермен ақпарат алмасу.

Стандартты жапсарлас порттар арнайы кескіндер көмегімен жасалған болатын, және бір бағытты жапсарлас порттың 8-разрядты шығару және 4-разрядты енгізу портымен қамтамасыз етіледі. Қазіргі кезде порттың аталған түрі аз қолданылады. Стандартты жапсарлас порт 50 Кбайт/с жылдамдықпен ақпарат алмасады, алайда түрлі жетілдірілген қабілетті өткізгіштерді қосқанда 150 Кбайт/с-қа қол жеткізуге әбден болады.

Екібағытты жапсарлас порт ең алғаш 1987 жылы PS/2

компьютерлерінде пайда болды. Бүгінде көп компьютерлерде «PS/2» деп таңбанып жүргендерінде жапсарлас ретінде қолданыс табуда. Осындай порттардың арқасында компьютерлер мен түрлі перифериялық құрылғылар арасында екіжақтық ақпарат алмасу мүмкіндігі туды.

Екібағытты порттар 8-разрядты енгіз/шығару құрылғысымен жұмыс атқара алады, ол үшін 8стандартты сызықты пайдаланады, олардың өткізгіштік қабілеті ішкі құрылғыларды қосқан сәтте 4-разрядты порттарға қарағанда айтарлықтай ұлғаяды.

Ақпарат алмасу жылдамдығы екібағытты порт арқылы 150 Кбайт/с.

EPP (EnhancedParallelPort) – 1991 жылы пайда болды. Ол жоғары жылдамдықты жапсарлас порттың жаңа түрі болып табылады.

EPP болса, ISA шинасына негізделген барлық жылдамдығында жұмыс жасайды, және әдеттегі жапсарлас порттармен салыстырғанда он есе өткізгіш қабілетін ұсынады.

Порттың аталған түрі порттардың жапсарлас құрылғысына қосу үшін, желілік адаптер ретінде, дис енгізгіш пен магниттік лентадағы жинақтағыш ретінде арнайы жасалған.

Жетілдірілген жапсарлас порт жаңа IEEE 1284 стандартына сай, ал жапсарлас порттар үшін ақпарат алмасуды 2 Мбайт/с жылдамдықпен жеткізеді.

EPP екі түрі болады: 1.7 нұсқалы порт EPP, ол стандартты IEEE 1284 талабына негізделмеген; IEEE 1284 стандартының бір бөлігі.

Перифериялық жабдықтар екі стандартты да қолнады, алайда кей жағдайда EPP құрылғылары 1,7 үшін IEEE 1284 порттары қызмет көрсете алмайды.

Жоғары жылдамдықты жапсарлас порттың басқа түрі ECP атауы бар (Enhanced Capabilities Port– кең таралған мүмкіндіктерге ие), 1992 жылы пайда болған.

ECP порты IEEE1284 стандартының талабына сәйкес келеді. Бұл түрдің жасап шығарудың негізгі мақсаты – жоғары жылдамдықты принтерлерді қосуда. Көптеген көмпыютерлер жаңашыл микросызбалары бола тұра, ECP режимінде жұмыс жасай алмайды, EPP жүйесінде, дегенмен, құрылғылармен байланыс орнату барысында жапсарлас порттарға қосылған соң, EPP жұмысы жандана түседі.

8.3. USB және IEEE-1394 порттары

Қазіргі уақытта екі жоғарыжылдамдықты ретті шиналы USB (Universal Serial Bus – әмбебап жүйелі шина) құрылғылары әзірленді; IEEE-1394 (i.LinkнемеceFireWire).

Бұл жоғары жылдамдықты коммуникациялық порттар стандартты параллель және ретті порттардан барынша ауқымдымүмкіндіктерімен ерекшеленді. Оларға сыртқы перифериялық құрылғылардың барлық типтерін қосуға болады. USB-де компьютерге перифериялық құрылғылардың үлкен санын қосу мүмкіндігі іске асырылған.USB құрылғысын жалғағанда оның баптауы қайта жүктеусіз немесе орнатусыз физикалық қосқаннан кейін бірден автоматты қосылады.

USB-дің бірнеше нұсқалары бар. USB2.0 ерекшелгіндедеректерді беру жылдамдығыUSB1.0 алғашқы нұсқасына қарағанда 40 есегежоғары; бұдан басқа, құрылғылардың толық кері сәйкестігі қамтамасыз етіледі.

Бұл шина 127 қосылатын құрылғыны қолдайды. Пернетақта және тышқан сияқты осындай төмен жылдамдықтағы перифериялық құрылғылар үшін, әмбебап ретті шиналарда әлдеқайда «баяу» кіші канал көзделген. USB-дің бірнеше құрылғыларын біруақытта қосу үшін концентраторды пайдалану қажет. Концентратордың көмегімен USB-дің бір портына пенетактаны, тышқанды, сандық камера, принтер, телефон т.б. қосуға болады.

Шекті жылдамдықта жұмыс істейтін құрылғылар немесе құрылғы және концентратор арасындағы екі кабельдің ең көп ұзындығы 5м. Төмен жылдамдықты құрылғылар үшін сымдардың оралмаған жұбын пайдаланудағы төмен жылдамдықты құрылғылар үшін кабельдің ең көп ұзындығы 3 м.USB2.0 - 480 Мбит/с (60 Мбайт/с) жылдамдықта жұмыс істейді.

USB - Intel фирмасының PlugandPlay технологиясының талаптарына жауап береді, соның ішінде құрылғы жүйені қайта жүктеу және қуат көзін ағытусыз компьютерге қосыла алады. Құрылғыны қосу керек, осыдан кейін компьютерге орнатылған USB бақылағышы жеке анықтайды, сондай-ақ жұмыс үшін қажетті ресурстар мене драйверлерді қосады.

Қазіргі уақытта бірнеше бірегей USB құрылғылары шығарылды:

- USB-параллель порт;
- USB-Ethemet;
- USB-SCSI;
- USB-PS/2 (пернетақта мен тышқанның стандартты порты);
- USB арқылы екі жүйені тікелей қосуға мүмкіндік беретін USB-дің

тікелей қосылысының көпірлері.

USB-параллель порты немесе USB-Ethernet құрылғылары, RS232 немесе Centronics интерфейсімен перифериялық құрылғыны USB портына қосуға мүмкіндік береді. USB-Ethernet түрлендіргіші USB порты арқылы локалды желіге қосылуды қамтамасыз етеді.

IEEE-1394 (FireWire немесе i.Link)– бұл 100, 200 және 400 Мбит/с (12,5, 25 и 50 Мбайт/с) жылдамдықпен деректерді беруге қабілетті, ал файлдардың кейбір типтерімен жұмыста - 1 Гбит/с дейін деректерді беруге қабілетті жоғары жылдамдықты, локалды ретті жина. жалғанбалы шина. IEEE-1394 шинасына стандарт 1995 жылдың соңында жарияланды. Ол Apple және TexasInstruments фирмалары ұсынған FireWire негізінде әзірленді және SerialSCSI жаңа стандартының бөлігі болып табылады.

Бұл шина тактілік импульстер және ақпаратты, сондай-ақ қуат берудің екі желісін беруге арналған желілердің әр түрлі жұбынан қарапайым 6-сымды кабельді пайдаланады. USB секілді, IEEE-1394 те PlugandPlay технологиясын толығымен қолдайды.

IEEE-1394 шинасы тармақталған топологияда құрылған және 63 түйінге дейін тізбекте пайдалануға болады және бұнда әр торапқа 16 құрылғыға дейін жалғауға болады. Егер ол жеткіліксіз болса, қосымша 1023 шиналық жалғағышқа дейін қосымша қосуға болады, олар 64 000-нан астам құрылғыны қоса алады. Бұдан басқа, IEEE-1394 шинасы бір шинада жалғанған, бірақ SCSI сияқты деректерді берудің әр түрлі жылдамдықтарында жұмыс істейтін құрылғыларды қолдай алады.

1394 шинасы арқылы компьютерге SCSI-мен жұмыс істейтін барлық құрылғыларды қосуға болады. Бұған диск жинақтағыштарының барлық түрлері, соның ішінде қатты, оптикалық, CD және DVD-ROM кіреді. 1394 шинасына сандық видеокамералар мен магнитті таспаға жазбасы бар құрылғылар және көптеген басқа да жоғары жылдамдықты перифериялық құрылғылар қосыла алады.

8.4. SCSI ПОРТТАРЫ

SCSI (Small Computer System Interface – шағын компьютерлік жүйелер интерфейсі) – сегіз және он алты құрылғылардың жұмысын қамтамасыз ететін шина. Кейбір адаптерлер одан да көп құрылғыларды қосуға мүмкіндік береді.

Негізгі адаптердің бірі саналатын (host) құрылғының бірі дербес компьютердің жүйелік шинасы мен SCSI шинасының арасындағы

байланыстырушы звено рөлін атқарады. SCSI шинасы құрылғылардың өзімен емес, оларға орнатылған бақылағыштармен өзара әрекеттеседі.

Әрбір жалғанатын модуль SCSI ID сәйкестендірілген нөмірін алады. Модульдердің бірі компьютерге орнатылған адаптер тақтасы, қалған жетеуі – перифериялық құрылғылар болып табылады. Бір ғана негізгі адаптерге қатты дисктер, магнитті таспадағы жинақтағыштар, CD-ROM, сканерлер және басқа құрылғыларды (жеті не он бестен артық емес) қосуға болады.

SCSI кіші жүйесі компьютермен бағдарлама-драйверлер көмегімен байланысады.

SCSI интерфейсі стандарт ретінде қабылданды және қазір де барлық жоғары сапалы компьютерлерде қолданылып келеді.

8.5. IDE ПОРТТАРЫ

Қазіргі PC-ке қатты дискті жалғау үшін пайдаланылатын негізгі интерфейс - IDE (Integrated Drive Electronics) деп аталады. Жалпы алғанда ол жүйелік тақта мен электрониканемесе жинақтағышқа қондырылған бақылағыштың арасындағы байланысты құрайды. Бұл интерфейс үнемі даму үстінде – бүгінде оның бірнеше түрлендірулер жасалған.

Қазіргі компьютерлердің сақтау құрылғыларында кеңінен пайдаланылатын IDE интерфейсі қатты дисктің интерфейсі ретінде әзірленді. Алайда қазір ол қатты дискте ғана емес, басқа да көптеген құрылғыларда, мысалы магнитті таспадағы жинақтағыштарда, CD/DVD-ROM, Zip диск жетектерінде пайдаланылады.

SCSI және IDE – бұл жүйелік деңгейдің интерфейстері, онда екі типтің біріншісін бақылағыш микросызба түрінде орындалған және (немесе микросызба жиынтығы) және дискке қондырылған. Бақылағыш және жүйелік шина арасындағы SCSI интерфейсінде деректерді ұйымдастыру және басқаруды ұйымдастырудың тағы бір деңгейі енгізіледі, ал IDE интерфейсі жүйелік шинамен тікелей өзара әрекеттеседі.

IDE термині негізінен кез келген қондырылған бақылағышы бар қатты дискке қатысты болуы мүмкін. ANSI, – ATA (ATA Attachment) стандарты ретінде танылған IDE интерфейсінің ресми атауы.

IDE жинақтағышында бақылағыш орнатылғандықтан, оны адаптердегі тақта жалғағышына немесе жүйелік тақтаға тікелей қосуға болады. IDE жинақтағыштары туралы айтқанда әдетте кеңінен таралған ATA IDE

нұсқасын айтады. Алайда басқа шиналарға арналған IDE жинақтағышының басқа да түрлері бар.

IDE интерфейсінің үш стандартты шиналардың өзара әрекетіне арналған үш негізгі түрі бар:

- AT Attachment (ATA) IDE (16-разрядты шинаISA);
- XT IDE (8-разрядты шинаISA);
- MCA IDE (16-разрядты шинаMC A).

Осы үш түрден қазіргі уақытта тек ATA, нақтырақ айтқанда ATA-2 нұсқасы қолданылады. Оны басқаша EIDE (Enhanced IDE), Fast-ATA, Ultra-ATA немесе Ultra-DMA деп те атайды.

ATA келесі стандарттары бар:

- ATA-1 (1988–1994жж.);
- ATA-2 (1996 ж., сондай-ақ Fast-ATA, Fast-ATA-2 немесе EIDE деп аталады);
- ATA-3 (1997 ж.);
- ATA-4 (1998 ж., сондай-ақ Ultra-ATA/33) деп аталады;
- ATA-5 (1999 ж., сондай-ақ Ultra-ATA/66) деп аталады.

ATA стандартының барлық нұсқалары бір-бірімен үйлесімді, яғни ATA-1 немесе ATA-2 құрылғылар да интерфейспен жақсы жұмыс істейді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Енгізу/шығару интерфейстеріне нежатады?
2. Ретті порт қалай жұмыс істейді?
3. Параллель порттардың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?
4. IEEE12842 стандартындағы параллель порттардың негізгі сипаттамаларын атаңыз?
5. IEEE1284 стандартында қандай жаңа жалғағыштар анықталған?
6. Стандартты параллель порт не үшін керек?
7. Екі бағытты параллель порттың негізгі сипаттамаларын атаңыз.
8. EPPпортының ECP порттан айырмашылығы неде?
9. USBнегізгі сипаттамасын атаңыз.
10. SCSI негізгі сипаттамаларын атаңыз.
11. IDEнегізгі сипаттамаларын атаңыз.

ЖҮЙЕЛІК ТАҚТАЛАР

Жүйелік тақта кез келген қазіргі компьютердің басты элементі болып табылады және оның құрамына кіретін барлық құрылғыларды біріктіреді.

Жүйелік тақталар бір-бірінен өзінің форма факторларымен ерекшеленеді.

Жүйелік тақтаның форма факторы – дербес компьютер үшін жүйелік тақтаның өлшемдерін, оның корпусқа бекітілу орнын; онда шиналардың интерфейстерінің орналасуы кіріс-шығыс порттарын, орталық процессордың (егер ол бар болса) және оперативті жадыға арналған слоттарды, сондай-ақ қуат блогын қосуға арналған жалғағыштың орналасуын анықтайтын стандарт.

Тарихи дамуындағы кейбір форма факторлар 9.1-кестеде келтірілген. АТХ тобығ неғұрлым толығырақ қарастырайық.

9.1. АТХ ТОПТАРЫ

АТХ. 1995ж. шілдеде Intel компаниясы ресми түрде АТХ ерекшеліктері туралы жариялады.

АТХ келесі сипаттамаларды анықтайды:

- жүйелік тақталардың геометриялық өлшемдері;
- жалғағыштардың орналасуы мен корпусқағы саңылауларына қойылатын жалпы талаптар;
- корпусқағы қуат беру блогының жағдайы;
- қуат беру блогының геометриялық өлшемдері;
- қуат беру блогының электр сипаттамалары;
- жалғағыштар тобының нысаны мен орналасуы (басымтүрде қуат беру).

АТХжүйелік тақталары шамамен 1996ж. ортасында пайда болды. 1997 ж. ақпан айында АТХ ерекшелігінің 2.01 сипаттамасы пайда болды, осыдан кейін тағы да бірнеше кішігірім өзгертулер жасалды. 2000 ж. мамырда 2.0.3 нұсқадағы АТХ ерекшелігінің толық редакциясы жарияланды. Intel компаниясы АТХ толық ерекшеліктерін жариялады, осы арқылы басқа өндірушілерге оны ашты.

АТХ кейбір артықшылықтарын қарастырайық.

Жады процессоры мен модульдері кеңейту платаларына кедергі жасамайтындай орналасқан, оларды қондырылған адаптерлерден алмай жаңамен алмастыруға болады.

Жады процессоры мен модульдері кеңею тақталарына олар кедергі келтірмейтінде және оларды орнатылған адаптерлердің бірде бірін алмастан жаңамен жеңіл ауыстыруға болатындай орналасқан.

Процессор және жады модульдері қуат көзінің жанында орналасқан және бір желдеткішпен үріледі, ол үнемі тиімді бола бермейтін және сынуға бейім процессорға аналған арнайы желдеткішсіз (одан толығымен бас тартуға болатындай емес әрине) арнайы желдеткішсіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Пассивжылу бөлгіші үшін де орын бар.

Жүйелік тақтаның сыртқы жағында 6,25 ені бар және 1,75 дюйм ұзындығы бар кіріс-шығыс жалғағыштары бар аймағы бар. Бұл тақтада тікелей сыртқы жалғағыштарды орналастыруға мүмкіндік береді және ішкі жалғағыштарды жалғастыратын кабельдерді және корпусың артқы панелін жалғастыратын кабельдерді пайдалану қажеттілігін жоққа шығармайды.

9.1 - Кесте			
Форм-фактор	Сипаттамасы		Тақтаның өлшемі, мм
	Фирмасы	Жылы	
XT	IBM	1983	216x279
AT	IBM	1984	305x279/330
LPX	Western Digital	1987	229x279/330
Mini-LPX	Western Digital	1987	203/229x254/279
Baby-AT	IBM	1990	216x254/330
ATX	Intel	1995	305x244
eATX	Intel	1995	305x330
Mini-ATX	Intel	1996	284x208
Micra-ATX	Intel	1997	244x244
Flex-ATX	Intel	1997	229x190,5/244
BTX	Intel	2004	325x267
Pico-ITX	VIA	2007	100x72

АТХ сипаттамасы қуат көзінің бір кілтті жалғағышынан тұрады, ол жеңіл қойылады және оны қате орнату мүмкін емес. Бұл

жалғағыштың 3,3V кернеуін жүйелік тақтаға тартуға арналған жалғағышы бар. АТХ сипаттамасына қосалқы күш жалғағыштары атауын алған екі қосымша қуат көзі жалғағыштары (3,3V және 5V), сондай-ақ түпнұсқа сипаттамада көзделген электр энергиясының үлкен мөлшерін тұтынатын АТХ 12V жалғағышы қосылған.

Икемді және қатты дисктерге арналған жалғағыштар жинақтауыштармен бірге болады. Сондықтан, жинақтауыштарға ішкі кабельдердің ұзындығын азайтуға болады.

Жүйелік тақта дискжетектерін орнатуға арналған бөліктермен мүлде жабылмайды, ол жүйенің әр түрлі компоненттеріне еркін рұқсатты қамтамасыз етеді.

Micro-АТХ. 1997 ж. желтоқсанда кішігірім және қымбат емес жүйелерге арналған АТХ кішірейтілген тақтасының нұсқасы ретінде micro-АТХ жүйелік тақтасының форма факторы ұсынылды. АТХ стандартты тақтасының форма факторын азайту корпусның, жүйелік тақтаның және қуат беру блогының өлшемдерінің азаюына алып келді, ол жалпы жүйенің құнын төмендетті.

micro-АТХ форма факторы АТХ форма-факторымен үйлесімді, ол micro-АТХ жүйелік тақтасын толық өлшемді АТХ корпусында пайдалануға мүмкіндік береді. micro-АТХ корпусына толық өлшемді АТХ тақтасын қоюға болмайды.

АТХ бар micro-АТХ форма факторының жүйелік тақталардан негізгі ерекшеліктері:

- өлшемі;
- жалғағыштардың азайтылған саны;
- азайтылған қуат блогы (SFX форма факторы).

Жалғағыштар санын азайту кәдімгі үй немесе кеңсе компьютерін пайдаланушы үшін проблема болып табылмайды, себебі жүйелік компоненттердің тобы, мысалы дыбыс және графикалық тақталар көбінесе жүйелік тақтаға орнатылады.

micro-АТХ жүйелерінде жалғағыштар сәйкестігінің нәтижесінде АТХ стандартты қуат беру блогын пайдалана алады, бірақ қуаттылығы аз жүйелер үшін SFX атауын алған қуат беру блогының форма факторы әзірленген.

micro-АТХ жүйесінің форма факторының АТХ-пен сәйкестігі төмендегі факторлармен қамтамасыз етіледі:

- бір 20-түйіспелі қуат беру жалғағыштарын пайдаланумен;
- енгізу-шығару жалғағыштарының стандартты орналасуымен;
- бекіту бұрандаларының бірдей орналасуымен.

Геометриялық параметрлердің ұқсастығы стандартты қуат беру блогын қамтитын ATX корпусына micro-ATX жүйелік тақтасын, SFX қуат беру блогының өлшемдері бойынша кішісін пайдаланатын micro-ATX кішірейтілген корпусын да орнатуға мүмкіндік береді.

Flex-ATX. 1999 ж. наурызда Intel компаниясы flex-ATX деп аталатын micro-ATX сипаттамасына толықтыруды жариялады. Бұл толықтыруда ATX-қа қарағанда кіші өлшемді жүйелік тақталар сипатталды, олар өндірушілерге кішігірім және қымбат емес жүйелерді тудыруға мүмкіндік береді.

flex-ATX форма факторы ATX тобынан ең кіші болып табылатын жүйелік тақтаны анықтайды. flex-ATX форма факторы процессорлар үшін келесі жалғағыштарды қолдайды:

- AMD процессорларына арналған Socket 7 немесе Socket A;
- Intel Celeron және Pentium III процессорларына арналған PPGA жәнеFCPGA нұсқалы Socket 370;
- Pentium 4 үшінSocket 423.

flex-ATX тақталары ATX стандартты тақтасымен кері үйлесімді, себебі монтаждаусанылауларының бірыңғай орналасуын, сондай-ақ кіріс-шығыс және қуат беру жалғағыштарының бірдей сипаттамасын пайдаланады.

2003 ж. ВТХ жаңа стандартты анонсталды, атап айтқанда ол компьютердің жүйелік блогын суыту тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл ауыстыру компьютердің компоненттері, ең алдымен процессорлар бөлетін жылудың үлкен мөлшерімен байланысты. 2006 жылы қыркүйекте Intel ВТХ стандартын қолдаудан, атап айтқанда процессорлар мен ДК басқа компоненттерінен жылуды бөлуді төмендетудің тұрақты үрдісінен бас тартты.

2011ж. жағдай бойынша ATX форма факторы мен оның туындылары айтарлықтай ауқымды болып қалуда және жақын арада оны ауыстыру жоспарланбаған.

9.2. ЖҮЙЕЛІК ЛОГИКАНЫҢ МИКРОСЫЗБАЛАРЫ

Жүйелік тақтаның негізі – жүйелік логика немесе чипсеттің жиынтығы деп аталатын негізгі микросызбалар жинағы. Жүйелік тақта құрылған чипсеттің типі компьютерді құрайтын жинақтаушы құрылғылардың типі

мен санын, сонымен қатар оның ықтимал мүмкіндіктерін толығымен және тұтастай анықтайды.

Микросызбалардың бірдей жинағы кез келген бар екітақтафункциясы жағынан ұқсас.

Жүйелік логика микросызбаларының жинағы төмендегі негізгі компоненттерді қамтиды:

- процессор шинасының интерфейсі;
- жады бақылағыштары;
- шина бақылағыштары;
- кіру-шығу бақылағыштары.

Микросызбалардың жинағы компьютердің әр түрлі компоненттерімен жалғастырылады. Процессор микросызбалардың жинағының көмегінсіз жадымен, адаптер тақталарымен және түрлі құрылғылармен өзара әрекеттесе алмайды.

Микросызбалардың жинағы пайдаланылатын процессордың типі мен тез әрекеттігін, шинаның жұмыс жиілігін, жылдамдығы мен жады типі мен көлемін анықтайды, сол себепті микросызбалардың жинағы жүйенің маңызды компоненттерінің қатарына жатады.

Intel компаниясының жүйелік логикасының микросызбалары.

1989 ж. бастап Intel типтік жүйелік тақтаның компоненттерінің шамамен 90% құрайтын жүйелік логиканың микросызбалар жинағын жасай бастады. 1993 ж. Intel алғашқы Pentium процессорымен біруақытта, 430LX жүйелік логика микросызбаларының жинағын, сонымен қатар толығымен аяқталған жүйелік тақтаны ұсынды.

1994 ж. қарай Intel процессорлар мен микросызбалар жинақтарының нарығында ғана үстемдік етіп қана қоймай, жүйелік тақталар нарығында монополист болды. Қазір Intel жүйелік логика мен жүйелік тақталар микросызбалары жинағын біруақытта құру және процессорларды даярлаумен бір уақытта айналысуды жалғастыруда, яғни жаңа өнімді ұсыну және шығару шамамен біруақытта өтеді, бұл жаңа жүйені кідіріссіз пайдалану мүмкіндігін білдіреді.

Intel микросызбалар жинағын құруда сәулеттің екі әр түрлі типі пайдаланылады:

- North/South Bridge;
- 800 сериялы жүйелік логика микросызбаларының соңғы барлық жинақтарында пайдаланылатын hub-сәулеті.

Қазіргі уақытта жетекшілік позицияларды Intel 965 Express чипсеттерінің тобын ресми түрде қолдайтын Core 2 Duo/Extreme процессорлары алады. Intel 965 Express чипсеттерінің орнына мүмкін Intel 3x чипсеттері келер (ол Bearlake кодты белгілеуімен танымал). Intel мықты бәсекелесі NVIDIA компаниясы болып табылады. Қазіргі таңда

топ-класты (nForce 680i SLI және 680i LT SLI), сонымен қатар орта санатты (nForce 650i SLI және 650i Ultra) қамтитын NVIDIA nForce чипсеттерінің 600-сериясы болып табылады.

Intel процессорлары үшін чипсеттер нарығындағы басқа қатысушыларға келер болсақ (VIA және SiS компаниялары) жақында ғана айтарлықтай белгілі орын алғандар бүгінгі таңда орташа орынды иеленген.

AMD компаниясының жүйелік логикасының микросызбалары. Athlon/Duron процессорларын дайындаған соң, AMD компаниясы өзінің микросызбалар жинағын және оның базасындағы процессорларға арналған жүйелік тақталардың өзіндік жинағын әзірледі.

Бұл микросызбалар жинағы AMD 750 (Irongate кодтық атауы) атауын алды және Slot A жалғағыштарына арналған процессорларды қолдайды. AMD 750 келесі микросызбалардан тұрады:

- 751 – System Controller (North Bridge компоненті);
- 756 – Peripheral Bus Controller (South Bridge компоненті).

AMD компаниясынан басқа микросызбалар жинағын және AMD процессорлары үшін жүйелік тақталарды құрумен басқа да компаниялар айналысады.

Егер Intel процессорлары үшін чипсеттер нарығында қос билік болса, ал AMD процессорларының чипсеттері үшін жағдай жеңілдеу – NVIDIA өнімінің үстемдігі қазіргі уақытта даусыз.

Жоғары немесе орта класты NVIDIA чипсеттері nForce (nForce 680a SLI, 590 SLI және nForce 570 SLI, 570 LT SLI, 570 Ultra, 560, 550, 520 сәйкесінше) 600 және 500 серияларында ұсынылған, ал төменгі бюджетті класта 6100/6150 және nForce 520 LE дискретті біріктірілген чипсеттері үстемдік етеді.

VIA және SiS компаниялары нарықтағы қандай да бір көрінетін рөлді алуға ұмтылмайды.

Бүгінгі таңда AMD компаниясы ATI сатып алған соң, жүйелік логиканы әзірлеумен айналысатын жеткілікті күрделі бөлімшені қарамағына алды, сондықтан AMD командасы көшбасшылыққа шығу үшін көп күш салады.

Осы жолдағы бірінші қадамдардың бірі AMD 690G/690V біріктірілген графикасы (видеоядро Radeon X1250 аппараттық қолдауымен DirectX 9.0) бар чипсеттерді шығару болып табылды, олар Radeon Xpress 1150 мобильді чипсетінің баламасы болып табылады. AMD 690G біргей ерекшеліктерінің бірі HDMI, DVI және VGA тәуелсіз шығыстары арқылы видеосигналды шығару болып табылады, онда AMD 690V оңайлатылған ретінде тек аналогты VGA видеоинтерфейсі арқылы ғана пайдаланылады.

North/South Bridge әулеті. North Bridge кейде PAC (PCI/AGP

Controller) бақылағышы деп аталады. Бұл жүйелік тақтаның негізгі компоненті. North Bridge – жүйелік тақтаның (процессор шинасына) толық жиілігінде жұмыс істейтін сызба.

North Bridge FSB шинасы бойынша және South Bridge оперативтіжадымен, видеокартамен процессормен арадағы өзара байланысты (AGP немесе PCI Express интерфейстері) қамтамасыз етеді.

Кейбір North Bridge AGP немесе PCI Express ішкі интерфейсін пайдаланатын графикалық ядроны қамтиды – бұндай чипсеттер біріктірілген деп аталады. North Bridge микросызбаларының қазіргі жинақтарында бір кристалды микросызба болып табылады; North Bridge ерте нұсқаларында бірнеше жеке микросызбалардан (үшеуге дейін) құрастырылды.

South Bridge – North Bridge қарағанда шапшаңдығы аздау жүйелік логиканың төмен тез әрекеттігі бар сызба. South Bridge үнемі жеке микросызбада болған және жүйелік логиканың микросызбаларының түрлі жиынтықтарында пайдаланыла алады. South Bridge PCI шинасына қосылады. Сонымен қатар, әдетте ол IDE қатты дискінің бақылаушысының интерфейсі мен USB интерфейсін жүзеге асырушы екі сызбадан, сонымен қатар CMOS жадысының және сағаттардың функцияларын жүзеге асыратын сызбалардан тұрады.

North/South Bridge сәулетінде North Bridge және South Bridge сызбаларынан басқа үшінші компонентте бар: ол жүйелік тақтаға қондырылған барлық стандартты перифериялық құрылғылардан қамтуы мүмкін: параллель порт, екі кезектес порт, икемді дисктерді бақылағыштар, пернетақта интерфейсін /тышқан.

Архитектурасында схемалардан басқа үшінші компонент те бар: жүйелік платаға қосылған барлық стандартты интерфейсстерден тұратын Super I/O микросхемасы: параллель порт, екі кезектес порт, икемді дисктерді қадағалауыштар, перне тақта/тышқан интерфейсін

Super I/O микросызбасы қосымша компоненттерден тұруы мүмкін: CMOS RAM/Clock, IDE бақылағыштары, ойын портының интерфейсін.

ШЕЕ-1394 және SCSI порттарынан тұратын жүйелер осы типті порттар үшін жеке микросызбалардан тұрады.

Hub-сәулет. North/South Bridge сәулетінде компоненттер PCI шинасы арқылы қосылады. Жиынтықтың микросызбаларының 800 сериясында компоненттер ерекшеленген hub-интерфейс көмегімен орындалады, оның жылдамдығы PCI шиналарының жылдамдықтарынан екі есеге артық. Осындай қосылыс hub-сәулетін құруға алып келді, онда North Bridge компоненті Memory Controller Hub (MCH), ал South Bridge компоненті – I/O Controller Hub (ICH) атауын алды.

Hub-сәулет North/South Bridge дәстүрлі құрылымына қарағанда, белгілі

бір артықшылықтарға ие.

1. Күшейтілген өткізгіштік қабілеті. Hub-интерфейс 8-разрядты интерфейсден тұрады 4X (төрт тактілі) 66 МГц (4*66*1 байт = 264 Мбайт/с) тактілі жиілігі бар, PCI-ке қатысты екі еселенген (32-разрядты шина, 33 МГц жиілігінде жұмыс істейді) өткізгіштік мүмкіндігі (33*4 байт =132 Мбайт/с).

2. PCI азайтылған жүктемесі. Бұл PCI шинасына біріктірілген топтық операцияларды орындау кезінде басқа да құрылғылардың тиімділігін арттырады.

3. Монтаждау сызбасын азайту. hub-интерфейс жүйелік платасына қосу үшін 15 белгі талап етіледі, ал PCI шинасы осындай операцияны орындау үшін кем дегенде 64 сигналды талап етеді, ол электромагнитті кедергілерді генерациялаудың артуына, сигналдың нашарлауына, «шудың» пайда болуына алып келеді. hub-интерфейс 8-разрядты интерфейсден тұратындықтан, ол аз шығыстар санына ие, бұл тақтаны бағыттаудың барынша жеңілдетілген сызбасы туралы айтады, тақтаның өлшемін және оның өзіндік құнын да азайтады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жүйелік тақтаның форма факторы деген не?
2. ATX сипаттамасы нені анықтайды?
3. ATX тобының жүйелік тақтасындының қандай форма факторлары бар?
4. ATX тобының жүйелік тақтасының форма-факторларының айырмашылығы неде?
5. Чипсет деген не?
6. Жүйелік логиканың микросызбалар жинағына қандай негізгі компоненттер кіреді?
7. Микросызбалар жинағын құруда Intel сәулеттің қандай типтерін пайдаланады?
8. North/South Bridge сәулеті нені қамтиды?
9. Hub-сәулеті нені қамтиды?
10. Intel-ге кірмейтін фирмалар микросызбалардың қандай жинақтарын шығарады?

II БӨЛІМ

ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ

10 тарау. Есептеу жүйелерінің сәулеті
11 тарау. Параллель есептеу жүйелері

ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ АРХИТЕКТУРАСЫ

10.1. ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Фон-неймандықсәудетті ЭЕМ негізін құрайтын принциптер төмендегілер болып табылады:

- бағдарламаны орындауды бағдарламалық басқару принципі;
- бағдарлама жадында сақталатын принцип.

Бұл принциптерді командалар есептегіші пайдаланған, яғни келесі орындалатын команданы негізге ала отырып, есептеледі. Сондықтан командалар есептегіш олардың ретті талдау, орындауға түсетін командалар ағынын шектейтін тежегіш болып табылады.

Есептеу жүйесінің баламалы сәулеті біруақытта бірден артықкомандаға жол беретін фон-неймандық сәулет болып табылмайды. Бұл ретте командалар есептеуіш керек емес. Командаларды орындау тәртібі олардың әрқайсысын орындау үшін бастапқы ақпараттың болуымен анықталады. Егер бірнеше командаорындалуға дайын болса, онда бо процессорлар немесе ЭЕМ осындай санын орындау үшін оларды түбегейлі тағайындау мүмкін. Мұндай есептеу жүйелері деректер ағымымен басқарылады. Бірнеше процессорлар немесе ЭЕМ параллельді жұмысы туралы айтуға болады. Параллельді сәулет көптеген жеке процессорлар немесе ЭЕМ біріктіретін көппроцессорлы жүйелер мен желілерді құруды көздейді.

Параллель сәулеті бар есептеу жүйесінің классикалық принципін баяндайық. Жадыда келесі құрылымды командаларға орын беріледі:

{операция коды; операнда 1;...; операндан; нәтиже адресі 1;...;
нәтиже адресіm}

Нәтижелерадресі операцияны орындау нәтижесін беретін, процессорлар немесе ЭЕМ адрестері болып табылды. Операндалар ретінде осы нәтижелер басқа командалардың мәтініне түсуі мүмкін. Егер оның мәтінінде кем дегенде бір операнда болмаса, онда команда орындалуға дайын емес. Барлық операндаларды толтырғаннан кейін командалар операция коды мен басқа қажетті ақпараты бар ақпараттық пакет (токен) түрінде желіге келіп түседі. Токен операция орындалатын

бос орындаушы құрылғылардың біріне желі бойынша түседі. Операцияның орындалуының аяқталуы бойынша желіге есептеу нәтижесі мен тағайындау адресі бар нәтижелі пакетті береді. Осылайша, жана ұяшықтарды белсенділендіру мүмкіндігі туындайды. Токен операнда желісіне берілгеннен кейін командалар мәтінінде тазартылады, егер бұл қажет болса циклдегі командаларды қайта орындауды қамтамасыз етеді.

Ақпаратты параллель өндеу принциптері есептеу жүйелерінде кеңінен пайдаланылады.

Есептеу жүйесі (ЕЖ) – есептеу техникасы құралдарының өзара байланысты жиынтығы, олар келесі компоненттерден тұрады:

- процессорлар (кемінде екеу);
- басқару жүйесі;
- жады;
- перифериялық құрылғылар;
- бағдарламалық қамсыздандыру.

ЕЖ элементтері ретінде жекелеген ЭЕМ, процессорлар мен перифериялық жабдық болады. Пайдаланылуына әр құрамдастың құрамына қарай есептеу жүйелерінің әртүрлі сәулеті бар.

ЕЖ сәулеті – функционалды-логикалық және жүйенің құрылымдық ұйымдастырылуын анықтайтын, сипаттамалар мен параметрлерінің жиынтығы.

ЕЖ құру негізіне келесі принциптер жатыр:

- модульдығы;
- бірегейлік және стандарттау;
- аппараттық, бағдарламалық және ақпараттық үйлесімділік;
- процестердің басқарылуын ұйымдастырудағы иерархия;
- әртүрлі режимдерге баптау;
- баптауларды өзгертудегі жүйелердің икемділігі;
- есептеулерді орындаудағы пайдаланушыларға арналған сервис.

Есептеу жүйелерін жіктеуде әртүрлі белгілер қолданылады:

- ЕЖ мақсаты бойынша әмбебап (сан-алуан тапсырмаларды шешу үшін) және мамандандырылған жүйелер (аумағы тар тапсырмаларды шешу үшін) болып бөлінеді.

- ЭЕМ немесе процессорлар типі мен саны бойынша – көпмашиналы және көппроцессорлыға;

- жүйенің элементтерін басқару әдістері бойынша – орталықтандырылған, жекеленген, аралас басқарумен.

Екі ЭЕМ тұратын көпмашиналы есептеу жүйесін (КМЕ) қарастырайық.

Оларды пайдаланудың екі нұсқасы мүмкін:

- екі машина бір тапсырманы шешеді және нәтижелерді қайта-

қайта салыстырады. Осылайша жоғары нақтылық режимі қамтамасыз етіледі, есептеу нәтижесінде қателердің болу ықтималдығы жойылады.

■ екі машина параллель жұмыс істейді, бірақ тапсырмалардың ағынын өңдейді. Машиналар арасында ақпарат алмасу мүмкіндігі сақталады.

Осы КМЖ негізгі қиындықтары ЕЖ ЭЕМ арасындағы байланысты ұйымдастыру және ЕЖ ЭЕМ арасында ақпаратты алмастыруды ұйымдастыруда жатыр.

